


ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2012

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ





Қазақстанның экспорттық және транзиттік әлеуетін дамыту мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Қолданыстағы экспорттық құбыр тасымалдау жүйесінің жаңасын салу және кеңейту бойынша жұмыс өзекті болып табылады.

Еуропа нарықтары орта мерзімді келешекте тұтынудың тұрақты деңгейі арқасында қазақстандық мұнайды экспорттаудың тартымды бағыттары болып табылады.

Сондай-ақ, Қытай қазақстандық энергоресурстарды жеткізуге негізгі мақсатты нарықтардың бірі болып табылады.

Экспорттық әлеуетті дамытумен қатар, маңызды мемлекеттік міндет республиканың ішкі нарығын мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету болып табылады.

ЖАҚСЫ НИЕТ – ЖАРЫМ ЫРЫС!



«ҚазТрансОйл» АҚ 15 жылдық мерейтой жылы маңызды және ауқымды мемлекеттік жоба – «Халықтық IPO» бағдарламасымен есте қалды.

«Халықтық IPO» бағдарламасы аясында «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын Қазақстандық қор биржасында орналастыру нәтижелері күткендегіден асып түсті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Стратегия -2050» Қазақстан халқына жолдауында: – «Бұл – ең алдымен ұлттық байлықтың халықтың қолына таратылып берілуі. «ҚазТрансОйл» компаниясы тарапынан 28 миллиард теңгені орналастыру туралы хабарланды және қазірдің өзінде тапсырыстар ұсыныстан екі есе асып кетті» деп атап айтты.

«Халықтық IPO» бағдарламасын жүзеге асыру Қазақстанда дара инвесторлардың жаңа тобын қалыптастыру үдерісін бастау үшін берік негіз қалауға, Қазақстан азаматтарына ұлттық компаниялардың тең иесі болуға, Қазақстанда бағалы қағаздар нарығының одан әрі дамуына қосымша септестік жасауға мүмкіндік берді.

Бағарламаға қатысу үшін компанияларды таңдауға ерекше көңіл бөлінгенін атап айту керек.

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы елімізде өндірілетін барлық мұнайдың 59%-ын экспортқа және ішкі нарыққа тасымалдайтын Қазақстанның аса ірі мұнай тамалдаушы компаниясы.

«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын Қазақстан қор биржасында ойдағыдай орналастыру біздің азаматтарымыздың отандық экономикаға инвестиция салуға сенімін қалыптастырды. Мыңдаған қарапайым қазақстандықтар инвестициялық тартымдылығы жоғары аса ірі мемлекеттік кәсіпорынның акцияларына иелік ету бірегей мүмкіндігін алды.

38 463 559

акция

KASE-ге орналастырылды

Компания акцияларын сатып алды:

33 989 10

халықтық
акционерлер

жинақтаушы
зейнетақы қоры

Акциялар бағасы

15%*

-ға өсті

* жабылу бағасы 30.04.2013

Акционерлер дивидендтері

таза табыстың

40%

-ынан кем емес


Барлық орналастырылған акцияны жиынтық бөлу, %

90%

«ҚазМұнайГаз»ҰК

0,05%

Маркет-мейкер



2,04%

ЖЗҚ

7,91%

Жеке тұлғалар



ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП 2012
«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ

2

МАЗМҰНЫ

6 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Құрылу тарихы
Қызметі, пайымы, стратегиялық мақсаты
«ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің негізгі түрлері
Нақты терминологияны қолдану
Дамудың негізгі кезеңдері
2012 жылғы негізгі оқиғалар
Құнды қағаздар туралы ақпарат
«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымы, еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдар
Өндірістік активтер құрылымы
Тарифтік саясат
Негізгі нарықтар

16 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Жыл қорытындысы бойынша қызметтің негізгі, сондай-ақ соңғы үш жылдың серпінді нәтижелері
Мұнай тасымалдау және су беру
Сырт ұйымдарға тиесілі магистральды мұнай құбырларын пайдалану және техникалық күтім көрсету бойынша қызмет
Дамуға инвестициялар
Өндірістік бақылау
Еңбек қорғау
Қоршаған ортаны қорғау
Өрт қауіпсіздігі
Магистральды мұнай құбырларын қорғау
Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі
Ақпараттық технологиялар
Инновациялық – технологиялық даму
Ықпалдастырылған менеджмент жүйесі
Тәуекелдерді басқару жүйесі және ішкі бақылау жүйесі
Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алулардағы жергілікті қамту бойынша ақпарат

26 ТОПТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖӘНЕ КАДР ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

Топтық әлеуметтік жауапкершілік
Кадр саясаты, кадр әлеуетін дамыту

30 ТОПТЫҚ БАСҚАРУ

Топтық басқару органдары

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен өзара қарым-қатынас

Еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдармен өзара іс-әрекет

Директорлар кеңесі және Қоғам Басқармасы туралы ақпарат

Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелерін іріктеу шарттары, сондай-ақ олардың тәуелсіздігін белгілеу

40 ҚАРЖЫ ЕРЕЖЕСІН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

56 ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп

Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

Шоғырландырылған қаржы есептілігіне ескертулер

110 «ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2012 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

132 АКЦИОНЕРЛЕР ҮШІН АҚПАРАТ

4

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ



Мен Сіздермен «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының жылдық есебінің парақтарында жүздесіп отырғаныма қуаныштымын.

Бұл құжат біздің еліміздің ірі мұнай құбыры компаниясының қызметі туралы жария есебі болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ – мұнай тасымалдау жүйесінің көп векторлық стратегиясын практика жүзінде іске асыруда маңызды кезеңі болған соңғы жылдары өндірістік қызмет айналымын екі есе арттырған, ауқымды жобаларды іске асырған Қазақстанның магистральды мұнай құбырының ұлттық операторы. Компания еліміздің барлық мұнай өңдеу зауыттарына шикізат тасымалдайды, 70-тен аса ірі мұнай өңдеу компаниялары үшін магистральды мұнай құбырының ұлттық операторы болып табылады және Қазақстанда өндірілетін мұнайдың жалпы көлемінің 59%-ын тасымалдайды. Кәсіпорынның қаржы-экономикалық көрсеткіштерінің өсуі арқасында – еліміздің ірі салық төлеушілерінің бірі. Соңғы төрт жыл бойы «ҚазТрансОйл» АҚ 68 млрд. теңгеден артық сомада салық төлеген.

Қазақстанның бас мұнай құбыры компаниясының мәртебесі мен еліміздің экономикасы үшін жалпы және атап айтқанда, ұлттық мұнай-газ саласындағы маңызды ролі үшін «ҚазТрансОйл» АҚ «Халықтық IPO» Бағдарламасына қатысушы ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ ірі компанияларының тобынан қор нарығына бірінші болып шығуын анықтауда негізгі факторлары болды. Бағдарламаның ойдағыдай бастамасының нәтижесінде еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына өзінің «Қазақстан - 2050» стратегиясы Жолдауында «Бұл жолдағы алғашқы қадам «Халықтық IPO» бағдарламасының сәтті басталуы болды.

«Халықтық IPO» Бағдарламасы шынымен халықтыкі болды, құнды қағаздарды негізінен қатардағы азаматтар сатып алды. Мұндай ауқымды шарада бірінші болу секілді жоғары құрметтен басқа, бұл - Бағдарлама жетістігі үшін, біздің еліміздің – акционерлері-азаматтарының сенімі үшін айрықша жауапкершілік. Және де «ҚазТрансОйл» АҚ өз міндетін ойдағыдай орындап шықты.

Мен компанияның барлық қызметкерлеріне олардың жан аямай жұмыс істеп жүргендері үшін ризашылық және шын жүректен алғыс білдіремін. Жеткен жетістіктер өзінен өзі көрініп тұр және бұл келешекке сеніммен қарауға барлық негіздемелердің бар екендігін көрсетеді.

Құрметпен,

**Шманов
Нұртас Нұрибекұлы**

«ҚазТрансОйл» АҚ
Директорлар Кеңесінің төрағасы

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ (БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ) СӨЗІ



Құрметті «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлері!

Өткен жылы біздің компаниямызға 15 жыл толды. Бұл торқалы жыл компания үшін ғана емес, сонымен бірге барлық Қазақстан үшін ерекше мәні бар және маңызды оқиғаларға толы болды. Бірінші кезекте – бұл «ҚазТрансОйл» АҚ-тың «Халықтық IPO» Бағдарламасына ойдағыдай қатысуы.

Біздің компаниямызға осы жобаның іске асырылуы үшін пионер болуына ерекше сенім тапсырылды және біз оны абыроймен орындап шықтық. «Халықтық IPO» Бағдарламасы аясында «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстандық қор биржасында 38 463 559 жай акцияларын орналастырды, ал акцияларға сұраным орналыстыру сомасын екі есеге арттырды. Орналастыру нәтижесінде еліміздің 33 989 азаматы және сәлемшылары 8 миллионнан аса қазақстандықтары бар 10 жинақтаушы зейнетақы қоры компания акционерлері болды.

Тағы бір халықтық мәртебенің және IPO-ның сәтті аяқталуының жоғары бағалануының куәсі ретінде «ҚазТрансОйл» АҚ-қа бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз-2012» республикалық байқауының Бас жүлдесін Қазақстан Республикасы Президентінің табыс етуі болды. Бүгінгі күні «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының ірі мұнай тасымалдаушы кәсіпорны болып табылатындығын ерешке мақтанышпен атап айтқым келеді. Өндірістік бағдарламаны орындау және шығындарды бақылау бойынша қабылданған шаралар 2012 жылы негізгі қызметтен 143 млрд. 061 млн. теңге мөлшерінде шоғарландырылған кіріс алуға мүмкіндік берді, бұл 2011 жылғы жоспардан 4,8%-ға жоғары және 2011 жылғы көрсеткіштен 1,8%-ға артық. Бұл кезде, «ҚазТрансОйл» АҚ шоғырландырылған таза табысы 33 млрд. 501 млн. теңгені құрады, бұл 2011 жылғы жоспардан 30%-ға жоғары және 2011 жылғы нәтижеден 29,1%-ға артық.

Бытырғы жылдың маңызды оқиғаларының бірі «ҚазТрансОйл» АҚ магистральды мұнай құбыры бойынша Қазақстанның ұлттық операторы мәртебесін алуы болды. Жаңа жағдайға байланысты, компания таңдалған стратегиялық курс жолын сеніммен алып келе жатыр. Басымды міндеттердің қатарында – Қазақстандағы магистральды мұнай құбыры жүйесін дамыту, олардың тиімді, сенімді және қауіпсіздік пайдаланылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ біздің еліміздің мүдделері мен сыртқы және ішкі нарықтарға мұнай құбырлары арқылы өнімдерді тасымалдау кезінде басқа қатысушыларды да қамтамасыз ету.

Алдағы кезеңде «ҚазТрансОйл» АҚ алдында жаңа мақсаттар мен міндеттер тұр. Біз компанияның нарықтық құнын бірінші кезекте, мұнай тасымалдау және жүк айналымы, су беру көлемін арттыруды қамтамасыз ету арқылы өсіруге ұмтылудамыз. Тиімді инвестициялық саясат және ойланып жасалған қаржы стратегиясы компанияның қаржы тұрақтылығын ұзақ мерзімді кезеңде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің негізгі басымдықтары бастапқыдай болып қалады: бұл экологиялық заңнаманы шартсыз орындау және қауіпсіздік пен еңбек қорғау жөніндегі талаптарды сақтау, өз қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және нығайту, компанияның кадр әлеуетін дамыту. Компания акционерлері біздің Дивидендік саясатта бекітілген міндеттемелерді қатал орындайтынымызды, барлық акционерлердің құқығын және мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететіндігімізге сенімді бола алады. 2012 жылды қорытындылай отырып, осындай маңызды жобаларды және міндеттерді ойдағыдай іске асыру тек жоғары кәсіби біліктілігі мен топтық рухы мықты компанияның көп мыңдаған барлық ұжымы арқасында іске асырылғандығын атап өткім келеді. Ортақ іс абыройы үшін командада жұмыс істей білу «ҚазТрансОйл» АҚ-тың әрқашанғы айқын сипаты болып табылады.

Құрметпен,

**Қабылдин
Қайыргелді Мақсұтұлы**

«ҚазТрансОйл» АҚ
Бас директоры
(Басқарма төрағасы)



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
2012

01

КОМПАНИЯ
ТУРАЛЫ



8

ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

Мұнай тасымалдау, мұнай және мұнай өнімдерінің экспорты мен импорты мәселелерінде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі №461 қаулысымен мемлекет жарғылық қорына 100 пайыз қатысатын «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы («ҚазТрансОйл» МТҰК» ЖАҚ) құрылды.

2001 жылы «ҚазТрансОйл» МТҰК» ЖАҚ («ҚазТрансОйл» ЖАҚ болып қайта аталды) акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 мамырдағы №591 қаулысына сәйкес құрылған «Мұнай және Газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамының жарғылық қорына берілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығымен «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» мен «Мұнай және Газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдарының қосылу жолымен қайта құрылуы негізінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды, ол «ҚазТрансОйл» ЖАҚ-тың бірден-бір акционері болды. 2004 жылғы 31 мамырда «ҚазТрансОйл» ЖАҚ «ҚазТрансОйл» АҚ болып қайта аталды.

2012 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстандық қор биржасында «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру аясында орналастырылған «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын екінші қайтара сату басталды.



ҚЫЗМЕТІ, ПАЙЫМЫ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ стратегиялық мақсаты – компанияның нарықтық құнын (қор жинауын) көбейту және магистральды мұнай құбырлары жүйесімен мұнай тасымалдау саласында мемлекеттің стратегиялық мүдделерін сақтау

Қызметі:

«ҚазТрансОйл» АҚ реттелетін қызметтеріне тұтынушылар қол жеткізуінің тең жағдайын қамтамасыз ете отырып, магистральды мұнай құбырлары жүйесімен мұнай тасымалдау бойынша сапалы, уақтылы, тиімді және бәсекеге қабілетті қызметтер көрсету арқылы Қазақстан Республикасы үшін мейлінше пайданы қамтамасыз ету.

Пайымы:

«ҚазТрансОйл» АҚ – өндірістік қызмет қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету саласында аса үздік тәжірибеге сәйкес келетін замануи, әртараптандырылған мұнай құбыры жүйесімен мұнай тасымалдау бойынша қызметтердің кең ауқымын көрсететін жария, бәсекеге қабілетті және серпінді дамып отырған компания.

«ҚазТрансОйл» АҚ саладағы көшбасшы орнын ұстап тұруға әрі Қазақстан Республикасында және одан тысқары аса ірі мұнай тасымалдау жобаларына қатыса отырып, Қазақстан Республикасының мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық операторы болуға ұмтылады. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың шартсыз басымдықтары болып табылады: «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау.

Стратегиялық мақсаты

«ҚазТрансОйл» АҚ нарықтық құнын (қор жинауын) көбейту және мынадай міндеттерді іске асыру арқылы магистральды мұнай құбырлары жүйесімен мұнай тасымалдау саласында мемлекеттің стратегиялық мүдделерін сақтау:

- мұнай тасымалы және жүк айналымы, су беру көлемін ұлғайту және бәсекеге қабілетті, сенімді және қауіпсіз қызметтер көрсету;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың және оның еншілес, бірлескен-бақылаудағы ұйымдарының қызметі тиімділігінің тұрақты өсімі және шығындарын оңтайландыру;
- тиімді инвестициялық саясат және аса ірі мұнай тасымалдау жобаларына қатысу;
- тұрақты ақша ағынын қолдауға бағытталған ойластырылған қаржылық стратегия;
- топтық басқару, тәуекелдерді, адам ресурстарын басқару, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қорғау, өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласында жоғары стандарттарды ұстап тұру.



«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ:

- магистральды құбырлар жүйесімен мұнай (айдау, ауыстырып құю, қотару, сақтау, араластыру) және мұнай өнімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсету;
- жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу;
- көмірсутегі шикізатын өткізу және оның өнімдерін өңдеу нарығындағы маркетингтік зерттеулер жүргізу;
- «ҚазТрансОйл» АҚ қызметкерлерін кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде құбыр жүйесін жобалау, қаржыландыру, құрылысы, иелену және пайдалануды, сұйық көмірсутегі шикізатын сақтау, тасымалдауды жүзеге асыратын басқа көлік түрлеріне тиеу және ауыстырып құю бойынша нысандарды қосқанда жүзеге асыру;
- сырт ұйымдарға тиесілі магистральды мұнай құбырларын пайдалану және техникалық күтім көрсету бойынша қызметтерді жүзеге асыру;
- басқа мемлекеттердің құбыры жүйелері (бірыңғай маршруттау бойынша операторлық қызмет) қазақстан мұнайын тасымалдау және транзитін ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасы тұтынушылары үшін бөлу құбырларымен табиғи газды тасымалдау бойынша қызметтер көрсету;
- электр энергиясын беру және бөлу бойынша қызметтер көрсету;
- жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу бойынша қызметтер көрсету;
- магистральды құбырмен су беру бойынша қызметтер көрсету;
- бөлу желілері бойынша су беру бойынша қызметтер көрсету;
- ағынды суларды бұру бойынша қызметтер көрсету;
- ғылыми-техникалық және өндіріс-шаруашылық қызметін жүзеге асыру;
- ішкі экономикалық қызметін жүзеге асыру;
- ұсынылатын қызметтермен технологиялық немесе тығыз байланыстағы сонымен бірге, Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылатын басқа қызмет түрлері.

10

ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ



Құрылған кезден бастап өткен кезеңдерде Компанияның негізгі күші Қазақстан мұнай құбырлары жүйесін дамытуға және біріктіруге, мұнай тасымалдау және ауыстырып құю бойынша бар және жаңа қуатты құрылыстың сенімділігін арттыруға, бәсекеге қабілетті қызметтерді көбейтуге, сондай-ақ транзиттік мемлекеттер аумағы бойынша мұнай тасымалдауды қамтамасыз ету үшін қажетті келісілген база құруға бағытталған. «KazTransOil» АҚ магистральды мұнай құбырлары жүйесінің 1000 шақырымнан астамы ауыстырылды, 60%-ға сұйыққойма паркі жаңартылды.

Ақтау кемежайы мұнай терминалдарының мұнай құю/қотару үшін 4 темір жол эстакадалары салынды/қайта құрылды және қуаты арттырылды. Әлібекмола-Кеңқияқ және Солтүстік Бозащы – Қаражамбас мұнай құбырлары пайдалануға берілді. Өзен-Атырау-Самара магистральды мұнай құбыры Атырау-Самара учаскесінің өткізу қабілеттілігі арттырылды. Қолданыстағы және жаңа мұнай айдау стансалары қайта құрылды, салынды. Туймазы-Омбы-Новосибирск-2 магистральды мұнай құбыры қазақстандық учаскесінің меншіктік құқығы болып тіркелді. Компанияның нысандарында SCADA автоматты басқару жүйесі енгізілді.

2001 жылы ҚҚҚ Теңіз-Новороссийск магистральды мұнай құбыры пайдалануға берілді. Компания, ҚҚҚ мұнай құбырына жүк жөнелтушілердің кіруін қамтамасыз ету мақсатында «Атырау» мұнай айдау стансасын Өзен-Атырау, Кеңқияқ-Атырау, Мартыши-Атырау мұнай құбырлары және темір жол бойымен келіп түсетін көмірсутегі шикізатын ҚҚҚ жүйесінде ауыстырып құю үшін нысандарды қатарға енгізді.

2003 жылы Кеңқияқ – Атырау (МұнайТас) мұнай құбырын, Қазақстан-Қытай экспорттық жүйесі бөлігі ретінде 2006 жылы – Атасу-Алашаңқай мұнай құбырын (ҚҚҚ), ал 2009 жылы Кеңқияқ – Құмкөл (ҚҚҚ) мұнай құбыры пайдалануға берілді.

2008 жылы Компания BINL акциялар пакетін 100% сатып алу бойынша мәмілені аяқтады.

2011 жылы Ақтау зауыты базасындағы битум зауытына ұзындығы 11,3 шақырым және диаметрі 720 мм. болатын мұнай құбыры пайдалануға берілді.

Қазақстандық мұнай транзитін жүзеге асыратын Ресей, Украина, Белоруссия және Әзірбайжан мұнай тасымалдаушы компанияларымен берік серіктестік қарым-қатынастары орнатылған.

Мұнай компанияларымен (жүк жөнелтушілермен) тұрақты клиенттік база және сенімді келісім қатынастары орнатылған.

Мұнай тасымалдау саласында заңнамалық база және мемлекет тарапынан реттеу дамуда және жетілдірілуде.

Компанияға ірі халықаралық рейтингтік агенттіктердің несиелік рейтингілері берілген: FitchRatings BBB - (Тұрақты), Moody's Baa3 (Тұрақты), Standard&Poor's BBB - (Тұрақты).

Нақты терминологияны қолдану

Егер мәмәтіннен басқа мағынада болмаса, осы құжатта «Компания» немесе «KazTransOil» АҚ-қа барлық сілтемелер «KazTransOil» акционерлік қоғамына сілтемелер болып табылады, ал «Топқа» барлық сілтемелер Компанияға және оның шоғырландырылған еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарына сілтемелер болып табылады.

Төменде мәтін бойынша қолданылатын қысқартулар берілген:

ҚМГ - «KazMұнайГаз» АҚ ҰК;

ҚҚҚ - «Қазақстан - Қытай Құбыры» ЖШС;

МұнайТас - «МұнайТас» СБҚК АҚ;

BINL - «Batumi Industrial Holdings Limited» компаниясы;

ҚТО-Сервис - «KazTransOil-Сервис» АҚ;

ЕББҰ - «KazTransOil» АҚ еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдар;

КҚК - Каспий Құбыры Консорциумы;

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі.

2012 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

11

маусым
2012

Магистральды құбырды жобалау, салу, пайдалану, қорғау және жою кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін және магистральды құбырды тиімді, сенімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» Заңы қабылданды;

Компаниямен жарияланған Компанияның 2012 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша жалпы саны 384 635 600 дананы құрайтын жай акцияларын бөлшектеу және санын арттыру процедурасы аяқталды.

тамыз
2012

ҚМГ Компанияның Жалғыз акционері ретінде 2011 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады және 2011 жылға дивиденд

мөлшерін Компанияның жай бір акциясы -173,33 тенге есебінде бекітті. Дивидендтердің жиынтық сомасының төлемі 60 002 000 мың теңге көлемінде ҚМГ пайдасына жүргізілді.

қыркүйек
2012

2012 жылғы 21 қыркүйекте Компания ҚТО – Сервистің 100% акцияларын «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС-ға сату бойынша келісімді аяқтады.

қазан
2012

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қазандағы №1273 қаулысымен «ҚазТрансОйл» АҚ магистральды мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор болып ұйғарылды. Ұлттық оператор қызметі Қазақстан Республикасында магистральды мұнай құбырлары жүйесін дамытуға және олардың тиімді, сенімді және қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы №1376 қаулысымен «Халықтық IPO» Бағдарламасын іске асыру аясында Қазақстандық қор биржасына «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жарияланған жай акцияларын орналастыру құны, саны және құрылымы туралы «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі бекітілді. Осы қаулыға сай, орналастыру көлемі бір акция құны 725 теңге болатын 38 463 559 жай акцияны құрады.

қараша
2012

2012 жылғы 30 қарашада құрылысы үкіметтің тапсырмасы аясында салынған Жаңаөзен қаласы бағытында, еділ суын Астрахань-Маңғышылақ магистральды су

ағызғысымен беруді 15%-ға арттыру мақсатында ССС 667 км. жаңа су сорптау стансасы пайдалануға берілді,

желтоқсан
2012

2012 жылғы 1 желтоқсаннан бастап ТМРА-мен «ҚазТрансОйл» АҚ магистральды мұнай құбырлары жүйесімен мұнай айдау бойынша реттемелі қызметтерге мына көлемде: экспортқа ҚҚС-сыз 4 732,6 теңге/1000 тн*км, ішкі нарыққа ҚҚС-сыз 1 954,5 теңге/1000 тн*км жаңа тариф қолданысқа енгізілді;

жай акцияларын Қазақстан Республикасының 33 989 азаматы және 10 жинақтаушы зейнетақы қорлары сатып алды. Өтінімдер көлемі орналастыру көлемінен 2 есе артты;

2012 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстан қор биржасында «ҚазТрансОйл» АҚ жай акцияларын екінші нарықта ашық сатудың ресми рәсімі өткізілді. Жазылу барысында «ҚазТрансОйл» АҚ

2012 жылғы 25 желтоқсанда Астана қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «ҚазТрансОйл» АҚ-қа бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз-2012» республикалық байқауының Бас жүлдесін табыс етті.

12

ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың жарияланған акцияларының жалпы саны 384 635 600 (үш жүз сексен төрт миллион алты жүз отыз бес мың алты жүз) жай акцияларды құрады.


2012 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша 384 635 599 (үш жүз сексен төрт миллион алты жүз отыз бес мың бес жүз тоқсан тоғыз) жай акциялар орналастырылды және төленді, оның ішінде:

- 346 172 040 (үш жүз қырық алты миллион бір жүз жетпіс екі мың қырық) жай акциялар немесе шығарылған және орналастырылған акциялардың жалпы санының 90%-ы «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰК тиесілі,
- 38 463 559 (отыз сегіз миллион төрт жүз алпыс үш мың бес жүз елу тоғыз) жай акциялар немесе 10% минус бір акция Қазақстандық қор биржасында жазылу әдісі бойынша орналастырылды,
- 1 (бір) жай акция орналастырылмады.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҚҰРЫЛЫМЫ,

ЕНШІЛЕС, БІРЛЕСКЕН-БАҚЫЛАУДАҒЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҰЙЫМДАРЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымы¹



Қоғам құрамына төрт филиал кіреді: Батыс филиал (Атырау қ.), Шығыс филиал (Павлодар қ.), Ұжымдық пайдалану есептеу орталығы (Астана қ.), Ғылыми-техникалық орталық (Алматы қ.).

Қоғамның Ресей Федерациясында Мәскеу, Самара, Омбы қалаларында үш өкілдігі және Украинада Киев қаласында бір өкілдігі бар.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес, бірлескен-бақылаудағы және өзге де ұйымдары



¹ 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның құрылымы

ӨНДІРІСТІК АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның теңгерімінде мына өндірістік активтері болды:

Магистральды құбырлар:	
ұзындығы:	7 651,097 км
оның ішінде:	
магистральды мұнай құбырлары:	
ұзындығы:	5 502,997 км
магистральды суағызғылар:	
ұзындығы:	2 148,1 км
сұйыққойма парктері:	1 434,2 мың текше м.
оның ішінде:	
мұнайға арналған	1 279 мың текше м.
суға арналған	155,2 мың текше м.
мұнай айдау стансалары	37 д.
мұнай қыздыру стансалары/пункттері	7 д.
қыздыру пештері	64 д.
қотару-қюю аспақұярлықтары	4 д.
бас тазарту құрылыстары	1 д.
су сорап стансалары	4 д.
су тазарту құрылыстары	1 д.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚҚҚ теңгерімінде мына өндірістік активтері болды:

Магистральды құбырлар:	
магистральды мұнай құбырларының ұзындығы	1 759,25 км
мұнай айдау стансалары	2 д.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша МұнайТас теңгерімінде мына өндірістік активтері болды:

Магистральды құбырлар:	
магистральды мұнай құбырларының ұзындығы	448,85 км
сұйыққойма парктері	40 мың текше м.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша VINL компанияларының тобына кіретін Батуми мұнай терминалының теңгерімінде мына сұйыққоймалар қуаттылығы бар:

Терминалдың сұйыққойма қуаттылығы:	
оның ішінде:	
ашық түсті мұнай өнімдері бойынша	134,9 мың текше м.
қара түсті мұнай өнімдері бойынша	54 мың текше м.
мұнай бойынша	369,5 мың текше м.
сұйытылған газ бойынша	5 мың текше м.

14

ТАРИФ САЯСАТЫ

2012 жылы

Қоғамның реттелетін қызметтеріне белгіленген тәртіпте жаңа тарифтер бекітілді

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Компания табиғи монополиялардың мына салаларында Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі (бұдан әрі – ТМПА) төрағасының 2005 жылғы 24 қаңтардағы №16-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің Республикалық бөліміне енгізілген:

- мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральды құбырлармен тасымалдау қызметтері;
- электр энергиясын беру және (немесе) бөлу қызметтері.
- жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) жабдықтау қызметтері;
- су шаруашылығы және (немесе) кәріз жүйелерінің қызметтері;

Қоғам 53 реттелетін қызметті көрсетеді.

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне арналған тарифтер реттелетін қызметтер көрсету үшін қажетті шығындар құнынан төмен болмауға әрі субъектінің тиімді қызметін қамтамасыз ететін табыс алу мүмкіндігін ескеруге тиіс. Реттелетін қызметтерге тарифтерді уәкілетті мемлекеттік орган – ТМПА бекітеді.

Магистральды құбырлармен мұнай тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтерді есептеу әдістемесі ТМПА-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі №202 НҚ бұйрығымен бекітілген. Осы Әдістемеге сәйкес учаскелермен мұнай айдауға арналған тарифтер меншікті тариф, яғни 1 тонна мұнайды 1 000 км-ге айдауға арналған тариф негізінде есептеледі. Бұдан басқа, ТМПА-ның 2004 жылғы 5 шілдедегі №304-НҚ бұйрығымен Магистральды құбырлар арқылы мұнай тасымалдау қызметтерінің көрсетуші табиғи монополиялар субъектілерінің іске қосылған активтерінің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесін есептеу жөніндегі нұсқаулық бекітілді.

2012 жылы Қоғамның реттелетін мына қызметтеріне белгіленген тәртіпте жаңа тарифтер бекітілді:

1. «Түймазы-Омбы-Новосибирск-2» магистральды құбырының қазақстандық учаскесімен мұнай айдау қызметтеріне жеңілдетілген тәртіпте 1 тонна үшін 1000 км 1987,7 теңге көлемінде тариф 2012 жылғы 15 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді;
2. «КазТрансОйл» АҚ магистральды құбыр жүйесімен мұнай айдау бойынша қызметтерге тарифтер 2012 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді:
 - экспортқа ҚҚС-сыз 1 тонна 1000 км үшін 4 732,6 теңге;
 - ішкі нарыққа ҚҚС-сыз 1 тонна 1000 км үшін 1 954,5 теңге;

3. мына қызметтерге тарифтер 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді:

- «Прииртышск» МАС-қа бөлу желілерімен су беру бойынша ҚҚС-сыз 35,28 теңге/м³ көлемінде;
- ағынды суларды «Прииртышск» МАС-қа бұру бойынша ҚҚС-сыз 49,56 теңге/м³ көлемінде;

4. мына қызметтерге тарифтер 2013 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді:

жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу бойынша:

- халық үшін, бюджеттік және коммерциялық емес ұйымдар үшін, сондай-ақ халыққа коммуналдық қызмет көрсетуші кәсіпорындар үшін ҚҚС-сыз 1 853 теңге/Гкал көлемінде;
- өнеркәсіптік кәсіпорындар мен коммерциялық ұйымдар үшін ҚҚС-сыз 12 690,2 теңге/Гкал көлемінде;

Жылу энергиясын беру және бөлу бойынша ҚҚС-сыз – 472,81 теңге/Гкал көлемінде.



БАСТЫ НАРЫҚТАР

15

Қазақстанның экспорттық және транзиттік әлеуетін дамыту мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады

Каспий өңірінде көмірсетутегі шикізатының бай ресурстары орналасқан және энергия ресурстарының әлемдік нарығындағы жеткізуші ұстанымы тұрақты нығаюда.

Қазақстан Республикасы:

- мұнай өндіру көлемі бойынша ТМД елдерінің қатарында 2-орынды және әлемде 16-орынды алады,
- дәлелденген мұнай қорының көлемі бойынша әлемде 11-орынды иеленеді, Қазақстанның үш: Қашаған, Теңіз және Қарашығанақ кен орындары әлемдегі ірі кен орындарының қатарына енеді,
- каспий өңірінде көмірсетутегінің ірі өндірушісі болып табылады,
- Еуропа мен Қытайға мұнай тасымалдау үшін стратегиялық тиімді орналасқан ел.

Қазақстанның экспорттық және транзиттік әлеуетін дамыту мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Қолданыстағы экспорттық құбыр тасымалдау жүйесінің жаңасын салу және кеңейту бойынша жұмыс өзекті болып табылады.

Еуропа нарықтары орта мерзімді келешекте тұтынудың тұрақты деңгейі арқасында қазақстандық мұнайды экспорттаудың тартымды бағыттары болып табылады.

Сондай-ақ, Қытай қазақстандық энергоресурстарды жеткізуге негізгі мақсатты нарықтардың бірі болып табылады. Экспорттық әлеуетті дамытумен қатар, маңызды мемлекеттік міндет республиканың ішкі нарығын мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету болып табылады.

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральды мұнай құбырының ұлттық операторы бола отырып, қазақстандық барлық мұнай кен орындарынан ішкі нарыққа және экспортқа өңдеу үшін, сондай-ақ ресей мұнайын Қазақстан Республикасының ішкі нарығына және транзит арқылы Қытайға мұнай тасымалдайды.

Қолданыстағы негізгі қазақстандық мұнайдың экспорттау бағыттарының бірі Атырау – Самара құбыры болып табылады.

Компаниямен тасымалданатын мұнайдың маңызды үлесін Қазақстан-Қытай мұнай құбыры алады.

Сондай-ақ қазақстандық мұнай компаниялары үшін маңызды экспорттау бағыттары Ақтау каспий кемежайы болып табылады, мұнда Компания құбырдан және темір жол көлігінен танкерлерге мұнайды ауыстырып құюды жүзеге асырады.



02

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



18

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТІҢ, СОНДАЙ-АҚ СЕРПІНДЕ СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

2012 жылы топтың жиынтық пайдасы

33,5
млрд. теңге болды

Топтың негізгі шоғырландырылған өндірістік көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2012 ж. к 2011 ж., %
Мұнай тасымалдау көлемі*, мың тонна	65 825	66 873	65 795	98%
Мұнай жүк айналымы, млн. тн. км	41 351	42 244	42 163	100%
Су беру, мың текше м.	21 361	21 192	22 799	108%
Қызметшілер орта тізімдегі саны, адам	9 585	9 546	9 264	97%

* Мұнай тасымалдау көлемі «Batumi Industrial Holdings Limited» компаниясының мұнай өнімдерін ауыстырып құю бойынша деректерін қамтиды

Негізгі шоғырландырылған қаржы көрсеткіштері, млн. теңге,

Көрсеткіштер	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2012 ж. к 2011 ж., %
Өнім өткізуден және қызметтер көрсетуден түсетін табыс	138 241	140 478	143 061	102%
Өзіндік құны	82 407	96 299	99 604	103%
Жалпы пайда	55 834	44 179	43 458	98%
Табыс салығын есептегенге дейінгі пайда	26 082	32 673	42 051	129%
Жиынтық пайда	19 618	25 945	33 501	129%
Жыл аяғындағы активтер	418 715	450 029	496 451	110%
Жыл аяғындағы ұзақ мерзімді міндеттемелер	44 214	45 207	66 113	146%
Жыл аяғындағы ағымдық міндеттемелер	36 186	33 324	38 024	114%
Капитал	338 315	371 498	392 314	106%

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған активтері 496 млрд. теңгеге өсті, бұл 2011 жылғы көрсеткіштен 10% артық (450 млрд. теңге) өсті. Топтың негізгі қызметтен түскен шоғырландырылған табысы 2012 жылы 143 млрд. теңгені құрады, бұл 2011 жылғы осындай көрсеткіштен (140,5 млрд. теңге) 2% артық және 2010 жылғы осындай

көрсеткіштен (138 млрд.теңге) 3% артық. Топ кірістері өсуінің негізгі себебі 2012 жылы мұнай тасымалдау бойынша қызметтер тарифінің өсуі болып табылады.

Топтың жиынтық пайдасы 2012 жылы 33,5 млрд. теңге болды, бұл 2011 жылғы деңгейден 29% (25,9 млрд.теңге) артық.

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ СУ БЕРУ

2012 жылы мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 65,8 млн. тоннаны құрады, бұл 2011 жылғы көрсеткіштен 2%-ға төмен (66,9 млн. тонн). Мұнай тасымалдау көлемінің азаюы негізінен «Омбы – Павлодар» мұнай құбырымен ресей мұнайын тасымалдауды азайтуға және Қазақстан Республикасы мұнай өңдеу зауыттарын (МӨЗ) жүктеу үшін экспорттау бағытынан бастап мұнай жеткізуді қайта бөлуге байланысты болды.

Топтың магистральды мұнай құбырлары жүйесімен мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы 2012 жылы 42,2 млрд.тн.км. құрады, бұл 2011 жылғы шоғырландырылған жүк айналымының осындай көрсеткішіне ұқсас.

«ҚазТрансОйл» АҚ–тың жеке мұнай тасымалдау көлемі (мың тонна)

Бағыты	2011 жыл	2012 жыл
«Атырау МӨЗ» ЖШС	4 252	4 318
«ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС	4 355	4 560
«Павлодар МХЗ» АҚ	4 584	5 102
«Атырау – Самара» мұнайқұбыры учаскесі	15 427	15 433
Ақтау БМАС-та танкерлерге тиеу, барлығы	7 474	6 525
Мұнай құю эстакадаларына т/ж цистерналарынан тиеу, барлығы	4 019	3 651
«Атасу – Алашаңқай» мұнай құбырына ауыстырып құю	10 894	10 401

Су ағызғы бойынша су беру көлемі (мың текше м.)

	2011 жыл	2012 жыл
«Астрахань – Маңғышылақ» су ағызғысы	21 192	22 799

2012 жылға Компаниямен мұнай тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге 85 шарт және магистральды құбыр жүйесімен су беру бойынша қызметтер ұсынуға 148 шарт жасасылған.

Мұнай тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге және магистральды құбыр жүйесімен су беру бой-

ынша қызметтер ұсынуға шарттар «ҚазТрансОйл» АҚ қызметтерін тұтынушылармен 2003 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1194 қаулысымен бекітілген типтік нысанда, тараптардың келісімімен, жыл сайынғы, сондай-ақ ұзақ мерзімді негізде жасасылады.

СЫРТ ҰЙЫМДАРҒА ТИЕСІЛІ МАГИСТРАЛЬДЫ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ КҮТІМ КӨРСЕТУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ

Компания сырт ұйымдарға тиесілі, магистральды мұнай құбырларын пайдалану және техникалық күтім көрсету қызметі аясында жалпы ұзындығы 2 857,8 км. мұнай құбырына қызмет көрсетеді.

2012 жылы көрсетілген қызмет аясында мына ұйымдарға қызметтер көрсетілді:

- МұнайТасқа, ұзындығы 448,8 км «Кеңқияқ - Атырау» магистральды мұнай құбырына;
- ҚҚҚ, ұзындығы 965,1 км «Атасу-Алашаңқай» магистральды мұнай құбырына, ұзындығы 794,1 км «Кеңқияқ – Құмкөл» магистральды мұнай құбырына;

- «Торғай – Петролеум» АҚ-қа, мұнай құбыры ұзындығы 14,5 км;
- Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в., «Ақсай – Үлкен Шаған - Атырау» магистральды мұнай құбырының ұзындығы 635,3 км.

Сырт ұйымдарға тиесілі, магистральды мұнай құбырларын пайдалану және техникалық күтім көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру үшін, 2012 жылы Компанияға 798 адам жұмылдырылды.

20

ДАМУҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2012 жылға Компанияның күрделі қаржы салымының бағдарламасы жүк жөнелтушілер талаптарына сәйкес өз магистральды мұнай құбырлары жүйесін жаңғыртуға, сенімді жағдайда ұстап тұруға және дамытуға бағытталған

Өз мұнай тасымалы инфрақұрылымын сенімді жағдайда қолдау, сонымен бірге 2012 жылы жаңа жобаларды дамыту мақсатында Компаниямен өз қаражаты есебінен капиталды одан әрі өсіруге мүмкіндік беретін инвестициялар жүзеге асырылды.

2012 жылға Компанияның күрделі қаржы салымының бағдарламасы

2012 жылға Компанияның күрделі қаржы салымының бағдарламасы жүк жөнелтушілер талаптарына сәйкес өз магистральды мұнай құбырлары жүйесін жаңғыртуға, сенімді жағдайда ұстап тұруға және дамытуға бағытталған. Top бойынша күрделі қаржы салымын игеру 24,9 млрд. теңгені құрады, оның ішінде жеке Компания бойынша 22 млрд. теңге. Анық толық ақпарат «Қызмет және қаржы көрсеткіштері нәтижелерін талдау» тарауында берілген.

«Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысының екінші кезеңінің екінші кезегі, өнімділікті жылына 20 млн. тоннаға дейін арттыру

Жоба «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры жүйесінің өткізу қабілеттілігін жылына 20 млн. тоннаға дейін кезең-кезеңімен кеңейтуді қарастырады. Жобаны іске асыру Қытайдың тез өсетін нарығына мұнай тасымалдау көлемін арттыруға және Қазақстан Республикасы экспорттау қуатын көбейтуге мүмкіндік береді.

Жоба аясында 2012 жылы ҚҚҚ «Атасу-Алашаңқай» мұнайқұбырының МАС №8 және МАС №10 құрылыстарын салуды бастады. Осы МАС-ты салуды аяқтау 2013 жылға болжануда. Күрделі салым көлемі 24 456 млн. теңгені құрайды.

Одан басқа, 2012 жыл «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры екінші кезеңінің екінші кезегі. Атырау-Кеңқияқ және Кеңқияқ-Құмкөл учаскелері. Өнімділікті жылына 20 млн. тоннаға дейін арттыру» базалық жобасын әзірлеу басталды. Іске асыру мерзімдері қытай серіктестерімен негізделген

көлемдер бойынша жетістіктерге, сондай-ақ мемлекет аралық деңгейде уағдаластықтарға қатысты болады.

«Қаламқас-Қаражамбас-Ақтау» (Қаражамбас-Ақтау учаскесі) және «Өзен-Жетібай-Ақтау» магистральды мұнай құбырларын қайта салу

Бозашы тобы кенорындарында мұнай өндіру көлемінің болжалды көбеюіне, сондай-ақ Ақтау теңіз кемежайынан Атырау бағытына қарай (Т. Қасымов атындағы мұнай айдау стансасы) мұнай көлемдерін қайта бағдарлауға байланысты, 2012 жылы Компания «Қаламқас-Қаражамбас-Ақтау» (Қаражамбас-Ақтау учаскесі) және «Өзен-Жетібай-Ақтау» магистральды мұнай құбырларының белгіленген өткізу қабілетін кеңейту бойынша жобаны әзірлеуге кірісті.

Осы магистральды мұнай құбырлары Компанияға тиесілі және Қаламқас пен Қаражамбас кенорындарын Бозашы түбегінде Ақтау кемежайымен және «Өзен-Атырау-Самара» мұнай құбырларымен қосады.

Шетелдік активтерді дамыту

Шетелдік активтерді дамыту аясында Компания 2012 жылы BHL компаниялары тобымен бас жүктерді ауыстырып тиеу бойынша Батуми теңіз кемежайының өткізу қабілеттілігін жылына 2,5 млн. тоннаға дейін арттыру жөніндегі жобаны іске асыруды бастады.

Жобаны іске асыру мерзімі: 2012-2014 жылдар.
Жоба құны: 2 654 млн. теңге.
Жобаны қаржыландыру: BHL тобының жеке қаражаты.

2012 жылы BHL компаниялары тобының құрылымын Компания мен негізгі өндірістік активтері арасындағы аралық басқару деңгейлерін қысқарту мақсатында қайта құрылымдау жұмысы жалғастырылды. 2012 жылы Компаниямен BHL компаниялары тобының өзектілендірілген Қайта құрылымдау жоспары бекітілді.

ӨНДІРІСТІК БАҚЫЛАУ

«Қауіпті өндірістік нысандардағы өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитетінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 12 бұйрығымен келісілген қауіпті өндірістік нысанда өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау үшін өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі Әдістемелік ұсыныстарға сәйкес, 2012 жылы орталық аппаратта және Компанияның Батыс және Шығыс филиалдарының, осы филиалдардың мұнай құбырлары басқармаларында

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылауды жүзеге асырушы бөлімшелер құрылды.

Компанияның қауіпті өндірістік нысандарда өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау үшін өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін бекіту мақсатында көзделген бөлімшелер үшін «ҚазТрансОйл» АҚ Қауіпті өндірістік нысандарда өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау үшін өндірістік бақылау туралы қағида бекітілді. 2012 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ магистральды мұнай құбырлары қауіпсіздігінің Декларациясы өзектендерілді.

ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Компанияның өндірістік қызметі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, қауіпсіздік және еңбек қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласында қызметтерді реттеуші стандарттар мен ішкі нормаларға толық сәйкестікте жүзеге асырылады.

Есептілік кезеңінде Компаниямен қауіпсіздік және еңбек қорғау бойынша талап етілетін нұсқамалар түрі жүргізілді.

Барлық өндірістік бөлімшелер белгіленген нормаларға сәйкес еңбек қорғау кабинеттерімен, санитарлық-тұрмыстық жайлармен қамтамасыз етілген.

Еңбек жағдайлары бойынша барлық жұмыс орындарына төлқұжаттандыру жүргізілді.

Компания жұмысшылары да талап етілетін көлемде арнайы киімдермен, арнайы аяқ-киімдермен және басқа жеке қорғаныш құралдарымен жабдықталған.

Есепті кезеңде Компанияның оқу-курстық комбинатында және мамандандырылған курстарда 5 657 жұмысшы оқудан өтті, оның ішінде:

- инженерлік-техникалық қызметкерлер – 1 863 адам;
- жұмысшылар – 3 794 адам.

2012 жылы Компанияда өндіріске байланысты, үш жаза-тайым оқиға тіркелді:

1. Астрахань-Маңғышылақ магистральды суағызғысының гидравликалық сынақ жүргізу кезінде құбырдың жарылуынан екі жұмысшының жарақат алуы;
2. жұмысшылардың жеке қорғаныш құралдарын қолданбаулары;
3. Атасу-Алашаңқай магистральды мұнай құбыры трассасының төңірегін аралап ұшу кезіндегі ұшақтың құлауы.

Өндірістік зақымданудың алдын алу және жол бермеу мақсатында әр жеке оқиға бойынша оларды тексеру жөніндегі комиссиялармен ұсынылған ісшаралар жүзеге асырылды.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

2012 жылы Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Компанияның ішкі стандарттарына сәйкес табиғат қорғау қызметін жүзеге асырды.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет көрсеткіштері мына кестеде берілген:

Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету деңгейін азайтуға қол жеткізу үшін Компаниямен 2012 жылға Компанияның негізгі экологиялық аспектілер тізімдемесі бекітілді.

№ р/с	Деректер атауы	Өлшем бірлігі	2011 жылға	2012 жылға
1	Атмосфераға ластаушы заттар шығарындысының саны	тонна	25 597	27 227
2	Ағынды сулар төгіндісінің көлемі	мың м ³	589	966
3	Төгіндідегі ластаушы заттар саны	тонна	197	200
4	Есепті кезеңде пайда болған қалдықтар саны	тонна	7 382	3 310
5	Бүлінген жерлерді қалпына келтіру аумағы	га	10	27
6	Жүргізілген экологиялық төлемдер	мың теңге	74 777	58 235
7	Табиғат қорғау іс-шараларына ағымдағы шығындар	мың теңге	634 097	523 027

Жалпы пайда болған қалдықтар санының азаюы нәтижесінде экологиялық төлемдер сомасы азайды.

Ағынды сулар төгінділерінің көлемінің артуы байланысты:

- гидросорғыныалыстату жүйелерінің кезеңділік санын арттыру;
- Құғаш поселкесі тұрғындарының су тұтынуларының артуына (Атырау облысы);
- «Құмкөл» БМАС-та буландырғыш әуіт пайдалануға берілуіне.

Атмосфераға жалпы ластаушы заттар шығарындысының артуы, былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда мыналарға байланысты:

- Теңіз және Мартыши мұнайларын айдау көлемінің артуына;
- Құлсары мұнай құбыры басқармасы бойынша мұнай қыздыру пештерінің тұтыну көлемінің артуына;
- «Қаламқас» БМАС, «Өзен» БМАС, «Құмкөл» БМАС, Б.Жұмағалиев атындағы БМАС сұйыққойма парктері арқылы өтетін мұнай мөлшерінің артуына;

Бұл жағдайда, төгінділердің жалпы көлемі Компания лимитіне берілген рұқсат шегінде қалды.

Сондай-ақ, 2012 жылы «Павлодар-Шымкент» магистральды мұнайқұбырларының 1501,7 км және 1319,15 км. кесекірулері кезінде апаттық мұнай шығарындыларына байланысты жердің мұнаймен бүлінуі болды.

22

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

2012 жылғы 12 айда Компанияның объектілерінде өрт тіркелмеген. Нысандарды өрттен қорғау саласындағы ішаралар Қазақстан Республикасы заңнамасына, Компанияның стандарттары мен жоспарларына сәйкес жүргізілді.

Компанияның өндірістік нысандарының қызметкерлерін өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту мақсатында нұсқамалықтар бағдарламасы әзірленді және бекітілді, олар бойынша 35 779 сабақ өткізілді, 6 728 қызметкер өрт-техникалық минимум бойынша өндірістік жұмысшылар оқудан өтті, 1 582 ерікті өртке қарсы қалыптастыру мүшелері оқыды.

Қазақстан Республикасы Төтенше оқиғалар жөніндегі министрлік актілеріне сәйкес өрттің мүмкін болуы туындаған жағдайда іс-әрекеттердің практикалық және теориялық дағдыларын алу үшін жүргізілді: 29 өрт-тактикалық оқу-үйренулер, 1 009 өрт-тактикалық сабақтар, 131 көбік жіберу арқылы көбікпен өрт сөндіру стационарлық құрылғылардың жұмысын және суғару шығыршығына су жіберу арқылы салқындатуды тексеру, 1 264 сыртқа өртке қарсы сумен жабдықтауларды тексеру, 833 ішкі өрт қрандарының су жіберу жұмысын тексеру;

Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы 138 нұсқаулық әзірленді және қайта жасалды.

МАГИСТРАЛЬДЫ МҰНАЙ
ҚҰБЫРЛАРЫН ҚОРҒАУ

Магистральды мұнай құбырлары жүйесіне рұқсатсыз кесекірулерге және мұнай ұрлауға қарсы күрес үшін Компаниямен жыл сайын мұнай құбырлары нысандарын қорғауға қомақты қаржылай қаражат бөлінеді. Сонымен бірге, Батыс және Шығыс филиалдары мұнай құбырлары басқармаларының апат-қалпына келтіру жұмыстары пункттерінің қызметкерлері тарапынан осы объектілерді жерде күзету тұрақты түрде жүргізіледі.

Компаниямен кесекірулердің алдын-алу және байқаудың техникалық жүйелері енгізілуде, магистральды мұнай құбырлары нысандарын

қауіпсіздікті қамтамасыз етуде техникалық құралдармен жаңғырту және жабдықтау жүзеге асырылуда.

Мұнай құбырларын қорғау барлық инженерлік-техникалық жүйелермен Компанияның барлық мұнай құбырларының (Мұнай құбырларын күзету жүйелері– 243,1 км, жылыстауды байқау жүйелері– 2 091,1 км) 44%-ы қамтылған. Сондай-ақ, күзет-периметральдық дабылқаққыш жүйесі, нысандарды бейне бақылау және Батыс филиалы «Өзен» БМАС, «Атырау» МАС және «Атырау» ӨТҚКЖЖБ-ға кіруді бақылау жүйелері енгізілген.

2010 - 2012 жылдар аралығында заңсыз кіру саны бойынша мәлімет

№	ММ учаскелерінің атауы	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл
1	Батыс филиалы	57	9	4
2	Шығыс филиалы	28	9	22
Компаниялар бойынша қорытынды:		85	18	26

Құқық қорғау органдары мен «Semser Security» ЖШС күзет ұйымы қызметкерлерінің заңсыз кесекірулер деректері бойынша жедел іздестіру шараларын жүргізу барысында мұнай құбырынан мұнай ұрлағандары үшін 20-ға жуық адам ұсталды, оның 9-ы тыю шарасы бойынша тұтқынға алынды. Кестеде көрсетілген заңсыз кесекірулер деректері бойынша 2012 жылы 23 қылмыстық іс қозғалды.

Қылмыстық қол сұғушылықтан нысандар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Компания саны жағынан заңсыз кесекірулер өте көп жасалатын аумақтарда сол жердегі құқық қорғау органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, өңірлердің бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-әрекет жасайды.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

2012 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ жыл сайынғы инспекциялық аудитте өзінің ISO/IEC 27001:2005 стандарты талаптарына сәйкестігін және ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (бұдан әрі – АҚБЖ) жұмысын BSI сертификатымен ойдағыдай растады.

«ҚазТрансОйл» АҚ-та АҚБЖ кезең-кезеңімен дамыту жоспары аясында 2012-2013 жылдары Батыс және Шығыс филиалдарының 30 қызметкеріне ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі бойынша оқу өткізді. Батыс және Шығыс филиалдарының және «ҚазТрансОйл» АҚ ГТО»

филиалының нысандарында кеңесшілермен бірлесе отырып, ISO/IEC 27001:2005 халықаралық стандарт талаптары бойынша қолданыстағы ақпараттық жүйелері құралдары мен ақпараттарды қорғау әдістерін зерттеу, байқау және талдау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару кешенді жүйесін қамтамасыз ету үшін Компанияда ағымдағы құжаттама өзектілендірілуде және бірнеше жаңа ережелер, процедуралар мен нұсқаулықтар әзірленуде.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Компания өзінің ақпараттық-технологиялық платформасын қолданыстағы жүйелерге үнемі техникалық қолдау көрсете отырып тұрақты дамытуға ерекше көңіл бөледі. Компаниямен ақпараттық жүйелерді және телекоммуникация желілерін жаңғырту және дамыту бойынша жүзеге асырылатын жобалар озық технологияларды қолдануға негізделген және заманауи АТ-инфрақұрылымын құруға бағытталған.

2012 жылы 2013-2017 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ ақпараттық-технологияларды дамытудың негізгі басымдылықтарын анықтайтын және ағымдағы жағдайларда болжанған мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін ақпараттық-технологияларды дамыту Стратегиясы мен Бағдарламасы әзірленді және бекітілді. SAP жүйесінің SAP R/3 4.7 нұсқасынан SAP ERP 6.0 EHP6 нұсқасына техникалық апгрейд ойдағыдай жүзрілді. Жаңа нұсқаларға көшу жаңа функционалдық мүмкіндіктерден, сондай-ақ АТ-инфрақұрылымын дамытуға ұзақ мерзімді инвестицияларды қорғауға басымдылықтар алуға мүмкіндік берді. SAP ERP HCM адам капиталын басқару жүйесін дамыту бойынша «Іссапарлар деректерін басқару» және «Адам капиталын басқару» модульдерін енгізу есебінен жобалар жүзеге асы-

рылды. 2012 жылы SAP жүйелерінде дәлсіздіктерді қорғау және байқауды тексеру, атап айтқанда SAP қауіпсіздігі аудиті бойынша ісшаралар кешені жүргізілді

2012 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ ГТО» заманауи IP-телефония және бейне конференция байланысы технологияларымен жабдықталды.

Компанияның Батыс филиалында деректерді берудің аса сыни, дәлсіз желілік құрылғыларының топтық желісін резервке алуды қамтамасыз ету үшін деректерді берудің желілік резервтеу орталығы құрылды.

Өндірістік-технологиялық байланыстың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында, Компания өрт-қорғау жүйелерін, микроклимат және энергиямен жабдықтау жүйесін жаңғыртуда. 2012 жылы Компанияның 9 байланыс торабы автоматты өрт сөндіру жүйесімен жабдықталған.

Энергияның баламалы түрлерін қолдану бойынша аңдау жобасы ретінде тұрақсыз электрмен жабдықталатын шалғайдағы байланыс тораптарының бірінде жел-күнмен жабдықталатын энергетикалық құрылғы салынды.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ- ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ



Компания ұзақ мерзімді келешекті тұрақты дамытуды қамтамасыз ету, ішкі және халықаралық нарықтарда бәсекелестік қабілетін нығайту үшін озық мұнай тасымалдау компанияларының технологиялық даму деңгейіне жетуге ұмтылады.

Компанияның мұнай тасымалдау және су беру саласындағы инновациялық – технологиялық бағдарламасының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- шығындарды азайту;
- экономикалық тиімділікті арттыру;
- энергиялық тиімділікті және энергиямен жабдықтауды арттыру;
- еңбек өнімділігін арттыру;
- өндірістік үдерістердің технологиясын, пайдалану тиімділігін, экологиялық және өнеркәсіптік

қауіпсіздікті арттыру;

- берілетін қызметтердің сапасын арттыру.

Компанияның инновациялық – технологиялық бағдарламасына негізгі элементтер ретінде мыналар жатады:

- Компанияның негізгі бизенсінде жаңа технологиялар трансферті (заманауи технологияларды және жабдықтарды сатып алу, жобалар шарттарына технологиялық шешімдерді бейімдеу);
- өз технологиялық шешімдері практикасына дамыту және енгізу үшін техникалық базаны құру және шарттарды қалыптасыруда кадр әлеуетін нығайту;
- тәуекелдерді бағалау жүйесін қолдана отырып нақты техникалық жағдай бойынша өндірістік нысандарды пайдалану.

ЫҚПАЛДАСТЫРЫЛҒАН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

2004 жылы Компания ҚМГ компаниялары тобының бірі болып ISO 9001 және ISO 14001 халықаралық стандарттарын енгізді және «TUV Rheinland InterCert» сертификациясы бойынша орғанда өзінің сәйкестігін растады. 2006 жылы сапа және экология менеджменті жүйесі қауіпсіздік және еңбек қорғау менеджменті жүйесімен толықтырылды. Компания OHSAS 18001 стандартын енгізді және «Det Norske Veritas» (DNV) сертификациясы бойынша халықаралық

орғанда өзінің денсаулық және қауіпсіздік менеджменті жүйесін енгізді және сертификатталды.

Жыл сайын Компания DNV бойынша тәуелсіз халықаралық органды тарту арқылы сапа, экология, денсаулық және қауіпсіздік ықпалдастырылған менеджмент жүйесінің халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестілігін растауда.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

2012 жыл бойы Компанияда тәуекелдерді басқарудың топтық жүйесін (бұдан әрі - ТБТЖ) одан әрі енгізу және жетілдіруге бағытталған және Компанияның ішкі бақылау жүйесінің (бұдан әрі - ІБЖ) мына компоненттері аясында ісшаралар орындалған болатын:

- әдістемелік базаны жетілдіру;
- ішкі ортаны дайындау;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
- мониторинг.

2012 жылы Компанияның ТБТЖ және ІБЖ реттеуші әдістемелік базасы, тәуекелдер және тәуекелдер картасы тізімдемесі өзектілендірілген. Тәуекелдерді басқару, тәуекелдер матрицасы мен операциялық қызмет үдерістері бойынша бақылаулар және блок-сызбалар мен қаржы есептілігін дайындау үдерістері, сондай-ақ тәуекелдер

мен топтық деңгейді бақылау матрицасының ісшаралары әзірленді.

Компанияның күнделікті өміріне тәуекелдерді басқару үдерістерін және ішкі бақылауды енгізу үшін Компания Басқармасының мүшелеріне, орталық аппарат құрылымдық бөлімшелерінің, Батыс және Шығыс филиалдарының, ЕББҰ қызметкерлеріне «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесін және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру» және «Кәсіпорындарда тәуекелдерді басқару» тақырыптарында топтық тренинглер жүргізілді. Тәуекелдердің тиімді мониторингі және өз уақытында байқау мақсатында Компанияның Директорлар кеңесіне қарауға тәуекелдер серпіні және Компанияның тәуекелдерін басқару бойынша ісшаралар жоспарының орындалу барысы туралы есеп ұсынылды.

ТАУАРЛАРДЫ, ЖҰМЫСТАРДЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУЛАРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2012 жылға
«ҚазТрансОйл»
АҚ сатып
алулардағы
жергілікті сатып
алулар үлесі

58% -
құрайды

Жергілікті қамтуды дамыту бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ жыл сайын тікелей отандық тауар өндірушілері арасында өткізілетін ашық тендерлер санын арттыруда, осыған байланысты, қазақстандық өндірушілерден сатып алулар көлемін кеңейтуде.

Тендерлер қорытындылары бойынша 2012-2014 жылдарға қазақстандық тауар өндірушілермен ұзақ мерзімді шарттардың жалпы саны 4,3 млрд. теңге сомасында жасасылды. 2012 жылы қосымша отандық тауар өндірушілермен 1 жылдық мерзімге 2 млрд. теңге сомасында шарт жасасылды.

Отандық тауар өндірушілермен жасасылған барлық шарттар, оның ішінде ұзақ мерзімді шарттардың 2012 жылғы орындалу бөлігі 100%-ға орындалған.

2012 жылға «ҚазТрансОйл» АҚ сатып алулардағы жергілікті сатып алулар үлесі 58%-ды (оның ішінде тауарлар бойынша - 23%, жұмыстар мен қызметтер бойынша - 76%) құрайды. 2011 жылғы шарттар бойынша жергілікті қамту үлесі 50%-ды құрады.

03

ТОПТЫҚ
ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІК
ЖӘНЕ КАДР
ӘЛЕУЕТІН
ДАМУ



28

ТОПТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Компания өз қызметкерлерінің, оның қызметінің өңірлердегі халыққа және жалпы қоғам өміріне әлеуметтік тұрғыдан жауапкершілікпен қатысу бойынша ерікті міндеттемелерді қабылдайды

Компания өз қызметкерлерінің, оның қызметінің өңірлердегі халыққа және жалпы қоғам өміріне әлеуметтік тұрғыдан жауапкершілікпен қатысу бойынша ерікті міндеттемелерді қабылдайды.

Осыған байланысты, қызметкерлері алдында әлеуметтік кепілдіктер және ерікті міндеттемелер бөлігінде Компания әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру бойынша (қызметкерлерге және жұмыс істемейтін зейнеткерлерге материалдық көмек) ісшараларды іске асырады, қызметкерлердің медициналық сақтандыруын қамтамасыз етеді, сонымен бірге, спорттық және мәдени-бұқаралық ісшараларды ұйымдастырады.

2012 жылы Компаниямен материалдық көмек көрсету төлемі жүргізілді:

1. қызметкерлерге 20 834 жағдайларда (қызметкер балалы болған кезінде және/немесе қызметкердің немесе оның жақын туысқандарының қайтыс болуына байланысты бала асырап алу кезінде, қызметкердің немесе оның балаларының некеге отыру кезінде, денсаулық сауықтыруға, медициналық емге материалдық көмек);
2. жұмыс істемейтін зейнеткерлерге - жұмыс істемейтін зейнеткерлердің жалпы саны 1 434 адам (мүгедектік белгілеу кезіндегі қосымша өтемақы, мемлекеттік мерекелер құрметіне және төтеннен болатын жазатайым оқиғаларға берілетін бір жолғы төлемдер);
3. бала күтімі бойынша олардың үш жасқа толғанға дейінгі демалыста отырған қызметкерлерге (жалпы саны 268 адам);
4. зейнеткерлікке шығар кезіндегі қызметкерлерге – 125 адам.

Қызметкерлерге медициналық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру

Жауапты жұмыс беруші, серіктестік қатынастарды қолдаушы ретінде Компания өз қызметкерлеріне әлеуметтік қызмет көрсету пакетін ұсынады, мұнда

медициналық сақтандыру, материалдық көмек, оның ішінде, қызметкерлердің еңбек демалысы кезінде емделуі мен сауықтырылуына және тағы басқалары. Сақтандыру арқасында, Компания қызметкерлерінің Қазақстанның медициналық мекемелеріне көмек сұрап хабарласуға және қажетті емдер алуға мүмкіндігі бар. 2012 жылы Компаниямен барлығы 7 906 қызметкер сақтандырылды.

Спорттық және мәдени-бұқаралық ісшараларды ұйымдастыру.

Саламатты өмір салтын ынталандыру және насихаттау мақсатында Компания жыл сайын Компания қызметкерлерінің арасында спартакиадалар мен түрлі спорттық ісшаралар өткізеді. 2012 жылы қыркүйекте Атырау қаласында Компанияның құрылғанына 15 жыл толуына орай, «ҚазТрансОйл» АҚ еңбек ұжымдары арасында спартакиада өткізілді, мұнда Компания, ҚҚҚ, МұнайТас және BИHL қызметкерлері қатысты. Спартакиада жеңімпаздары «ҚазТрансОйл» АҚ құрама командасының құрамына енді және «Гомельтранснефть Дружба» ААҚ (Беларусь Республикасы) және «Укртранснафта» ЖАҚ (Украина) қызметкерлері қатысқан халықаралық сайыстарға қатысты.

Демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету

2012 жылы демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету аясында Компания халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктеріне және түрлі қоғамдық қорларға 1 020 млн. теңгеден артық сомада қолдау көрсетті. Оның ішінде 1 млрд. теңге Павлодар қаласындағы көп атқарымдық спорт кешенін салуды аяқтау үшін бөлінді. 2012 жылғы қазанда Компания Қарағанды облысы Атасу ауылында 170 орындық балалар бақшасы құрылысын аяқтады.

КАДР САЯСАТЫ, КАДР ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

2012 жылы біліктілікті арттыру бағдарламаларына Компанияның

7511

қызметкері қатысты

Компания адам капиталын ұзақ мерзімді дамыту және бәсекелестікті арттыру мен жұмыстар тиімділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік жауапкершілікті дамыту, қызметкерлердің әлеуметтік қорғау шараларын жасауға, ұжымда тұрақтылыққа ұмтылудың негізі болып табылатындығын ұғынады.

2010 жылғы 10 наурызда Компанияның Директорлар кеңесі шешімімен бекітілген 2010-2014 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ кадр саясаты мына басты басымдылықтарды белгілейді:

- жоғары кәсіби қызметкерлерді тарту, дамыту және ұстап қалу;
- Компания қызметшілерін басқарудың озық әдістерін енгізу;
- Компания әлеуеті жоғары қызметкерлерінің қорын басқару;
- Компанияда жаңалықтарды және қайта құруларды қолдау;
- Компания қызметкерлерінің мінез-құлқын реттейтін бірлескен құндылықтарды, әлеуметтік нормаларды, қонымдарды жасау және пысықтау.

Кадр менеджментінің негізгі бағыттарының бірі қызметшілерді дамыту жүйесін қызметкердің оқуы мен дамуын жоспарлы және жүйелі енгізу арқылы жетілдіру болып табылады.

Қызметшілерді оқытудың қазіргі жүйесі – қойылған міндеттерді әлдеқайда тиімді орындауға мүмкіндік беретін қажетті білім мен машықты алу немесе дамыту үшін біліктілікті арттыру курстарынан өту арқылы компанияның әрбір қызметкеріне кәсіби дамуында тең мүмкіндіктер беру және қолдау.

2012 жылы біліктілікті арттыру бағдарламаларына Компанияның 7 511 қызметкері қатысты.

Сондай-ақ, Компания өз мамандарының ACCA, CIA, CFA, DipIFR және кәсіби бухгалтер мамандығы біліктілігін растайтын отандық және халықаралық сертификаттар алуы үшін оқулар ұйымдастырды.

Компания бөлімшелері арасында үздік мамандарды таңдау және ынталандыру мен тәжірибе алмасуды ұйымдастырудың тиімді әдісі жыл сайынғы «Мамандығы бойынша таңдаулы» конкурсы болып табылады, мұнда Компанияның өндіріс филиалдарының жоғары кәсіби деңгейдегі мамандары өздерінің кәсіби шеберліктерін көрсетеді. 2012 жылғы тамызда Павлодар қаласында Шығыс филиалының өндірістік базасында «Мамандығы бойынша таңдаулы» халықаралық конкурсы өткізілді, онда «ҚазТрансОйл» АҚ, «АК «Транснефть» ААҚ,

«Укртранснефть» ЖАҚ, «Гомельтранснефть Дружба» ААҚ және Каспий Құбыр Консорциумының таңдаулы жұмысшылары қатысты. Компания жұмысшылары егіз сайыс бойынша жеті бірінші орындарды жеңіп алды, сөйтіп, біліктіліктерінің жоғары деңгейін көрсетті.

2011 жылы «Кадр резерві» бағдарламасын іске асыру жалғасты, ол ең мықты, ықтимал табысты, әлеуеті жоғары қызметкерлерді анықтауға бағытталған, кәсіби ортада да, сонымен бірге басқару саласында да олардың қабілетін Компанияның дамуы үшін дұрыс дамыту және пайдалануды қарастыру. Басқару қызметіне даярлау үшін маңызды конкурс іріктеуінен өткен, 36 алдыңғы қатарлы маманнан құралатын – кадр резервіндегі осы үміткерлердің бірыңғай базасы жаңғыртылды. Мансаптық дамудың жеке жоспарларына сәйкес үміткерлердің жеке дағдыларын дамыту үшін оқыту бағдарламаларының 10 бағытынан астамы ұйымдастырылды. 2012 жылы кадр резервінің 11 үміткері Компания есебінен магистр бағдарламаларына оқуға бекітілді.

Компания жыл сайын Компания қызметшілерінің қанағаттанушылығын бағалау жөнінде ісшаралар жүргізеді, ол қызметкерлердің Компанияның топтық мақсаттары мен міндеттерін білуі және түсінуі, қызметшілердің оның басшылығына сенімінің дәрежесін айқындауға, осы қанағаттанушылыққа едәуір дәрежеде әсер етуші материалдық және психологиялық ынталандыруды және басқаны анықтауға мүмкіндік берді. Қоғам қызметкерлерінің қанағаттанушылық индексі 63,5%-ды құрады (2011 жылы – 63%, 2010 жылы – 62%).

Компаниямен «Жас маман» бағдарламасы іске асырылып келеді, оған қатысушы-үміткерлердің үлгерімі, жеке және іскерлік сапаларын кешенді талдау негізінде іріктелген кәсіби ЖОО студенттері. Студенттерді іріктеу 3 курстан бастап жүргізіледі. Жас мамандарды даярлау бағдарламасы Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік нысандарында өндірістік практикадан өтуді қарастырады. Өндірістік практикадан өту кезінде студентке таңдаған кәсіби бойынша жұмыс орны, жатақханада тұру, сонымен қатар, тәуліктік шығындары, практикадан өту жеріне тұрғылықты жерінен келу және кету жолақысы, екінші разрядтағы жұмысшы мөлшерлемесі бойынша еңбекақы беріледі. Әр студентке Компанияның тәжірибелі қызметкерлері қатарынан ұстаз бекітіледі.

2012 жылы Компанияның бөлімшелерінде 286 студент, оның ішінде, «Жас маман» бағдарламасы бойынша Қазақстан-Британ техникалық университетінің, Қ. И. Сәтпаев атындағы Қазақстан ұлттық техникалық университетінің 54 студенті оқу-өндірістік практикасынан өткен.

04

ТОПТЫҚ
БАСҚАРУ



32

Компанияның топтық басқару жүйесі әділдік, шындық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзіреттілік негіздерінде құрылады

Компания топтық басқару жүйесін Компания қызметінің тиімділігін арттыру, оның іскери беделін нығайту және оларға капитал тартуда шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады. Компания топтық басқарудың үздік озық практикасын дәйекті енгізу бойынша жұмыс жүргізеді.

Компанияның топтық басқару жүйесі әділдік, шындық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзіреттілік негіздерінде құрылады. Топтық басқарудың тиімді құрылымы Компания қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді ойластырады және Компания қызметінің ойдағыдай болуына мүмкіншілік жасайды, оның ішінде нарық құнының өсуіне, қаржы тұрақтылығына, табысты болуына және стратегиялық мақсаттарға жету құралы ретінде қызмет етеді.

Компаниядағы топтық басқаруда негізге алынатын қағидаттар:

- Компания акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Компанияның, Директорлар Кеңесі мен Басқарманың тиімді басқару қағидаты;
- Компанияның дербес қызметі қағидаты;
- Компания қызметі туралы ақпараттың ашықтығы және оның ашылу шынайылығы қағидаты;
- заңдылық және этика қағидаттары;
- тиімді дивиденд саясаты қағидаттары;
- тиімді кадр саясаты қағидаттары;
- қоршаған ортаны қорғау қағидаты;
- топтық тартыстарды және мүдделер тартыстарын реттеу саясаты;
- жауапкершілік қағидаты.

2012 жылы, «Халықтық IPO» бағдарламасын өткізуге дайындық жүргізу және жария компания мәртебесін алу аясында, «ҚазТрансОйл» АҚ топтық басқару жүйесін жақсартуға бағытталған ісшаралар кешенін іске асырды. 2012 жыл ішінде «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жаңа басылымдағы Жарғысы, «ҚазТрансОйл» АҚ Топтық басқару кодексі, сондай-ақ Компанияның топтық басқару тиімділігін арттыруға бағытталған өзге құжаттар бекітілді.

Директорлар Кеңесі құрылымында 3 комитет құрылды:

- Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет,
- Ішкі аудит жөніндегі комитет,
- Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет.

2012 – 2014 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ тәуекелдерді басқару бағдарламасы бекітілді, сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын қор нарығында орналастыруға байланысты тәуекелдерді басқарудың топтық жүйесі және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру» жобасы іске асырылды.

Компанияда: Инвесторлармен байланыс жөніндегі қызмет, Тәуекелдерді басқару және ықпалдастырылған менеджмент жүйесі департаменті, Ішкі аудит қызметі құрылды.

Компанияны алғашқы орналастыруға дайындау аясында 2012 жылы Компанияның Директорлар Кеңесінің шешімімен «ҚазТрансОйл» АҚ Ақпараттарын ашу туралы ереже бекітілді.

Компания ақпараттарын ашу негізделген шешімдерді қабылдауда қажетті көлемде, шынайылық, мазмұндылық және шұғыл қимылдау қағидаттары бойынша жүзеге асырылады.



ТОПТЫҚ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

33

Компанияның топтық басқару органдары болып табылады:

1. Компанияның Жоғары органы Акционерлердің жалпы жиналысы болып табылады.
2. Компанияның Басқару органы Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырушы, дамудың стратегиялық мақсаттары мен басымдылық бағыттарын анықтайтын, сондай-ақ Компания қызметінің негізгі бағдарын белгілейтін Директорлар кеңесі болып табылады. Директорлар кеңесінің құрамына: «ҚазМұнайГаз»

ҰК АҚ-тың үш өкілі, екі тәуелсіз директор және Компанияның Бас директоры (Басқарма төрағасы) кіреді.

3. Басқарма Компанияның ағымдағы қызметін басқаратын, Компанияның Даму стратегиясын іске асыруды және Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерін орындауды қамтамасыз ететін алқалық атқарушы орган болып табылады. Компания Басқармасы жеті адамнан тұрады.

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-ПЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК

«ҚазТрансОйл» АҚ – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ еншілес кәсіпорны.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-тың дауыс беруші жай акцияларының 90%-ы тиесілі.

«ҚазТрансОйл» АҚ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы аясында және «ҚазТрансОйл» АҚ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғыларына сәйкес өзара әрекеттестікті жүзеге асырады.

Компания акцияларын «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-қа «Халықтық IPO» бағдарламасы аясында орналастыруға байланысты, «ҚазТрансОйл» АҚ және оның ірі акционері арасында өзара әрекеттесудің нарықтық қағида-даттарын бекітетін және «ҚазТрансОйл» АҚ – қа өзінің барлық акционерлерінің мүдделерімен әрекет етуге мүмкіндік беретін «ҚазТрансОйл» АҚ – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ арасында 2012 жылғы 30 қазанда Келісім жасасылды.

ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН-БАҚЫЛАУДАҒЫ ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК

Компания тиімді топтық басқару тетіктеріне негізделген өз ЕББҰ теңгерімді дамуына ұмтылады. Акционер (қатысушы) ретіндегі өз құқықтарын іске асыру мақсатында Компания ЕББҰ-мен өзара қарым-қатынастарды заңнаманың, Жарғының және Компания ішкі құжаттарының, ЕББҰ Жарғыларының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Компанияның ЕББҰ-мен өзара әрекеттестігінің негізгі мақсаттары:

- Компанияның және ЕББҰ-ның тұрақты қаржылық дамуын, қызметінің табыстылығын қамтамасыз ету, инвестициялық тартымдылығын арттыру;

- Жалғыз акционердің және ЕББҰ акционерлерінің (қатысушыларының) құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- Компанияның және ЕББҰ-ның акционерлері, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы қатынастарды үйлесімдеу, олардың арасында және аталған топтар ішінде тартыстар туындауының алдын алу бойынша жүйелік шаралар қабылдау;
- Компанияның және ЕББҰ-ның үйлестірілген және тиімді стратегиясы мен инвестициялық саясатын әзірлеу әрі іске асыру.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

(2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)



**Нұртас
Шманов**

Директорлар кеңесінің төрағасы,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі

Уфа мұнай институтын «Мұнай-газ құбырларын, газ сақтау қоймаларын және мұнай базаларын жобалау және пайдалану» мамандығы бойынша, Қазақ мемлекеттік академиясының жанындағы Нарық институтын «Қаржы және несие» мамандығы бойынша және Массачусет университетін (АҚШ, Бостон) университетін бітірген. Қазақстан Республикасының құбыр көлігі саласында 28 жылдан астам уақыт жұмыс істейді. «Каспий құбыры консорциумы – Ресей», «Шеврон НефтеГаз», «ШевронМұнайГаз», «Шеврон Оверсиз Петролеум Инк.» компанияларында жауапты қызметтер атқарған. 2008 жылы Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) болды. Қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының көлік инфрақұрылымы жөніндегі орынбасары.



**Ардақ
Қасымбек**

«ҚазМұнайГаз»
ҰК АҚ өкілі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін халықаралық экономикалық қатынастар мамандығы бойынша (бакалавриат және магистратура) экономист біліктілігі бойынша, сондай-ақ Business School of City University of London (Англия) банк ісі және халықаралық қаржы мамандығы бойынша қаржыгер біліктілігі бойынша бітірген. Мұнайгаз секторында басқарушылық лауазымдарда жұмыс тәжірибелеріне ие. 2009 жылдан бастап 2012 жылдар аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ топтық даму және активтерді басқару саласында жұмыс істеген. 2012 жылғы наурыздан бастап шілде аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Топтық қаржыландыру және активтерді басқару жөніндегі директор лауазымын атқарған. Қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары және «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлары кеңесінің мүшесі болып табылады.



**Арман
Дарбаев**

«ҚазМұнайГаз»
ҰК АҚ өкілі

Мәскеу қаласындағы С. Орджоникидзе атындағы Мемлекеттік басқару академиясын «Құрылыста басқаруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша бітірген. Жобаларды басқару және мұнай тасымалдау саласында он жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. 1999 – 2002 жылдары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінде жұмыс істеді, ірі инвестициялық жобалардың бірқатарын үйлестіруді жүзеге асырды. 2002 – 2004 жылдары Қоғамда әртүрлі қызметтер атқарды. Кейін мұнай және газ құбыр көлігі жобаларды басқару департаменті директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау жөніндегі атқарушы директоры болды. 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай және газ тасымалдау жобаларын басқару департаментінің директоры.



**Дэниел
Михалик**

Тәуелсіз Директор

Мұнай-химия технологиясы ғылымдарының магистрі, іскери әкімшілік ету магистрі, заң ғылымдарының докторы. Мичиган университетін, Хьюстон университетін және Оңтүстік Техас заң колледжін бітірген. Мұнай, газ және химия өнеркәсібіндегі жұмыс тәжірибесі 30 жылдан астам. Техника, заң және коммерция салалары бойынша жан-жақты білімді, АҚШ, Орталық Азия, Еуропа және Таяу Шығыста жұмыс істеген тәжірибесі бар. «Техасо» әртүрлі мұнай және газ тасымалдау компанияларында бас техникалық инженер және менеджер қызметтерін атқарды. «Техасо Pipeline International» компаниясында бас өңірлік вице-президент болды. Соңғы кезде ол Қазақстанның мұнай-газ жобалары жөніндегі кеңесші, сондай-ақ Вашингтонда Мұнай құбыры қауымдастығының Бас кеңесшісі қызметтерін атқарады.



**Мұстафа
Хабиб**

Тәуелсіз Директор

Жаратылыстану ғылымдарының бакалавры, физика магистрі. Францияның Каен қаласында университет бітірген. Білімі – инженер электртехник, мұнайхимик. АҚШ, Орталық Азия, Еуропа, Африка, және Таяу Шығыста істеген үлкен жұмыс тәжірибесі бар. Ұзақ жылдар бойы Shell және Chevron сияқты компанияларда еңбек еткен. Шикі мұнай мен илеспе өнімдер маркетингі және тасымалдау мәселелеріне жетекшілік етті. Теңізде меркаптандардан тазарту зауытын әзірлеуге және салуға қатысты. TengizChevroil компаниясында мұнай және газ тасымалдау балама бағыттарының маркетингі және дамыту жөніндегі бас менеджері, Лондонда Chevron Overseas Petroleum Inc. (COP) компаниясында бас менеджер, «Chevron International» компаниясының вице-президенті болды.



**Қайыргелді
Қабылдин**

Бас директор
(Басқарма төрағасы)

В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «электрондық есептеу машиналары» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – инженер-электрик. Мұнай-газ саласында 30 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Еңбек жолын КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінде баптаушы инженер болып бастаған. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінде, «ҚазТрансОйл» АҚ МТҰК» ЖАҚ-та, «Мұнай және Газ көлігі» ҰК» ЖАҚ-та жауапты лауазымдарда болды. 2002 жылдан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ көлік инфрақұрылымы және сервис жобалары жөніндегі басқарушы директоры, одан кейін вице-президенті болып істеді. 2007 жылы «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 2008 жылдан бастап 2011 жылғы қазанды қоса есептегенде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы болды. 2011 жылғы қазаннан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы). Мемлекеттік наградалармен: «Құрмет» орденімен және «Парасат» орденімен марапатталған. «Магистральды құбыр көлігінің құрметті қызметкері» және Ресей Федерациясының құрметті мұнайшысы атақтары бар.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

(2012 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)



**Қайыргелді
Қабылдин**

Бас директор (Басқарма
төрағасы)

В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника-лық институтын «электрондық есептеу машиналары» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – инженер-электрик. Мұнай-газ саласында 30 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. Еңбек жолын КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінде баптаушы инженер болып бастаған. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінде, «ҚазТрансОйл» АҚ МТҰК» ЖАҚ-та, «Мұнай және Газ көлігі» ҰК» ЖАҚ-та жауапты лауазымдарда болды. 2002 жылдан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ көлік инфрақұрылымы және сервис жобалары жөніндегі басқарушы директоры, одан кейін вице-президенті болып істеді. 2007 жылы «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 2008 жылдан бастап 2011 жылғы қазанды қоса есептегенде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы болды. 2011 жылғы қазаннан бастап – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы). Мемлекеттік наградалармен: «Құрмет» орденімен және «Парасат» орденімен марапатталған. «Магистральды құбыр көлігінің құрметті қызметкері» және Ресей Федерациясының құрметті мұнайшысы атақтары бар.



**Сисенғали
Өтеғалиев**

Бас директордың өндіріс
жөніндегі бірінші орынбасары

Тюмень индустриалды институтының геология-барлау факультетін «Мұнай және газ ұңғымаларының геологиясы және барлау» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі «Тау инженері-геолог». 40 жылдан астам уақыт Қазақстан Республикасы мұнайгаз секторында жұмыс істейді. Түрлі жауапты қызметтер атқарған. 1995 жылдан бастап 1997 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінде бас даму басқармасының бастығы; 1997 жылдан бастап 2002 жылдар аралығында «Казохойл» Ұлттық мұнайгаз компаниясында өндірісті басқару департаментінің директоры; 2002 жылдан бастап 2004 жылдар аралығында әзірлеу және өндіру департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай және газ өндіру жөніндегі департаментінің директоры; 2004 жылғы наурызда «ҚазМұнайГаз» ӨБ» АҚ өндіріс жөніндегі бас директордың орынбасары болып тағайындалды. 2007 жылғы желтоқсаннан 2009 жылғы маусым аралығында - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры. 2009 жылғы маусымнан 2012 жылғы ақпан аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндіру жобалары жөніндегі бас менеджер болып жұмыс істеген. «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалі мемлекеттік наградалары бар. 2012 жылғы 2 наурыздан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ-та жұмыс істейді, бас директордың орынбасары лауазымына қабылданды. 2012 жылғы 2 мамырдан бастап - бас директордың өндіріс жөніндегі бірінші орынбасары.



**Әзиз
Илеуов**

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Белоруссия мемлекеттік университетін, “Саяси экономия” мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – экономист, политекономия және әлеуметтік пәндер оқытушысы.

Еңбек жолын 1992 жылы бастаған. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің төраға орынбасары, ішкі алыс-беріс жөніндегі комитет төрағасы міндеттерін атқарушы сонымен бірге, “Алматы Пауэр Консолидейтед” ЖАҚ, “Мұнай және газ транспорты” Ұлттық компаниясы” ЖАҚ, “Интергаз Орталық Азия” ЖАҚ, “ҚазТрансГаз” ЖАҚ, «МұнайТас СБҚК» АҚ, «Қазақ-Қытай құбыры» ЖШС, “Жетісу” Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы ҰК» АҚ, “ҚазМұнайГаз” – қайта өңдеу және маркетинг” АҚ және “ҚазТрансГаз” АҚ компанияларында қызметтер атқарған. 2012 жылғы 14 наурыздан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ-та экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор қызметіне қабылданды. 2012 жылғы 2 мамырдан бастап бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары. «Құрмет» ордені мемлекеттік награда-сымен марапатталған.



**Болат
Отаров**

Бас директордың тасымалдау жөніндегі орынбасары

1988 жылы В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институтын «Машина жасау технологиясы, металл кесуші станоктар және саймандар» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі – инженер-механик.

Мұнай-газ саласында 1988 жылдан бастап істейді. «Қаражанбастерммұнай» тәжірибелік-эксперименттік МГӨБ, «Комсомолмұнай» МГӨБ, «ҚаламқасМұнайГаз» МГӨБ, «Оңтүстік мұнай құбыры» ӨБ жұмыс істеді. 1998 жылғы ақпанда Қоғамның Батыс филиалы директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары – тауар-көлік бөлімінің бастығы болып тағайындалды, кейін Қоғамның тасымалдау департаментінің директоры, тауар-көлік операциялары жөніндегі атқарушы директор, тасымалдау жөніндегі атқарушы директор, бас директордың тасымалдау жөніндегі орынбасары, тасымалдау жөніндегі басқарушы директор лауазымында жұмыс істеді.

«Қазақстан мұнайына 100 жыл» төсбелгісімен, «Атырау – Самара 300 млн.тонна мұнай» мерейтойлық медалімен, «Қазақстанның құбыр көлігіне 70 жыл», естелік төсбелгісімен, «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік наградасы – медалімен марапатталған.



Руслан Местоев

Бас директордың бизнесті қолдау жөніндегі орынбасары

Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін информатика және компьютерлендіру жөніндегі менеджер мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Қазақстан Республикасы сыртқы экономикалық байланыс министрлігінің жанындағы «Казахинторг» мемлекеттік сыртқы сауда компаниясының ЭЕМ операторы болып бастаған, одан кейін «Glencore International AG» өкілдігінде, «Внешинвест» корпорациясында, «Ұлар» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры ЖАҚ-та, Атырау облысының әкімдігінде, «Қазақстан Халық банкі» ААҚ-та, «Мұнай және Газ көлігі» ҰК» ЖАҚ-та жұмыс істеді.

2003 – 2007 жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ-та келісімшарттар департаментінің директоры, одан кейін «ҚазТрансОйл» АҚ Мәскеу қаласындағы өкілдігінің басшысы болды. 2007 – 2008 жылдары «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ сатып алу жөніндегі басқарушы директоры боолып істеді.

2009 – 2011 жылдары Senior Contract Engineer, одан әрі Local Content Manager «KMG Kashagan B.V.» ЧКОО филиалында жұмыс істеді. 2011 жылғы 4 қарашадан бизнесті қолдау жөніндегі басқарушы директоры қызметіне тағайындалды.

2012 жылғы 2 мамырдан бастап – аппарат басшысы, 2012 жылғы 20 қыркүйектен бастап бас директордың бизнесті қолдау жөніндегі орынбасары.



Болат Зәкіров

Бас директордың даму жөніндегі орынбасары

«Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы бойынша Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясын бітірген. Данди қ. (Ұлыбритания) университетінде энергетика салалары бойынша ғылымдар магистрі дәрежесін алған, мамандығы – мұнай және газ экономикасы.

Еңбек жолын 1999 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ МТҰК» ЖАҚ-та стратегиялық жоспарлау департаментінде маман болып бастаған. 1999 жылдан бастап 2001 жылдар аралығында бас маман, жоба үйлестірушісі, жобаларды басқару департаментінің менеджері қызметтерін атқарған. 2001 жылдан бастап 2006 жылдар аралығында тасымалдау департаментінің бас менеджері, директор орынбасары, департамент директоры қызметтерін атқарған. 2006 жылғы сәуірден бастап 2009 жылғы қаңтар аралығында «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының даму жөніндегі орынбасары лауазымын атқарған. 2009 жылдан бастап 2011 жылдар бойы, бас директордың бірінші орынбасары, «КМГ - Транскаспий» ЖШС-ның бас директоры болды.

2012 жылғы 16 наурызда «ҚазТрансОйл» АҚ-қа бас директордың кеңесшісі қызметіне қабылданды. 2012 жылғы 1 наурыздан бастап өндіріс жөніндегі басқарушы директор болып ауысты. 2012 жылғы 2 мамырдан - «ҚазТрансОйл» АҚ бас директордың даму жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.



Жайдарман Исақов

Заң департаментінің директоры

1989 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген, біліктілігі «Заңгер».

Еңбек жолын КСРО Қорғаныс министрлігі Сауда басқармасы №456 сауда-дайындау базасының заң кеңесшісі болып бастады, кейін заң компанияларында, «Тұранбанк» Қазақстан акционерлік банкіде және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде жұмыс істеді. Мұнай-газ саласында 2000 жылғы желтоқсаннан бастап істейді: «ҚазТрансГаз» ЖАҚ заң департаменті директорының орынбасары, «Мұнай және газ көлігі» ҰК ЖАҚ заң департаментінің және «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАҚ құқықтық қамтамасыз ету департаментінің бас заң кеңесшісі. 2002 жылғы 1 қазаннан бастап Қоғамның заң департаментінің директоры болып істейді. «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік награда-сы – медалімен марапатталған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІН ІРІКТЕУ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІН АЙҚЫНДАУ ШАРТТАРЫ



Директорлар кеңесі мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды іріктеу және сайлау үдерісі белгіленген ішкі рәсімдерге сәйкес «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Компанияның Жарғысымен және Топтық басқару кодексімен көзделген тәртіпте директорлыққа кандидат туралы жеткілікті деректер, кандидат пен Компанияның өзара қатынастары туралы ақпарат (үлестестігі, ынтымақтастығы және т.б.), тәуелсіздік шарттары, тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және мінсіз беделі туралы мәліметтер негізінде белгіленген ішкі рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидат және Директорлар кеңесінің мүшесі жеке тұлға болуы тиіс, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесі басқа да мүшелерінің сеніміне ие, мінсіз беделі, кәсіби білімі мен біліктілігі бар, басшылық қызметтегі тәжірибесі үш жылдан кем емес, Компанияның негізгі қызметіне сәйкес саладағы тәжірибесіне артықшылық беріледі, оң жетістіктері мен іскери және салалық ортадағы беделі мінсіз болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры Директорлар кеңесінің мүшесі болуға тиіс, ол Компанияның үлестес тұлғасы болмайды және оны Директорлар кеңесіне сайлау

алдындағы үш жыл ішінде (оның Компанияның тәуелсіз директоры қызметінде болуы жағдайын қоспағанда) болмаған, Компанияның қосылма тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болмаған; Компанияның лауазымды тұлғаларына немесе Компанияның үлестес тұлғалары – ұйымдарына бағыныштылық байланысы жоқ және оны Директорлар кеңесіне сайлау алдындағы үш жыл ішінде осы адамдармен бағыныштылық байланысы болмаған; мемлекеттік қызметкер емес; Компанияның аудитору емес және Директорлар кеңесіне сайлау алдындағы үш жыл ішінде аудитор болмаған; аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Компанияның аудитіне қатыспайтын және Директорлар кеңесіне сайлау алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған.

Басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, бас директорды (Басқарма төрағасын) қоспағанда, оның мүшелерін сайлау (тағайындау), олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компания Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскери беделі болуы тиіс.

05

ҚАРЖЫ ЕРЕЖЕСІН
ЖӘНЕ ҚАРЖЫ-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ
НӘТИЖЕЛЕРІН
ТАЛДАУ



Остаточная стоимость на 1 января 2011 года		Земля	Трубо-проводы	Транс-портные активы	Здания	Машины и оборудо-вание	Техноло-гическая нефть	Прочее
Валовые пересчета валюты								
Поступления		15.944.625	90.937.665	6.796.872	73.078.571	75.020.891	45.090.713	11.085.672
Выбытия								
Износ		32.977						
Накопленный износ по выбытию		192.386	765.482	359.123	792.840	(903.405)		(18.505)
Обесценение (через прибыль и убыток)		(3.581)	(186.521)	616.071	1.766.247	2.010.881		997.231
Обесценение (через резерв переоценки)			(9.320.851)	(41.196)	(745.484)	(172.285)		(172.452)
Переоценка (резерв переоценки)			161.344	(1.094.561)	(6.313.079)	(8.181.093)		(1.928.669)
Восстановление резерва по обесценению (через прибыль и убыток)		(5.320.693)	73.367	34.832	47.033	95.796		121.666
Переведено с незавершенного строительства		(136.943)	(244.996)	(124.319)	(858.623)	(654.279)		(19.181)
Переведено в нематериальные активы				(142.275)	(5.931.915)	(2.301.384)		(34.389)
Перемещений и переводов								
Остаточная стоимость на 31 декабря 2011 года		17.197	2.896.812	133.304	3.035.890	13.582.220		175.822
Валовые пересчета валюты								
Поступления								
Выбытия		10.725.968	(13.002)					
Износ								
Накопленный износ по выбытию		127.675	(137.151)			6.230.224		(4.347)
Выбытия дочерней организации (Примечание 9)		36.444				(4.585.667)		
Накопленный износ по выбытию дочерней организации (Примечание 9)		(26.442)						
Износ по выбытию дочерней организации								
Обесценение (через прибыль и убыток)								
Обесценение (через резерв переоценки)		(423.021)						
Восстановление резерва по обесценению (через прибыль и убыток)								
Переведено с незавершенного строительства								
Переведено в нематериальные активы								
Перемещений и переводов								
Остаточная стоимость на 31 декабря 2011 года		75.255	5.416.807	7.797.758	23.982.196	200.291		2.165.000

42

Төменде келтірілген талқылаулар мен талдау Компания қызметі мен қаржы жағдайлары нәтижелерінің негізгі тенденциялары мен маңызды өзгерістерін байқауға және бағалауға мүмкіндік береді. Төменде келтірілген талқылау Қаржы есептілігіне негізделген және сол Қаржы есептілігімен, оған берілген ескертулерімен және осы құжаттың тарауларында берілген өзге ақпараттармен бірге оқып қарастырылуы тиіс.

Қаржы ақпараттарын ұсыну

Осы құжатқа тіркелген Компанияның шоғырландырылған қаржы есептілігі 2012 жылғы және 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған 2 жылғы аудит («Аудит жасалған қаржы есептілігі») қорытындылары бойынша Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары бойынша кеңесте қабылданған Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалған.

Осы құжатқа тіркелген екі 2012 жылғы және 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған Компанияның шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша өткен аудит («Аудит жасалған қаржы есептілігі») Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары бойынша кеңесте қабылданған Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалған.

ҚЕХС-те көзделмеген көрсеткіштерді ұсыну

Компания EBITDA деп жалпы пайданы алу жалпы және әкімшілік шығындарын қосу тозу және амортизация қосу/ (алу) күдікті берешек, салықтар мен тозған тауар-материалдық қор бойынша резервтерді есептеуді/түзетуді түсінеді.

Компания EBITDA-ны, көзделген көрсеткіш компанияны бағалау кезінде Топ секілді сол салада жұмыс істейтін құнды қағаздар, инвесторлар және басқа мүдделі тараптар бойынша мамандар жиі қолданады деп ойлайды. EBITDA көрсеткіші аналитикалық құрал, оның кейбір шектеулері бар және оны ҚЕХС бойынша Компания қызметі нәтижелерін талдауда жеке немесе бірге қарастырылуға тиіс емес. Бұдан басқа, осы салада жұмыс істейтін өзге компаниялар EBITDA-ны өзгеше мағынада түсінеді немесе бұл көрсеткішті өзге мақсаттар үшін қолданады, Компания оларға қарағанда, оның пайдалылығын салыстыру құралы ретінде шектейді. EBITDA Компанияның ҚЕХС-пен қарастырылмаған және ҚЕХС-ке сәйкестендірілмеген операциялық қызметі нәтижелерінің көрсеткіші болып табылады. EBITDA ҚЕХС-ке сәйкес Топтың операциялық қызмет нәтижелерін бағалау құралы болып табылмайды және ҚЕХС-ке сәйкес алынған «Бір жылғы табыс», «операциялық қызметтен түскен табыс» немесе өзге көрсеткіштер секілді көрсеткіштерге ұқсас есебінде немесе операциялық қызметтен түскен ақша ағындары көрсеткішіне ұқсас немесе Топ өтімділігін бағалау құралы ретінде қарастырылмауы тиіс.

Валюталар және айырбас бағамдары

Төменде теңге мен АҚШ долларының айырбас бағамдары туралы ақпарат, көрсетілген мерзімдерге қатысты, сәйкесінше KASE ресми айырбас бағамдары негізінде

берілген. Берілген бағамдар қаржы есептілігін және өзге қаржы ақпараттарын дайындау кезінде қолданылған, осы құжатта көрсетілген нақты бағамдардан айырмашылығы болуы мүмкін.

2011 жылғы 31 желтоқсанда теңге мен АҚШ долларының айырбас бағамы бойынша 1 АҚШ доллары 148,4 теңгені құрады.

2012 жылғы 31 желтоқсанда теңге мен АҚШ долларының айырбас бағамы бойынша 1 АҚШ доллары 150,74 теңгені құрады.

Қызмет және қаржы көрсеткіштерінің нәтижелерін талдау

Компания Қазақстан Республикасы Агенттігінің статистикалық деректеріне сай статистика бойынша, Қазақстан Республикасы магистральды мұнай құбырлары мен су ағызғыларының ұзындығы мен өткізу қабілеті бойынша ең ірі жүйесінің меншік иесі болып табылады. Компания қызметіне сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағындағы ірі суағызғыларының бірі Астрахань – Маңғышылақ магистральды су ағызғылары арқылы су беру қызметтері де кіреді. Сонымен бірге, Компания үшінші тұлғалар иелік ететін, оның ішінде Компанияның бірлескен ұйымдарымен, оның шетелдік серіктестіктері болып табылатын ҚҚҚ және МұнайТастың магистральды мұнай құбырларын пайдалану және техникалық күтім көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ еншілес кәсіпорны, VINL көмірсутегілерді ауыстырып құю және сақтау, құрғақ жүктерді ауыстырып тиеу бойынша, сондай-ақ Грузиядағы Батуми мұнай терминалы және Батуми теңіз кемежайы арқылы жүктерді ауыстырып тиеу бойынша қызметтер көрсетеді.

Компания ҚҚҚ-ға қатысу үлесінің 50%-на және МұнайТасқа қатысу үлесінің 51%-на иелік етеді, олардың екеуі де бірлесе бақылануда. Компания ҚҚҚ жағдайында CNPC, CNDOS және МұнайТас жағдайында CNPC Exploration and Development Company Ltd. еншілес компанияларымен шарт қатынастарын жасасты, осыған сәйкес Компания және оның серіктестері бірлескен кәсіпорындар бойынша бірлескен кәсіпорын қызметтеріне, қаржы және операциялық саясатты қосқанда бірлескен бақылау жүргізеді.

Компанияның бірлескен-бақылаудағы кәсіпорындарына инвестициялардың қатысу үлесі әдісі бойынша шоғырландырылған қаржы есептілігімен есептеледі. Топтың жиынтық кірісі туралы есебі бірлескен-бақылаудағы кәсіпорындардың қызметі нәтижелеріндегі оның үлесін көрсетеді, бұл жағдайда, бірлескен-кәсіпорындар табысындағы үлес мына «Бірлескен-бақылаудағы кәсіпорындардың кірісінің үлесі» жолдарында есепке алынады. Сонымен, Компанияның ақшалай түсімі мен өзіндік құны тек Компания және оның шоғырландырылған еншілес компаниялары бойынша, бірлескен кәсіпорындардың ақшалай түсімі және шығындарысыз беріледі.

* Есепті кезеңде Қазақстан қор биржасында қалыптасқан орташа бағам көрсетілген

Жылдық есептегі өндірістік көрсеткіштер көрсетілетін қызметтер көлемі толық көрсету есебімен өншілес және бірлескен-бақылаудағы кәсіпорындардың қатысу үлесіне сәйкес ұсынылды.

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар бірлескен кәсіпорындардың таза бірлескен активтеріндегі үлесті сатып алғаннан кейін туындаған алғашқы құны плюс өзгерістер бойынша есептеледі.

Қызмет нәтижелеріне ықпал етуші негізгі факторлар

Компанияның қызмет нәтижелеріне ықпал етуші негізгі факторлардың санына қарастырылатын кезеңдерінің және қалай күту керектігіне, Компанияның қызмет нәтижелеріне болашақта ықпал етуші мына факторлар жатады:

Мұнай тасымалдау және жүк айналымы көлемі

Осы кестеде Компанияның мұнай құбырлары бойынша мұнай тасымалдау және мұнай жүк айналымының көлемі көрсетілген кезеңдерге берілген:

	31 желтоқсанға аяқталған жылдарға	
	2012	2011
Мұнай тасымалдау көлемі (мың тонна)*	53 459	54 019
Ішкі нарыққа жеткізу үшін*	14 054	13 502
Одан әрі экспорттау үшін*	39 406	40 518
Мұнай жүк айналымы (млн. тонна км)*	34 530	34 493

* Компанияға қатысты жеке шоғырландырылмаған ақпарат

Қарастырылатын кезеңге Компанияның магистральды мұнай құбырлары жүйесімен мұнай тасымалдау көлемінің азайғаны көрсетілген. Компанияның мұнай тасымалдау көлемі 2012 жылы 1%-ға (2011 жылы 54 019 мың. тоннадан 2012 жылы 53 459 мың тоннаға дейін) төмендеген.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның магистральды мұнай құбырлары жүйесімен ішкі нарыққа және одан әрі экспортқа жеткізу үшін мұнай тасымалдау көлемі 14 054 мың тоннаны және 39 406 мың тоннаны, сәйкесінше, 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдаймен салыстырғанда 13 502 мың тоннадан және 40 518 мың тоннаны құраған. Компанияның ішкі нарыққа мұнай жеткізудің көрсетілген артықтығы және Компанияның одан әрі экспортқа мұнай тасымалдау үлесінің азаюы Омбы-Павлодар мұнай құбыры бойынша ресей мұнайын жеткізудің азаюымен және республиканың мұнай өңдеу зауыттарына жүктеуді қамтамасыз ету мақсатында ішкі нарыққа мұнай жеткізуді қайта бөлуге байланысты болды. (Жеке «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша мұнай тасымалдау көлемі «Мұнай тасымалдау және жүк айналымы көлемі» тарауында келтірілген).

Мұнай тасымалдау Компанияның магистральды мұнай құбырлары жүйесімен және бірлескен кәсіпорындардың, ҚҚҚ және МұнайТас құбырлары бойынша жүзеге асырылады.

2012 жылы ҚҚҚ 10 391 мың тонна мұнай тасымалдауды жүзеге асырды, ал ҚҚҚ мұнай жүк айналымы көлемі 13 745 млн. тонна км (сәйкесінше, 2011 жылға бұл деректер 10 889 мың тонна мұнайды және 13 859 млн. тонна км.) құрады.

2012 жылы МұнайТас компаниясы 3 825 мың тонна мұнай тасымалдауды жүзеге асырды, ал МұнайТас мұнай

жүк айналымы көлемі 1 490 млн. тонна км (сәйкесінше, 2011 жылға бұл деректер 4 029 мың тонна мұнайды және 1 612 млн. тонна км.) құрады.

Көмірсутегілерді ауыстып құю

Түсім

Топ түсімі мына қызметтер түрлерінің түсімінен тұрады:

- Компанияның магистральды мұнай құбырлары жүйесімен мұнай тасымалдау;
- Мұнай тасымалдау қызметтерін көрсету шарттарының ережелеріне сәйкес мұнай сақтау бойынша қызметтер;
- Тасымалдау экспедициясы қызметтері (бірыңғай бағыт бойынша операторлық қызмет);
- Мұнай өндіруші компанияларға, олардың техникалық қажеттіліктері үшін, ауылшаруашылық кәсіпорындарына және магистральды суағызғы бойынша халыққа су беру;
- Компаниямен бірлескен кәсіпорындарға және үшінші тұлғаларға көрсетілетін құбырларды пайдалану және техникалық күтім көрсету қызметтері;
- Батуми мұнай терминалы мұнай және мұнай өнімдерін ауыстырып құю және Әзірбайжан-Грузия шекарасынан Батуми мұнай терминалына дейін теміржолмен тасымалдауға кіретін Petrotrans компаниясының тасымалдау экспедициясы қызметтері;
- Батуми теңіз немежайы қызметтері (оның ішінде құрғақ жүктерді ауыстырып тиеу);
- Компанияның негізгі қызметімен байланысты емес өзге қызметтері, энергияның басқа жеткізу көздері жоқ, мысалы, халыққа және жергілікті кәсіпорындарға, электр- және жылуэнергиясын жеткізу, сондай-ақ ҚТО–Сервис қызметтері (медициналық және өзге қосымша шығындар).

Іске асырудың өзіндік құны

Іске асырудың өзіндік құны мына шығындар категорияларынан тұрады: тозу және амортизация, қызметшілерге шығатын шығындар, темір жол қызметтері, отын және материалдар, электрэнергиясы, жөндеу және тех. күтім көрсету, салықтар, топтық табыс салығынан басқа, күзет қызметтері, газ шығындары, авиапатрульдеу қызметтері, еңбек қызметі аяқталуы бойынша қызметшілерді марапаттау шығындары, қоршаған ортаны қорғау, операциялық жалдау, іссапар шығындары, сақтандыру, құбырларды ізерлеу, байланыс және өзге шығындар.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

Жалпы және әкімшілік шығыстарға жатады: қызметшілерге жұмсалатын шығындар, тозу және амортизация, кеңес беру қызметтері, салықтар, топтық табыс салығынан басқа, әлеуметтік сала бойынша шығыстар, қайырымдылыққа жұмсалатын шығыстар, санаққа алынбайтын ҚҚС бойынша шығыстар, сақтандыру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жөндеу және тех. күтім көрсету, операциялық жалдау бойынша шығыстар, іссапар шығыстары, материалдар және отын, оқыту, еңбек қызметі аяқталуы бойынша қызметшілерді марапаттау шығындары, байланыс қызметтері, банк қызметтері, жарнама шығыстары, тасымалдау шығыстары, ақпараттық қамтамасыз ету, офиске күтім көрсету шығыстары, сондай-ақ күдікті берешек, ескірген қор және салықтар бойынша резервтер және өзге шығындар.

Өзге операциялық кірістер

Өзге операциялық кірістерге мұнай тасымалдау бойынша жүк жөнелтушілер шарттар ережелерін бұзған жағдайда Компаниямен алынатын айыппұлдар мен өсімаөқылардан түсетін кіріс, болашақтағы кезеңдерге амортизация кірістері, тауар-материалдық қорлардың өтуінен түсетін кіріс, істен шығарылған кредиторлық берешектен түсетін кіріс, Компанияның қаржы кепілдіктеріне МұнайТас міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін ЕБРР-мен берілген ЕБРР кредиттік шарты бойынша амортизация, сондай-ақ сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерден шығу кезіндегі кірістер, және өзге кірістер жатады.

Өзге операциялық шығыстар

Өзге операциялық шығыстарға актуарийлік залалдар, негізгі қаражаттар мен бейматериалдық активтерден шығу шығыстары, сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерден шығу кезіндегі шығыстар, тауар-

материалдық қорлардың өтуінен түсетін шығыстар және өзге шығыстар жатады.

Негізгі қаражаттардың және бейматериалдық активтердің құнсыздануы

Құнсыздануға, егер ақшалай ағындарды дамытушы актив немесе бөлімшенің теңгерімді құны, оны өтейтін мына шамалардан: сатуға шығарылған шығындар мен пайдаланудан түскен құндылығының есебінен шығарғандағы әділ құны аса үлкен болып табылатын сомдан артық болса оған жол беріледі.

Қаржы кірістері

Топтық қаржы кірістері банктерге салынған салымдар бойынша пайыздық кірістен, кепілдіктер бойынша кірістерден, бірлескен кәсіпорындардан түсетін дивидендтер бойынша кірістен және басқа инвестициялардан және өзге кірістерден тұрады.

Қаржы шығындары

* Осы бағанада берілген кейбір сомалар 2011 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомалардан айрықша келеді, себебі жасалған түзетулерді көрсетеді, ол туралы толық ақпарат 5-ескертпеде келтірілген.

Ақшасыз операциялар

Мына ақшасыз операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталды:

Аяқталмаған құрылыс құнына кіргізілген тозу
2012 жыл үшін аяқталмаған құрылыс құнына кіргізілген тозу сомасы 22.996 мың теңгені құрады (2011: 11.054 мың теңге).

64

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен

	Ескерт.	Жарғылық капитал	Активтерді қайта бағалау бойынша резерв	Капиталдың өзге де резервері	Есептілік валютасын қайта есептеу бойынша резерв	Үлестірілмеген пайда	Капитал жиыны
2011 жылғы 1 қаңтарға		32.916.055	124.828.954	17.104	8.590.235	171.962.450	338.314.798
Есепті кезеңдегі пайда		–	–	–	–	25.945.397	25.945.397
Өзге де жиынтық кіріс		–	25.123.646	–	743.894	–	25.867.540
Бір жылға жиынтық кіріс жиыны		–	25.123.646	–	743.894	25.945.397	51.812.937
Қайта бағаланған негізгі құралдардың өтелімін ауыстыру		–	(12.424.089)	–	–	12.424.089	–
Акциялар шығару	19	1.701.149	–	–	–	–	1.701.149
Дивидендтер	19	–	–	–	–	(19.330.798)	(19.330.798)
Өзге де бөлулер	19	–	–	–	–	(1.000.000)	(1.000.000)
Шетел валютасын қайта бағалау		–	528.317	–	–	(528.317)	–
2011 жылғы 31 желтоқсанға		34.617.204	138.056.828	17.104	9.334.129	189.472.821	371.498.086
Есепті кезеңдегі пайда		–	–	–	–	33.501.128	33.501.128
Өзге де жиынтық кіріс		–	19.454.739	–	541.747	–	19.996.486
Бір жылға жиынтық кіріс жиыны		–	19.454.739	–	541.747	33.501.128	53.497.614
Қайта бағаланған негізгі құралдардың өтелімін ауыстыру		–	(13.090.536)	–	–	13.090.536	–
Акциялар шығару	19	27.886.080	–	–	–	–	27.886.080
Акцияларды шығарумен байланысты кеңес беру қызметтеріне шығындар	19	(565.717)	–	–	–	–	(565.717)
Дивидендтер	19	–	–	–	–	(60.002.000)	(60.002.000)
2012 жылғы 31 желтоқсанға		61.937.567	144.421.031	17.104	9.875.876	176.062.485	392.314.063

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

65

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Мұнай және Газ көлігі» ұлттық компаниясы» ЖАҚ («МГК») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 мамырдағы қаулысына сәйкес құрылды. Осы қаулының негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті «ҚазТрансОйл» ҰМТК» ЖАҚ акцияларына меншік құқығын МГК-ға берді, осының нәтижесінде «ҚазТрансОйл» ҰМТК» ЖАҚ «ҚазТрансОйл» ЖАҚ болып қайта тіркелді және қайта аталды.

2004 жылғы 31 мамырда Қазақстан заңнамасының талаптарына сай «ҚазТрансОйл» ЖАҚ «ҚазТрансОйл» АҚ («Компания») болып қайта тіркелді.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ («ҚМГ») немесе «Бас Компания») Компанияның ең ірі акционері болып табылады, және ол Компанияға қатысты бақылау үлесіне ие (90 пайыз). ҚМГ толығымен «Самұрық-

Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Самұрық - Қазына) тұлғасында Үкіметке тиесілі.

2012 жылы Компанияды акцияларын 1:10 үйлесімдеріне бөлшектеді, осының нәтижесінде жарияланған акциялардың саны 34.617.204 акциядан 346.172.040 акцияға дейін өсті, бұл ретте жарғылық капиталдың мөлшері өзгерген жоқ (34.617.204 мың теңге). Бұдан кейін Компания «Халықтық IPO» бағдарламасының шеңберінде Қазақстандық Қор Биржасында орналастыру мақсатында жарияланған акциялардың санын 38.463.560 данаға өсірді (жалпы саннан 10% 384.635.600 данада). 2012 жылғы 25 желтоқсанда Қазақстандық Қор Биржасында «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларының сауда-саттығы ашылды. Нәтижесінде бір акция үшін 725 теңге бойынша 27.886.080 мың теңге сомаға 38.463.559 жай акция сатылды (19-ескертпе).

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның мына ұйымдарда қатысу үлесі бар:

Қатысу үлесі

	Тіркелген жері	егізгі қызметі	2012 жылғы 31 желтоқсан	2011 жылғы 31 желтоқсан
«ҚТО-Сервис» АҚ («ҚТО-Сервис»)	Қазақстан	Өндірістік емес активтерді басқару	—*	100%
«МұнайТас» СБҚК» АҚ («МұнайТас»)	Қазақстан	Мұнай тасымалдау	51%	51%
«Қазақстан – Қытай Құбыры» ЖШС («ҚҚК»)	Қазақстан	Мұнай тасымалдау	50%	50%
«Batumi Capital Partners Limited» («BCPL»)	Кипр**	Мұнайды және мұнай өнімдерін экспедициялау, ауыстырып құю және сақтау	50%***	50%***
«Batumi Industrial Holdings Limited» («BIHL»)	Кипр**	Мұнайды және мұнай өнімдерін экспедициялау, ауыстырып құю және сақтау, Батуми қ. теңіз кемежайын және мұнай құю терминалын пайдалану	100%***	100%***

* 2012 жылғы 21 қыркүйекте Компания «ҚазМұнайГаз-Сервис» АҚ-тың пайдасына «ҚТО-Сервис» АҚ (байланысты тарап) жай акцияларының 100% өткізді (9-ескертпе).

** BCPL және BIHL негізгі қызметін Грузияда орналасқан еншілес кәсіпорындар жүзеге асырады. BIHL BCPL 50%-на тікелей иелік етеді. Тиісінше Компания BIHL еншілес кәсіпорны арқылы 100% BCPL иеленді.

Компания және оның еншілес ұйымдары бұдан әрі мәтін бойынша «Топ» ретінде қаралады.

Компанияның бас кеңсесі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19 мекенжайы бойынша орналасқан. Компанияның Атырау (Батыс филиалы), Павлодар (Шығыс филиалы), Алматы (Ғылыми-техникалық орталық), Астана (Ұжымдық пайдалану есептеу орталығы) қалаларында орналасқан 4 филиалы және Ресей Федерациясында (Мәскеу, Омбы және Самара қалалары) және Украинада (Киев қаласы) өкілдік кеңселері бар.

Топтың Қазақстан Республикасы аумағында ұзындығы 5.503 км магистральды мұнай құбырлары және ұзындығы 2.148 км суағызғылар желісі бар. Мұнымен қатар Топ басқа аралас құбыр желілерінде мұнайды сақтауды, ауыстырып құюды және оның көлік экспедициясын жүзеге асырады. Топтың МұнайТас және ҚҚК бірлескен

кәсіпорындары Қазақстан мұнайын Қытайға тасымалдау үшін пайдаланылатын Кеңқияқ – Атырау және Атасу – Алашаңқай құбырларына иелік етеді. Топтың BIHL еншілес кәсіпорнына Батуми мұнай терминалы және негізгі қызметі мұнай құю жүктерін сақтау және ауыстырып құю болып табылатын Батуми теңіз кемежайын басқару құқығы тиесілі.

Компания табиғи монополист болып табылады және тиісінше Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің (ТМРА) реттеу объектісі болып табылады. Бұл агенттік тарифті, сондай-ақ тарифтік мөлшерлемелерді есептеу әдіснамасын бекіту үшін жауапты, бұлардың негізінде Топ Қазақстан Республикасындағы кірістердің негізгі үлесін алады. Негізінде тарифтер іске қосылған активтерге капитал бағасын қайтаруға негізделеді. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялардың қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес тарифтер қызметтерді

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

көрсету үшін қажетті шығындардың бағасынан төмен бола алмайды және табиғи монополия субъектісінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін есепке ала алмайды.

ТМРА 2012 жылғы 1 желтоқсаннан бастап ішкі және экспорттық нарықтарға мұнай айдау тарифтерін өсірді: Ішкі нарыққа 1.000 км-ге мұнайдың 1 тоннасын

тасымалдауға тариф 1.303 теңгеден 1.954,5 теңгеге дейін өсті; экспортқа мұнай айдауға 1.000 км-ге мұнайдың 1 тоннасын тасымалдауға тариф 3.331 теңгеден 4.732,6 теңгеге дейін өсті.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Компанияның бас директоры және бас бухгалтері 2013 жылғы 26 ақпанда шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары кеңесі (ХҚЕС жөніндегі кеңес) бекіткен редакцияда дайындалған.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік мына баптарды: негізгі құралдар, олар қайта бағаланған құны бойынша

есептеледі және қаржы активтері – әділ құны бойынша есептеледі, қоспағанда бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалған. Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген, ал барлық сома басқаша көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тұтас мыңдыққа дейін дөңгеленіп алынған.

3. ШОҒЫРЛАНДЫРУ НЕГІЗІ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды.

Еншілес компанияларды Топ еншілес компанияларға бақылауды Топ алған күнді білдіретін сатып алу күнінен бастап шоғырландырады және осындай бақылауды Топ жоғалтқан күніне дейін шоғырландыратын болады. Еншілес компанияның қаржылық есептілігі Топтың барлық компаниялары үшін есеп саясатын дәйекті қолдану негізінде Компания есептілігі тәрізді есепті кезеңде дайындалады. Топ ішіндегі операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын барлық топ ішілік қалдықтар, операциялар, жұмсалмаған кірістер мен шығыстар және дивидендтер толық алынып тасталған.

Еншілес компанияның жалпы жиынтық кірісі бұл теріс сальдоға әкеліп соғатын жағдайдың өзінде қатысудың бақыланбайтын үлесіне жатады.

Бақылауды жоғалтпағанда еншілес кәсіпорындағы қатысу үлесінің өзгерісі капиталмен операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес кәсіпорынға бақылауды жоғалтса, ол:

- еншілес кәсіпорын активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтатады (оның ішінде өзіне жататын гудвилді);
- бақыланбайтын қатысу үлесінің теңгерімдік құнын тануды тоқтатады;
- капиталда көрсетілген жинақталған бағамдық айырманы тануды тоқтатады;
- алынған сыйақының әділ құнын таниды;
- қалған инвестицияның әділ құнын таниды;
- пайда немесе залал құрамындағы операция нәтижесінде туындаған артығын немесе дефицитті таниды;
- бұрын басқа жиынтық кіріс құрамында танылған компоненттердің, пайда мен залалдың немесе бөлінбеген пайданың құрамындағы компания үлесін ХҚЕС-тің нақты талаптарына сәйкес қайта жіктейді.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

4.1 Бизнесі біріктіру және гудвил

Бизнесі біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып есептеледі. Сатып алу құны сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланған табысталған сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі ретінде бағаланады. Бизнесі біріктіру жөніндегі әр мәміле үшін Топ сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесін қалай бағалау туралы шешім қабылдайды: не әділ құны бойынша не сатып алынатын компаниядағы сәйкестендірілетін таза активтердегі барабар үлес бойынша бағалайды. Сатып алумен байланысты шығындар жұмсалған уақытында әкімшілік шығыстар құрамына кіргізіледі.

Егер Топ бизнесі сатып алса, ол сатып алынған қаржы активтерін және қабылданған міндеттемелерді

шарт талаптарына, сатып алу күніне экономикалық жағдайларға және тиісінше шарттарға байланысты жіктейді. Бұған сатып алынатын компания бөлетін негізгі шарттарға кіргізілген өндірістік құралдарды қажеттілік мәніне талдау жатады.

Бизнесі кезең-кезеңімен біріктіру жағдайында сатып алынатын компаниядағы бұрын сатып алушы тарапқа тиесілі болған қатысу үлесінің әділ құны сатып алу күніне оның осы күнге әділ құны бойынша қайта бағаланып, айырмасы пайда немесе залал құрамына жатқызылады.

Сатып алушы тарапқа беруге жататын шартты сыйақы сатып алу күніне әділ құны бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына түсетін актив немесе міндеттеме болуы мүмкін шартты сыйақы

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

67

әділ құн бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгерістері пайда немесе залал құрамында, не өзге жиынтық кіріс өзгерісі ретінде танылады. Егер шартты сыйақы 39 ХҚЕС (IAS) қолдану аясына түспесе, ол өзге қолданылатын ХҚЕС-ға сай бағаланады. Егер шартты сыйақы капитал ретінде жіктелетін болса, ол кейіннен бағаланбайды және оны өтеу капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвил әуелден берілген сыйақы сомасының артуы және Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтер сомасына қатысудың танылған бақыланбайтын үлесі және ол қабылдаған міндеттемелер ретінде айқындалған бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер осы сыйақы сатып алған таза активтердің әділ құнынан аз болса, айырмасы пайда немесе залал құрамында танылады.

Соның салдарынан гудвил құнсызданудан болған жиналған залалдарды шегергенде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алған гудвилді құнсыздану мәніне тексеру үшін гувил компаниялар Тобы сатып алған күннен бастап Топтың ақша ағындарын тудыратын бөлімшелерінің әрқайсысына бөлінеді, олар болжанып отырғандай компания сатып алатын басқа активтер мен міндеттемелер аталған бөлімшелерге жататынына немесе жатпайтынына тәуелсіз бизнесті біріктіруден пайда табады.

Егер гудвил ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің бөлігін құраса және осы бөлімшенің бір бөлігі шығып қалса, шығып қалатын қызметке жататын гудвил оның шығуынан болатын пайданы немесе залалды айқындау кезінде осы қызметтің теңгерімдік құнына кіргізіледі. Осы жағдайларда шығып қалған гудвил шығып қалған қызмет құнының және ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің қалған бөлігі құнының қатынасы негізінде бағаланады.

4.2 Бірлескен қызметке қатысу

Топтың бірлескен бақылаудағы компаниялар нысанындағы бірлескен қызметке қатысу үлесі бар, онда бірлескен қызмет қатысушылары компанияның экономикалық қызметіне бірлескен бақылауды белгілейтін шарттық келісімге кірді. Келісім бірлескен қызмет қатысушыларынан қаржылық және операциялық саясатқа қатысты келісілген шешімдер қабылдауды талап етеді. Топ бірлескен қызметтегі өзінің қатысу үлесін үлестік қатысу әдісін қолдана отырып таниды.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар алдымен бастапқы құн бойынша есептеледі. Инвестициялардың теңгерімдік құны сатып алған күннен кейін туындайтын бірлескен кәсіпорындардың таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Бірлескен кәсіпорындарға жататын гудвил

инвестициялардың теңгерімдік құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорындар қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Егер бірлескен кәсіпорын капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса, осы фактіні ашады. Топтың бірлескен кәсіпорындармен операциялар бойынша туындайтын іске асырылмаған пайдалары мен залалдары Топтың бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлесі дәрежесінде шығарылады.

Бірлескен кәсіпорындар пайдасындағы немесе залалындағы Топтың үлесі тікелей жиынтық кіріс туралы есепте беріледі. Ол салық салу есебінен кейінгі пайда немесе залал ретінде айқындалады.

Бірлескен кәсіпорындардың қаржылық есептілігі Топ қаржылық есептілігі сияқты есепті кезеңде жасалады. Қажет болған ретте есеп саясатын Топтың есеп саясатымен сәйкестікке келтіру мақсатында оған түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ бірлескен кәсіпорындарға Топтың инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша залалдарды тану қажеттілігін айқындайды. Топ әр есепті күнге бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар құнсыздануының объективті айғақтарының болуын анықтайды. Осындай айғақтар болған жағдайда Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның өтелген құны мен оның теңгерімдік құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманы «Бірлескен кәсіпорындардағы пайда мен залалдардағы үлес» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы есепте таниды.

Бірлескен кәсіпорынға бірлескен бақылау жойылған ретте және бұрынғы бірлескен бақылаудағы компания еншілес немесе қауымдас компания болмаған жағдайда, Топ әділ құн бойынша қалған инвестицияны бағалайды және таниды. Бірлескен бақылау жойылған кезге бұрынғы бірлескен бақылаудағы компания теңгерімдік құны мен қалған инвестицияның әділ құны және шығудан түсімдер арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады. Егер компания объектіге салынған инвестицияға елеулі әсерін сақтаса, қалған инвестициялар қатысу үлесі әдісі бойынша қауымдас компанияға салынған инвестиция ретінде есептеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

4.3 Шетел валютасын қайта есептеу

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі теңгемен берілген. Теңге атқарымдық валюта және

Компания валютасы болып табылады. Топтың әр компаниясы өзінің қызмет ететін валютасын айқындайды және әр компанияның қаржылық есептілігіне кіргізілген баптар осы қызмет ететін валютада бағаланады.

Операциялар мен қалдықтар

Топ компаниялары шетел валютасындағы операцияларды бастапқыда өздерінің қызмет ететін валютасында операция тану көрсеткіштерін қанағаттандыратын күнге қолданылатын валюта бағамы бойынша есептейді.

Шетел валютасында бейнеленген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданыстағы қызмет ететін валюта спот-бағамымен қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу және қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырма жиынтық кіріс туралы есепке кіргізіледі.

Тарихи құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасау күніне қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Әділ құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданыстағы бағам бойынша қайта есептеледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар баптың әділ құны (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, өзге де

жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылған әділ құнның өзгерісінен болған кірістер немесе шығыстар да тиісінше өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған кірістерді немесе шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.

Шетелдік бөлімшені сатып алған кезде туындайтын гудвил және олардың әділ құнына дейін активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын түзету шетелдік бөлімшенің активтері және міндеттемелері ретінде есепке алынады және есепті күнге қызмет ететін валюта бағамы бойынша қайта есептеледі.

Топ компаниялары

Шоғырландыру кезінде шетелдік бөлімшенің активтері мен міндеттемелері есепті күнге әрекет ететін бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі, осындай бөлімшелердің пайдасы мен залалдары орташа бағам бойынша қайта есептеледі. Осындай қайта есептеу кезінде пайда болатын бағамдық айырма өзге жиынтық кіріс құрамында танылады. Шетел бөлімшесі шыққан кезде осы шетел бөлімшесіне жататын өзге жиынтық кіріс құрамдастары пайда немесе залал құрамында танылады.

Валюта айырбастау бағамдары

Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа өлшенген айырбас бағамдары Қазақстан Республикасындағы ресми айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.

31 желтоқсанға ҚҚБ белгілеген валюта айырбастау бағамдары мынаны құрады:

Теңгемен

	2012 жыл	2011 жыл
АҚШ доллары	150,74	148,40
Ресей рубілі	4,96	4,61
Еуро	199,22	191,72
Грузин лариі	90,99	88,63

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

69

4.4 Сату үшін ұсталатын айналымнан тыс активтер және тоқтатылған қызмет

Топ айналымнан тыс активтер және шығу топтарын айналымнан тыс активтердің теңгерімдік құны өтеуге жататын болса негізінен қолданудың жалғасуы нәтижесінде емес, сату жолымен сату үшін ұсталатын ретінде жіктелді. Сату үшін ұсталатын ретінде жіктелген айналымнан тыс активтер және шығу топтары кемінде екі мәні бойынша бағаланады – сатуға арналған шығындарды шегергенде теңгерімдік құн және әділ құн. Сату ықтималдығы жоғары, ал активтер немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болғанда объектіні сату үшін ұсталатын ретінде жіктеу өлшемі сақталған деп есептеледі. Басшылықтың сату жүргізуге берік ниеті болуы тиіс, оған қатысты жіктелген күннен бастап бір жыл ішінде сату мәмілесінің аяқталуы ретінде танылу көрсеткішіне сәйкестік күтілуі тиіс.

Тоқтатылған қызмет жалғасатын қызмет нәтижелерінен шығарылады және жиынтық кіріс туралы есепте тоқтатылған қызметке салық салынғаннан кейінгі пайда немесе залал ретінде жеке бап болып келеді.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін өтелуге жатпайды.

4.5 Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған өтелімді (жерден, технологиялық мұнайдан және аяқталмаған өндірістен басқа) және қайта бағалау күнінен кейін танылған құнсызданудан болатын залалды шегергенде әділ құны бойынша бағаланады. Топ өзінің негізгі құралдарын оларды ауыстырудың қалдық құнына дейін қайта бағалау жүргізу үшін кезең-кезеңімен тәуелсіз сарапшыларды тартады. Қайта бағалау қайта

бағаланған активтің әділ құны оның теңгерімдік құнынан елеулі айырмашылығы болмағанына сенімділікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті жиілікпен жүзеге асырылады.

Қайта бағалаудан құнның өсуі өзге де жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі және капиталдың құрамына кіретін активтерді, оның осы активтің құнын қайта бағалау салдарынан болған және пайда немесе залал құрамында бұрын жасалған қайта бағалау салдарынан танылған мұндай активтерді қайта бағалаудан болған залалды қалпына келтіретін бөлікті қоспағанда, активтерді қайта бағалау резерві қорының артуына жатады. Қайта бағалаудан болатын залал оның бұрын активті қайта бағалау резерві қорының құрамында танылған осы актив бойынша оң қайта бағалауын тікелей кемітетін бөлігін қоспағанда пайда немесе залал құрамында танылады.

Активтің қайта бағаланған теңгерімдік құны негізінде есептелген өтелім мен активтің бастапқы құны негізінде есептелген өтелім арасындағы айырмашылық активтерді қайта бағалау резервінен жыл сайын бөлінбеген пайдаға ауыстырылады. Сонымен қатар қайта бағалау күніне жинақталған өтелім активтің жалпы теңгерімдік құнын бір мезгілде азайта отырып алынып тасталады және одан кейін таза сома активтің қайта бағаланған құнына дейін жете бағаланады. Актив шығарылған кезде нақты сатылатын активке жататын қайта бағалау резерві бөлінбейтін пайдаға көшіріледі.

Актив пайдаланылғаннан кейін оны пайдаланудан шығару бойынша күтілетін шығындардың келтірілген бағасы келешек шығындарға резервті тану критерийлері орындалатын болса тиісті активтің бағасына қосылады. Пайдаланудан шығару бойынша танылған резерв туралы бұдан әрі толық ақпарат 5.7 және 26-ескерпелерде келтірілген.

Өтелім активтерді пайдалы қолданудың бағалау мерзімі ішінде желілік әдіспен мынадай түрде есептеледі:

	Жылдар
Ғимараттар мен құрылыс	5-50
Машиналар мен жабдық	3-30
Құбырлар мен өзге де көлік активтері	5-30
Өзге де	2-10

Топтың Есеп саясатына сәйкес технологиялық мұнай мен жер өтелімге жатпайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Бұрын танылған негізгі құралдарды немесе олардың маңызды құрауыштарын тануды доғару олар шығарылған кезде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық тиімділік алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және теңгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы есепке кіргізіледі.

Таратылу құны, активтерді пайдалы қолдану мерзімі және негізгі құралдардың өтелімі әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай түзетіледі.

4.6 Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы танылған кезде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған өтелімді және құнсызданудан болған (егер ондайлар орын алса) жинақталған залалды, олар болған ретте, шегергенде бастапқы құны бойынша есептеледі. Топ ішінде жүргізілген материалдық емес активтер өнім әзірлеуге арналған капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, капиталдандырылмайды және тиісінше шығыс ол туындаған есепті кезең үшін пайдалар мен залалдарда көрсетіледі.

Материалдық емес активтерді пайдалы қолдану мерзімі шектеулі болуы мүмкін. Пайдалы қолдану шектеулі мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзім ішінде өтеледі және егер осы материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Өтелім активтер қызметінің бағаланған пайдалы мерзімі үшін тік желілік әдіс негізінде есептеледі. Материалдық емес активтер негізінен бес жыл ішінде өтеледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес актив үшін өтелімді есептеу кезеңі мен әдісі кем дегенде әр есепті кезеңнің аяғында қайта қаралады. Активке кіргізілген келешек экономикалық тиімділікті пайдалы қолданудың болжалды мерзімінің немесе болжалды құрылымының өзгерісі қаржылық есептілікте жағдайға байланысты өтелім кезеңінің немесе есептеу әдісінің өзгерісі ретінде көрінеді және есепке алу бағаларының өзгерісі ретінде ескеріледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активке арналған шығындар жиынтық кіріс туралы есепте материалдық емес активтер қызметіне сәйкес шығыстар санатында танылады. Материалдық емес активтерді танудың тоқтатылуынан болатын кіріс немесе шығыс активтің шығуынан болатын таза түсім және активтің теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық ретінде өлшенеді және осы активті тану тоқтатылған кездегі жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

4.7 Қаржы емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Топ активтің мүмкін болатын құнсыздану белгілері болуын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнына бағалау жүргізеді. Активтің немесе ақша ағындарын тудыратын

бөлімшенің (ААТБ) өтелетін құны – мына шамалардың ең үлкені: сатуға арналған шығындарды шегергенде активтің (ААТБ) әділ құны және активті (ААТБ) пайдаланудан болатын құндылық. Актив негізінен басқа активтер немесе активтер тобы тудыратын ағындарға тәуелсіз ақша қаражаты ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, өтелетін құн жеке актив үшін айқындалады. Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан болатын құндылықтарды бағалау кезінде келешек ақша ағындары активке тән ақшаның және тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. Сатуға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық мәмілелер (егер ондайлар орын алса) ескеріледі. Олар болмаған ретте бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Бұл есептер бағалау коэффициенттерімен, акциялардың нарығында еркін айналыстағы бағаларды белгілеумен немесе әділ құнның өзге де қол жетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын Топтың жеке активтер жатқызылатын әр ААТБ үшін жеке дайындалатын жан-жақты жоспарлары және болжамды есеп айырысуларын басшылыққа ала отырып айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте бес жылға жасалады. Негұрлым ұзақ кезеңдер үшін есудің ұзақ мерзімді қарқыны есептеледі, ол бесінші жылдан кейінгі келешек болжамды ақша ағындарына қатысты қолданылады.

Қайта бағалау өзге де жиынтық кіріс құрамында танылған бұрынғы қайта бағаланған жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда құнсызданған актив қызметіне сәйкес шығыстар санаты құрамындағы жиынтық кіріс есебінде танылатын жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан (қорлардың құнсыздануын қосқанда) болатын залалдар. Осы ретте құнсызданудан болатын залал да бұрын өткізілген қайта бағалау сомасы шегінде өзге де жиынтық кіріс құрамында танылады.

Әрбір есепті күнге Топ бұрын активтің құнсыздануынан болған деп танылған залалдардың енді жоқ екендігінің немесе қысқарғандығының белгілері бар не жоқ екендігін анықтайды. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ААТБ-ның өтелетін құнын есептейді. Кейінгі құнсызданудан болған деп танылған залалдардан бері активтің өтелетін құнын анықтау үшін қолданылған бағада өзгеріс болған жағдайда ғана бұрын құнсызданудан болған деп танылған залалдар қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ өтелімді шегеріп тастағанда теңгерімдік құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, теңгерімдік құны бойынша танылуы мүмкін. Құнды бұлайша қалпына келтіру актив қайта бағаланған құны бойынша есептелген жағдайларды қоспағанда, пайдалар мен залалдарда танылады. Бұл жағдайда құнды қалпына келтіру қайта бағалаудан болған өсім ретінде есептеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

71

Гудвил

Гудвил жыл сайын (30 қыркүйектегі жағдай бойынша), сондай-ақ оқиғалар немесе мән-жайлар оның теңгерімдік құны құнсыздануы мүмкін екендігін көрсеткен жағдайларда, құнсыздану мәніне тексеріледі.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қарайтын ақша ағынын туындататын бөлімшелер (немесе ақша ағынын туындататын бөлімшелер тобы) құнының өтелетін құнын бағалау арқылы анықталады. Егер ақша ағынын туындататын бөлімшелердің өтелетін құны олардың теңгерімдік құнынан аз болса, құнсызданудан болған залал танылады. Құнсызданудан болған залал болашақ кезеңдерде қалпына келтіріле алмайды.

4.8 Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

39 ХҚЕС (IAS) қолданылу аясында тұрған қаржы активтері тиісінше пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері; қарыздар мен дебиторлық берешек; өтелгенге дейін ұсталып тұратын инвестиция; сату үшін қолда бар қаржы активтері ретінде жіктеледі. Топ өз қаржы активтерін олар бастапқы танылған кезде жіктейді.

Қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, алғашқыда мәміле бойынша онымен тікелей байланысты шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша танылады. Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта («стандартты жағдайлардағы» сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

Топтың қаржы активтері ақша қаражатын, депозиттерді, сауда және басқа да дебиторлық берешекті қамтиды.

Кейінгі бағалау

Қаржы активін одан кейін бағалау былайша оларды жіктеуге байланысты болады.

Қарыздар мен дебиторлық берешек

ЗҚарыздар мен дебиторлық берешек белгіленген немесе анықталған төлемдері бар туындамайтын қаржы активін білдіреді, белсенді нарықта олардың бағасы белгіленбейді. Алғашқы танылғаннан кейін мұндай қаржы активтері құнсызданудан болған залалдарды шегеріп тастап, тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданып анықталатын өтелімдік құны бойынша бағаланады.

Өтелімдік құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақылар, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болатын комиссиялық немесе шығындар ескеріліп есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану негізінде өтелім жиынтық кіріс туралы есепте қаржылық кірістердің құрамына енгізіледі. Құнсызданумен байланысты шығыстар қарыздар жағдайында жиынтық кіріс туралы есепте қаржы шығындарының және дебиторлық берешек жағдайында өзге де операциялық шығындар құрамында есептеледі.

Өтелуге дейін ұсталып тұратын инвестициялар

Тіркелетін немесе анықталатын төлемдері және өтелу мерзімі бар туынды емес қаржы активтері Топ оларды өтеу мерзіміне дейін нық ұстап тұруға ниетті және қабілетті болғанда өтеуге дейін ұсталып тұратын инвестиция ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұсталып тұратын инвестициялар алғаш бағалағаннан кейін құнсызданудан болған залалдарды шегеріп тастап, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып анықталатын өтелімдік құны бойынша бағаланады. Өтелімдік құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақылар, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болатын комиссиялық немесе шығындар ескеріліп есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің өтелімі жиынтық кіріс туралы есепте қаржылық табыстар құрамына енгізіледі. Құнсызданумен байланысты шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте қаржылық табыстар құрамында танылады. Топтың 2012 және 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын есепті кезеңдер ішінде өтеуге дейін ұсталып тұратын депозиттері болған.

Тануды доғару

Қаржы активі (немесе қолданылу ретіне қарай – қаржы активінің бөлігі немесе осындай қаржы активтері тобының бөлігі) тануды доғарады, егер:

- активтен ақша ағынын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ өзінің активтен ақша ағынын алу құқығын берсе не алынатын ақша ағынын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша айтарлықтай кідіртусіз үшінші тарапқа төлеуге өзіне міндеттеме алса; және не (а) Топ активтен болатын барлық тәуекел мен табысты іс жүзінде берсе, не (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, бірақ осы активке бақылауды берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған алмағанын және, егер сақтап қала алған болса,

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, жаңа актив Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде танылады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады. Берілген активке кепілдік нысанындағы жалғасқан қатысу активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе Топтан талап етілуі мүмкін төлемнің ең жоғары сомасы өлшемдердің ең кішісі бойынша танылады.

4.9 Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Топ қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының уәжді белгілері болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы активтерді бастапқы танудан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалардың нәтижесінде құнсызданғандығының уәжді дәлелі болса («залал шегу жағдайының» болуы), олар қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша күтіліп отырған болашақ ақша ағынына сеніммен үміт күтерлік ықпал етсе, құнсызданды деп есептеледі.

Құнсыздану дәлелі борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қиыншылықтар көріп отырғанын көрсетуді, өзінің қарызын өтей алмауды немесе берешекті пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді тиянақты жүзеге асырмауды, сондай-ақ олар банкроттық немесе өзге түрде қаржылық қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізуі мүмкін болуын қамтиды. Бұдан басқа, мұндай дәлелдерге қаржы құралдары бойынша күтіліп отырған болашақ ақша ағынының бағалауға болатын төмендеуін көрсететін бақыланытын деректер, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемінің өзгеруі немесе борыштарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартумен белгілі бір байланыста тұрған экономикалық жағдайлардың болуы жатады.

Өтелімдік құн бойынша ескерілетін қаржы активтері

Өтелімдік құн бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты Топ алдымен жекелей маңызды қаржы активтерінің құнсыздануының уәжді дәлелдері бар екендігіне не жинақтай алғанда жекелей маңызды емес қаржы активтері бойынша бағалау жүргізеді. Егер Топ жекелей маңызды қаржы активтерінің құнсыздануының уәжді дәлелдері оның маңызына тәуелсіз жоқ екендігін анықтаса, ол бұл активті несие тәуекелінің осындай сипаттамасы бар қаржы активтері тобына қосады, ал сонан соң бұл активтерді жиынтық негізде құнсыздану мәніне қарастырады. Құнсыздану мәніне жеке бағаланатын активтер бойынша не құнсызданудан болған залалдарды тану жалғастырылады, не құнсыздану мәніне жиынтық бағаға енгізілмейді.

Құнсызданудан болған залал шегудің уәжді дәлелі болған ретте, залал сомасы активтің теңгерімдік құны мен күтіліп отырған болашақ ақша ағынының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде (әлі шекпеген болашақ күтіліп отырған кредиттік залалдар ескерілмей) бағаланады.

Есепті болашақ ақша ағындарының келтірілген құны қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша шегеріледі. Егер қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме айнымалы болса, мөлшерлеме құнсызданудан болған залалды бағалау үшін шегеру мөлшерлемесі пайыздың ағымдық тиімді мөлшерлемесін білдіреді.

Активтің теңгерімдік құны резерв шотын қолдану арқылы кемітіледі, ал залал сомасы пайда немесе залал құрамында танылады. Төмендетілген теңгерімдік құны бойынша пайыздық кірісті есептеу құнсызданудан болған залалды бағалау мақсатында болашақ ақша ағындарын шегеру үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделіп, жалғасады. Пайыздық кірістер қаржыландырудан болған кірістер құрамында жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Қарыздар егер оларды болашақта өтеудің айқын келешегі болмаса, ал барлық қол жетімді қамтамасыз ету іске асырылған не Топқа берілген болса, тиісті резервтермен бірге теңгерімнен шығарылады. Егер келесі жыл ішінде құнсызданудан болған есепті залал сомасы құнсызданды танығаннан кейін болған әлдебір оқиғадан ұлғайса не кемісе, құнсызданудан болған бұрын танылған залал сомасы резерв шотын түзету арқылы ұлғаяды не кемиді. Егер қаржы құралы құнының бұрынғы есептен шығарылуы кейіннен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы жиынтық кіріс есебінде қаржы шығындарының кемуі ретінде танылады.

4.10 Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

39 ХҚЕС (IAS) қолданылу аясында тұрған қаржылық міндеттемелер тиісінше пайда немесе залал, несиелер және қарыз арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін оларды бастапқы тану кезінде жіктейді.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда олармен мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (қарыздар мен несиелер жағдайында) әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиттік берешекті, кредиттер мен қарызды, қаржылық кепілдік шарттарын қамтиды.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау оларды былай жіктеуге байланысты:

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде танылған анықталған қаржылық міндеттемелер осы санатқа бастапқы тану күніне және 39 ХҚЕС (IAS) өлшемдері қатаң сақталған кезде ғана жатқызылады. Топтың бастапқы тану кезінде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде анықталған қаржылық міндеттемелері жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

73

Несиелер мен қарыздар

Бастапқы танудан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып, өтелімдік құны бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып өтелім есептелуіне қарай танылады.

Өтелімдік құн сатып алу кезінде шегерімдер мен сыйақылар, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болатын комиссиялық пен шығындар ескеріліп есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме өтелімі жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландыру бойынша шығындар құрамына қосылады.

Қаржы кепілдігі шарттары

Топ шығарған қаржы кепілдігі шарттары осы шарт иесі белгілі бір борышкердің борыш құралдары шарттарына сәйкес уақтылы төлеуді жүзеге асыруға қабілетсіздігінің салдарынан шеккен залалдарды өтеу үшін төлем жасауды талап етуші шарттарды білдіреді. Қаржы кепілдігі шарттары бастапқыда кепілдікті шығарумен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар ескерілген әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме есепті күнге бар міндеттемені өтеу үшін қажетті шығындарды аса үздік бағалау және жинақталған өтелімді шегерген міндеттемелердің танылған сомасы өлшемдерінің ең көбі бойынша бағаланады.

Тануды доғару

Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттемелерді тану егер міндеттеме өтелген, жойылған немесе оның қолданылу мерзімі біткен болса, доғарылады.

Егер бар қаржылық міндеттеме елеулі айырмашылығы бар шарттарда сол кредитордың алдында басқа міндеттемемен ауыстырылатын болса немесе егер бар міндеттеменің шарттары елеулі өзгерсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы міндеттемені тануды доғару және жаңа міндеттемені тану ретінде ескеріледі, ал олардың теңгерімдік құнындағы айырма жиынтық кіріс туралы есепте кіріс немесе шығыс ретінде ескеріледі.

4.11 Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуға жатады, ал қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте берілген таза сома қазіргі кезде танылған сомаларды өзара есепке алуға заңды құқық болған кезде, сондай-ақ таза негізде есеп айырысуға не активтерді өткізіп, сонымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеуге ниет болғанда жүзеге асырылады.

4.12 Қаржы құралдарының әділ құны

Белсенді нарықтарда сауда жасалатын қаржы құралдарының әр есепті күніне әділ құны мәміле бойынша шығындар нарықтағы баға белгілеуге және делдал баға белгілеулеріне (ұзақ айқындалмалар үшін сатып алу баға белгілері мен қысқа айқындалмаларды сатуға баға белгілері) байланысты белгіленеді.

Белсенді нарықтарда сауда жасалмайтын қаржы құралдары үшін әділ баға бағалаудың тиісті әдістемелері қолданылу арқылы анықталады. Мұндай әдістемелер:

- коммерциялық негізде таяуда жүргізілген мәмілелер бағаларын қолдану;
- осындай құралдарға ағымдағы әділ бағаны қолдану;
- шегерілген ақша ағынын бағалау, немесе бағалаудың басқа да әдістерін талдауды қамтиды.

Қаржы құралдарының әділ бағасын талдау және оны анықтау әдістері туралы қосымша ақпарат 39-ескерпеде келтірілген.

4.13 Қорлар

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн және ҚҚҚЕ әдісі бойынша өткізудің таза құны екі өлшемнің ең азы бойынша ескеріледі. Құн қорларды орнына жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты кәдімгі қызмет барысында шеккен барлық шығынды өзіне қамтиды.

Өткізудің таза құны өндірісті аяқтауға арналған болжамды шығыстар мен өткізуге кеткен бағалау шығындарын шегеріп тастап, кәдімгі қызмет барысында сатудың болжамды бағасы ретінде анықталады.

4.14 Ақшалай қаражат және олардың баламалары

Ақшалай қаражат және олардың баламалары кассадағы қолма-қол ақшаны, талап еткенге дейінгі салымдарда тұрған қаражатты, өтеудің бастапқы мерзімі үш айдан аспайтын басқа да қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестицияларды қамтиды.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің мақсаттары үшін ақшалай қаражат және олардың баламалары өтелмеген банкілік овердрафттарды шегеріп тастағанда, жоғарыдағы анықтамаға сай ақшалай қаражаттан және қысқа мерзімді депозиттерден тұрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

4.15 Резервтер

Егер Топтың өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдық міндеттемесі, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Топ резервтің бір бөлігінің немесе барлығының өтемін алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу дербес актив ретінде танылады, бірақ тек өтеуді алу күмән туғызбайтын жағдайда. Резервке жататын шығыстар өтеуді шегеріп тастап, пайдалар мен залалдарда көрсетіледі.

Топ құбырларды жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша болашақ шығындарға қатысты резервті таниды. Құбырларды жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру шығындары бойынша резервтер есепті ақша ағынын пайдалануды есеп алған міндеттемелерді реттеуге жұмсалатын күтілетін шығындардың дисконтталған бағасы бойынша ескеріледі және тиісті актив бағасының бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары құбырларды жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконттау әсері пайда болуына қарай шығындар шотына қарайды және жиынтық кіріс туралы есепте қаржы шығындары ретінде танылады. Құбырларды жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша болашақ шығындар жыл сайын қайта қаралып отырады және қажеттілігіне қарай түзетіледі. Күтілетін болашақ шығындардағы немесе дисконттаудың қолданылатын мөлшерлемесіндегі өзгерістер актив бағасына қосылады немесе алынады (5-ескертпе).

4.16 Қызметкерлерге сыйақылар

Компания өз қызметкерлеріне Компания мен өз қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шартқа сәйкес зейнеткерлікке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы төлейді. Ұжымдық шарт, атап айтқанда, зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақы төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастыру қажеттігімен байланыстырылады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарийлік пайда мен залал басқа операциялық кірістер мен шығыстар құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарийлік пайда мен залал актуарийлік болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарийлік болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және кадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Зейнетақылық міндеттемелерді есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл шегерім мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжау. Шегерім мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша шегерім өтелімі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайыздық шығыстар ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады.

Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

4.17 Түсімді және басқа да кірістерді тану

Егер Топ экономикалық пайда алуды мүмкін деп бағаласа және егер пайда төлем жасау мерзіміне тәуелсіз сенімді бағалануы мүмкін болса, танылады. Пайда шартта анықталған төлем ережелері ескеріліп және салықтар немесе баждар шегеріліп, алынған немесе алуға жататын сыйақылардың әділ бағасы бойынша бағаланады. Топ пайда алуды көздейтін өзі жасаған шарттарды өзі принципал ма әлде агент пе дегенді анықтау мақсатында белгілі бір өлшемдерге сәйкес талдайды. Топ агент ретінде қатысатын көліктің экспедициялау шарттарын қоспағанда барлық осындай шарт бойынша принципал ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді. Пайданы тану үшін мынадай өлшемдер де орындалуы тиіс:

Тасымалдау бойынша қызметтер көрсету

Тасымалдау және ауыстырып құю қызметтерінен алынған кіріс есепті кезеңде тасымалданған мұнай мен судың нақты көлемі негізінде қызметтер көрсету кезінде танылады.

Басқа да қызметтерді көрсету

Басқа да қызметтерді көрсетуден алынған кірістер оларды көрсету кезінде танылады.

Пайыздық кіріс

Өтелімдік құны және қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бағаланатын барлық қаржы құралы бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып танылады, ол күтіліп отырған болашақ төлемдері немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде ақша қаражаттың түсуін немесе, егер бұл орынды болса, қаржы активінің таза теңгерімдік құнына немесе міндеттемеге дейін шамалы кезеңге дәл шегереді. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландырудан алынған табыс ретінде көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

75

Дивидендтер

Дивидендтерден алынған кіріс Топтың төлемді алуға құқығы белгіленгенде танылады.

Клиенттерден алынған негізгі құралдар

Топ алынған объект актив айқындамасын қанағаттандыратынын айқындайды, және бұл солай болса алынған активті негізгі құрал ретінде таниды. Бастапқы танылған кезде объект әділ құн бойынша бағаланады, және Топтың болашақ кезеңдерге қатысты орындалуы керек міндеттемелері болған кезде, тиісті сома болашақ кезеңдер кірісі ретінде немесе Топтың мұндай міндеттемелері болмаған жағдайда басқа операциялық кіріс ретінде танылады.

4.18 Салықтар

Пайдаға ағымдағы салық

Салық активтері және ағымдағы кезеңге пайдаға ағымдағы салық бойынша міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төлеуге болжанып отырған сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы есепті күнге Топ өзінің қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын табыс алатын елдерде қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын пайдаға ағымдағы салық жиынтық кіріс туралы есепте емес, капитал құрамында танылады. Топ басшылығы салық декларацияларында көрсетілген көрсеткіштерді бағалауды мезгіл-мезгіл жүзеге асырады, тиісті салық заңнамасы оларға қатысты әртүрлі түсінілуі мүмкін, сөйтіп қажет болуына қарай резервтер жасалады.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық

Мерзімі кейінге қалдырылған салық есепті күнге активтердің салық базасы мен міндеттемелер және олардың қаржылық есептілігі үшін теңгерімдік құны арасындағы уақыт айырмасын анықтау арқылы міндеттемелер әдісімен есептеледі.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемелері барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мына жағдайларды қоспағанда танылады:

- мерзімі кейінге қалдырылған салық міндеттемесі гудвилді, активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде, бизнесті біріктіру емес мәмілелер барысында пайда болады және операцияларды жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға әсер етпейді;
- еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке үлестермен қатысуға инвестициялармен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты егер уақыт айырмасының уақыттың азайып бөлінуін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса..

Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салынатын пайда бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары мына жағдайларды қоспағанда есептелуі мүмкін:

- шегерілетін уақыт айырмасына жататын мерзімі кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан тумаған болса және ол операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде туындаса;
- еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке үлестермен қатысуға инвестициялармен байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты салық активтері таяу болашақта уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы және салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәреже ғана танылады, уақыт айырмашылықтары оған қарсы пайдаланылуы мүмкін.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығы немесе бір бөлігі жеткілікті салық салынатын пайда деңгейінде кемітіледі. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелер есепті күнге жағдай бойынша қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған активтер өткізілген, ал міндеттеме өтелген есепті жылы қолданылуы мүмкін салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) бойынша бағаланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Пайда немесе залал құрамында танылмаған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтар баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес басқа жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей капитал құрамында танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке алудың заңдық бекітілген құқығы бар болса және кейінге қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Сатулар бойынша ҚҚС тауарларды жөнелту немесе қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының бюджетіне төлеуге жатады. Сатып алулар бойынша ҚҚС жеткізушіден салық шот-фактурасын алған кезде сату бойынша ҚҚС-мен есепке алуға жатады.

Түсім, шығыстар мен активтер активтерді немесе қызметтерді сатып алу бойынша пайда болған қосылған құн салығын салық органдары өтемейтін жағдайларды қоспағанда, қосылған құн салығының сомасы шегеріліп, танылады; бұл жағдайда қосылған құн салығы тиісінше активті сатып алу шығыстарының бір бөлігі немесе шығыстар бабының бір бөлігі ретінде танылады.

Салық заңнамасы ҚҚС бойынша бюджетпен таза негізде есеп айырысу жүргізуге рұқсат етеді. Тиісінше есепті күнге есеп айырысу жүргізілмеген сату және сатып алу бойынша ҚҚС қаржылық жағдай туралы есепте таза негізде көрсетіледі.

Салық заңнамасының және Топ қызметінің ерекшелігіне қарай өтеуге жататын ҚҚС-ның белгілі бір бөлігі кейінгі жылдарға ауыстырылуы мүмкін. ҚҚС-ның мұндай бөлігі ұзақ мерзімді актив ретінде жіктеледі, құнсыздану мәніне бағаланады және бар ААТБ-ға бөлінген жеке актив ретінде қаралады.

4.19 Капитал

Жарғылық капитал

Кәсіпорындарды біріктірген жағдайларды қоспағанда, жаңа акциялар шығарумен тікелей байланысты үшінші жақтарға қызметтеріне ақы төлеу шығындары осы эмиссия нәтижесінде алынған соманың кемуі ретінде өз капиталы құрамында көрсетіледі.

Дивидендтер

Дивидендтер төлемге міндеттемелер ретінде танылады және егер олар есепті күнді қоса алғанда жарияланған жағдайда ғана есепті күнге капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер есепті күнге дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, олар туралы ақпарат есептілікте ашып жазылады.

4.20 Есеп жүргізу саясатындағы өзгерістер және ақпаратты ашу қағидаттары

Қабылданған есеп жүргізу саясаты төменде келтірілген жаңа немесе қайта қаралған 2012 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген Стандарттар мен IFRIC түсіндірмесін қоспағанда, алдыңғы есепті жылы қолданылған есеп жүргізу саясатына сәйкес келеді.

Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелер

- 12 ХҚЕС (IAS) «Пайдаға салынатын салық» - «Кейінге қалдырылған салықтар-Кейінге қалдырылған салықтардың негізінде тұрған активтерді өтеуге» түзету;
- 7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: Ақпарат беруге» - «Тануды доғару туралы ақпаратты беру талаптарын жетілдіруге» түзету.

Жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қолдану төменде сипатталады:

12 ХҚЕС (IAS) «Пайдаға салынатын салық» - «Кейінге қалдырылған салықтар - Кейінге қалдырылған салықтардың негізінде тұрған активтерді өтеуге» түзету Түзету әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық жылжымайтын мүлікке қатысты кейінге қалдырылатын салықты анықтау механизмін түсіндіреді. Түзету аясында инвестициялық жылжымайтын мүлікті бағалау үшін 40 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес әділ құн үлгісі қолданылатын инвестициялық жылжымайтын мүлікке қатысты кейінге қалдырылған салық оның теңгерімдік құны сату жолымен өтелетіні туралы болжал негізінде айқындалуы тиіс екендігі туралы ашкерелеуші болжал енгізіледі. Бұдан басқа, түзетуге 16 ХҚЕС (IAS) қайта бағалау үлгісіне сәйкес бағаланатын өтелімбейтін активтер бойынша кейінге қалдырылған салықты активті сату туралы болжал негізінде ғана есептеу қажеттігі туралы талап енгізілген. Түзету 2012 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзету Топтың қаржылық жағдайына, қаржы нәтижелеріне немесе Топ ашатын ақпаратқа әсерін тигізбеді.

7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: Ақпарат беруге» - «Тануды доғару туралы ақпаратты беру талаптарын жетілдіруге» түзетулер

Түзету қаржылық есептілікті пайдаланушыларға танылуы тоқтатылмаған активтердің өзара байланысының сипатын және оларға тиісті міндеттемелерді түсінуге мүмкіндік беру үшін берілген, бірақ танылуы тоқтатылмаған қаржы активтері туралы қосымша ақпараттың ашылуын талап етеді.

Бұдан басқа қаржылық есептілікті пайдаланушыларға Топтың осындай активтерде жалғасатын қатысу және олармен байланысты тауенделдердің сипатын бағалау мүмкіндігін беру мақсатында түзету - танылуы тоқтатылған активтердегі жалғасатын қатысу туралы ақпаратты ашуды көздейді. Түзету 2012 жылғы 1 шілдеден басталатын

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

77

немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Топтың осындай сипаттағы активтері жоқ, сондықтан түзету оның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде шығарылған, бірақ Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығару күніне әлі күшіне енбеген стандарттар келтіріліп отыр. Тізімге Топтың пікірінше ақпаратты ашуға, келешекте қолданыла қалған жағдайда қаржылық жағдайына немесе қызметтің қаржы нәтижелеріне әсер ететін шығарылған стандарттар мен түсіндірмелер енгізілді. Топ бұл стандарттарды олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

1 ХҚЕС (IAS) «Қаржылық есептілік: ақпарат беру» – «Басқа жиынтық кіріс баптарын ұсынуға» түзету

1 ХҚЕС (IAS) басқа жиынтық кіріс құрамында ұсынылатын баптар топтамасын өзгертеді. Келешекте белгілі бір кезде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуі мүмкін баптар мысалы, таза инвестицияларды хеджерлеуден түскен таза кіріс, шетел бөлімшелердің есептілігін қайта есептеген кездегі бағамдық айырмалар, ақша ағынын хеджерлеуді таза өзгерісі және сату үшін бар қаржы активтері бойынша таза шығыстар мен кірістер ешқашан қайта жіктелмейтін баптардан бөлек ұсынылуға тиіс (мысалы, белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарийлік кірістер мен шығыстар және жер мен ғимараттарды қайта бағалау). Түзету тек ұсынуға ғана әсер етеді және Топтың қаржылық жағдайын немесе қызметінің қаржы нәтижелерін қозғамайды.

Түзету 2012 жылғы 1 шілдеден немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді, және тиісінше күшіне енгеннен кейін жасалатын Топтың бастапқы қаржылық есептілігінде қолданылады.

19 ХҚЕС (IAS) «Қызметкерлерге сыйақыларға» түзетулер (жаңа нұсқада)

ХҚЕС жөніндегі кеңес 19 ХҚЕС-ке (IAS) бірнеше түзету жариялады. Олар түбегейлі өзгертуден (мысалы, дәліз амалын және жоспар активтерінің күтіліп отырған кірістілігі ұғымын алып тастаудан) бастап қарапайым түсіндіруге және тұжырымдаманы өзгертуге дейін қамтиды. Түзету тек ұсынуға ғана әсер етеді және Топтың қаржылық жағдайын және жиынтық кірісін қозғамайды. Түзетулер 2013 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді және осы түзетулер енуінің тиімді күнінен бастап қолданылады.

28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» (2011 жылғы нұсқада)

11 ХҚЕС (IFRS) «Бірлескен қызмет туралы келісімдер» және 12 ХҚЕС (IFRS) «Басқа компаниялардағы қатысу үлестері туралы ақпаратты ашу» жаңа стандарттарын жариялау нәтижесінде, 28 ХҚЕС (IAS) 28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдасқан

компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» деген жаңа атау алды және қауымдасқан компанияларға инвестицияларға қатысты ғана емес, бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларға қатысты үлесті қатысу әдісін қолдануды сипаттайды. Осы түзетулер Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржы нәтижелеріне әсерін тигізбейді. Жаңа нұсқадағы Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

32 ХҚЕС (IAS) «Қаржы активтерінің және қаржылық міндеттемелердің өзара есепке алынуына» түзетулер

Осы түзетулер «қазіргі уақытта өзара есепке алуды жүзеге асыруға заңды бекітілген құқығы бар» сөйлемінің мағынасын түсіндіреді. Түзетулер бір уақытта жүргізілмейтін күрделі төлемдер механизмі пайдаланылатын есеп айырысу жүйесіне (бірыңғай клирингтік орталық жүйелері тәрізді) қатысты 32 ХҚЕС-те (IAS) өзара есепке алу критерийлерін қалай дұрыс пайдалану керек екенін көрсетеді. Осы түзетулер Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржы нәтижелеріне әсерін тигізбейтін болжануда. Түзетулер 2014 жылғы 1 қаңтардан және осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді.

1 ХҚЕС (IFRS) «Мемлекет беретін қарыздарға» түзетулер

Осы түзетулерге сәйкес ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын компаниялар мемлекет берген қарыздар ХҚЕС-ке ауысу күніне оларда барларға қатысты келешекте 20 ХҚЕС (IAS) «Мемлекеттік субсидиялардың есебін жүргізу және мемлекеттік жәрдем туралы ақпаратты ашу» талаптарын қолдануы керек. Компаниялар қай стандарттың қолданылуына байланысты 9 ХҚЕС (IFRS) және 39 ХҚЕС-тің (IAS) талаптарын және егер мемлекет берген қарыздардың бастапқы есепке алынуы уақытында қажет ақпарат болса осындай қарыздарға қатысты 20 ХҚЕС-тің (IAS) талаптарын ретроспективті қолдану туралы шешім қабылдай алады.

Осы ерекшеліктің арқасында ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын компаниялар оларға нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша мемлекет бұдан бұрын берген қарыздары ретроспективті бағаланбайды.

Түзету 2013 жылғы 1 қаңтардан және осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Түзету Топтың қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

7 ХҚЕС (IFRS) «Ақпаратты ашу - қаржы активтерінің және қаржылық міндеттемелердің өзара есепке алынуына» түзетулер

Осы түзетулерге сәйкес компаниялар өзара есепке алуды жүзеге асыруға құқықтары және тиісті келісімдер туралы (мысалы, кепілзатпен қамтамасыз ету туралы келісім) ақпаратты ашуға міндетті. Осындай талаптардың арқасында пайдаланушылардың өзара есепке алу туралы

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

келісімдерінің компанияның қаржы жағдайына әсерін бағалау үшін пайдалы ақпараты болады. Ақпаратты ашуға қатысты жаңа талаптар 32 ХҚЕС (IAS) «Қаржы құралдары: ақпарат ұсынуға» сәйкес өзара есепке алынатын, барлық танылған қаржы құралдарына қолданылады. Ақпаратты ашуға қатысты талаптар 32 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес өзара есепке алынуға жататындығына немесе жатпайтындығына қарамастан өзара есепке алу туралы заңды түрде бекітілген бас келісімнің немесе осыған ұқсас келісімнің мәні болып табылатын танылған қаржы құралдарына қатысты қолданылады. Түзетулер Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржы нәтижелеріне әсерін тигізбейді. Түзетулер 2013 жылғы 1 қаңтардан және осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: жіктеу және бағалау»
9 ХҚЕС (IFRS) ХҚЕС жөніндегі кеңестің 39 ХҚЕС-ті (IAS) ауыстыру жөніндегі жобасы бірінші кезеңінің нәтижелері бойынша шығарылған, қаржы активтерінің және қаржылық міндеттемелерінің 39 ХҚЕС (IAS) қалай жіктелгенінен және бағаланғанына қатысты қолданылады. Алғашында стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді деп болжанды, алайда 2011 жылғы желтоқсанда жарияланған 9 ХҚЕС (IFRS) «9 ХҚЕС-ті (IFRS) міндетті қолдану күні және ақпаратты ашуға қойылатын ауыспалы талаптарға» Түзетулер шығарылуының нәтижесінде міндетті қолдану күні 2015 жылғы 1 қаңтарға ауыстырылды. ХҚЕС жөніндегі кеңес кейінгі кезеңдер барысында қаржы активтерін хеджирлеу және құнсыздануы есебін жүргізуді қарайды. 9 ХҚЕС (IFRS) бірінші кезеңін қолдану Топтың қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға әсер етеді, бірақ қаржылық міндеттемелерін жіктеуге және бағалауға әсер етпейді. Топ аяқталған істі пайымдау үшін осы стандарттың қаржылық есептіліктегі тиісті сомаға жобаның басқа кезеңдерін жариялаған соң олармен байланыста әсерін бағалайды.

ХҚЕС (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік», 27 ХҚЕС (IAS) «Жеке қаржылық есептілік»
10 ХҚЕС (IFRS) 27 ХҚЕС (IAS) «Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептіліктің» шоғырландырылған қаржылық есептілігінде есеп жүргізу қаралған бөлігін ауыстырады. Стандарт ПКИ-12 «Шоғырландыру – арнайы мақсаттағы компанияларды» түсіндіруде қаралған мәселелерді де қозғайды. 10 ХҚЕС (IFRS) арнайы мақсаттағы компанияларды қоса алғанда барлық компанияға қатысты қолданылатын бірыңғай бақылау үлгісін көздейді.

10 ХҚЕС (IFRS) стандарты енгізетін өзгерістер басшылықтан компаниялардың қайсысы бақыланады дегенді анықтау кезінде пайымдаудың айтарлықтай көп көлемін талап етеді, демек 27 ХҚЕС (IAS) талаптарын қолдану кезіндегіден бас компаниямен шоғырлануы тиіс. Алдын ала жасалған талдау 10 ХҚЕС (IFRS) қазіргі уақытта Топта бар инвестицияларға әсер етпейтінін көрсетті. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін қолданылады.

11 ХҚЕС (IFRS) «Бірлескен қызмет туралы келісім»
11 ХҚЕС (IFRS) 31 ХҚЕС (IAS) «Бірлескен қызметке қатысу» және ПКИ-13 «Бірлескен бақылаудағы компаниялар – қатысушылардың монетарлы емес салымдары» түсіндірмесін ауыстырады. 11 ХҚЕС (IFRS) бірлескен-бақылаудағы компанияларды сәйкес қатысу әдісімен емеске алуды алып тастайды. Мұның орнына бірлескен компаниялар анықтамасын қанағаттандыратын бірлескен-бақылаудағы компаниялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Осы стандартты қолдану Топтың қаржылық жағдайына әсер етпейді. Бұл Топтың бірлескен-бақылаудағы компанияларды есепке алуда үлестік қатысу әдісін қолдануына байланысты.

12 ХҚЕС (IFRS) «Басқа компанияларға қатысу үлестері туралы ақпаратты ашу»

12 ХҚЕС (IFRS) бұрын 27 ХҚЕС (IAS) шоғырландырылған қаржылық есептілігі бөлігінде көзделген ақпаратты ашуға барлық талапты, сондай-ақ бұрын 31 ХҚЕС (IAS) және 28 ХҚЕС (IAS) көзделген ақпаратты ашуға қатысты барлық талапты қамтиды. Ақпаратты ашуға бұл талаптар еншілес компанияларға, қауымдасқан және құрылымдалған компаниялардың бірлескен қызметіне қатысты. Ақпаратты ашуға белгілі бір жаңа талаптар да енгізілді, бірақ стандартты қолдану Топтың қаржылық жағдайына және қызметінің қаржы нәтижелеріне әсер етпейді. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін қолданылады.

13 ХҚЕС (IFRS) «Әділ құнды бағалау»

13 ХҚЕС (IFRS) бір стандартқа ХҚЕС-ке сай әділ құнды бағалауға қатысты барлық нұсқауларды біріктіреді. 13 ХҚЕС (IFRS) компаниялар әділ құнды қолдануға міндетті жағдайға өзгерістер енгізбейді, қайта әділ құнды қолдану талап етілетін немесе рұқсат етілетін жағдайда ХҚЕС әділ құнды бағалауына қатысты нұсқау береді. Қазіргі кезде Топ осы стандарттың қаржылық жағдайына және қызметтің қаржы нәтижелеріне қолдануға әсерін бағалайды, бірақ алдын ала талдау осы стандартты қабылдаудан елеулі салдарлар күтілмейтінін көрсетті. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін қолданылады.

ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіру (2012 жылғы мамыр)

Төменде көрсетілген жетілдірулер Топтың қаржылық есептілігіне әсер етпейді:

1 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын алғаш қолдану»

Осы жетілдіру өткенде ХҚЕС қолдануды тоқтатқан және ХҚЕС-ға сәйкес есептілікті қайта жасауды шешкен немесе міндетті компания 1 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдануға құқылы екендігін түсіндіреді. Егер 1 ХҚЕС (IFRS) қайта қолданылмаса компания ХҚЕС-ті қолдануды ешқашан тоқтатпағандай қаржылық есептілікті ретроспективті қайта санауы керек.

1 ХҚЕС (IAS) «Қаржылық есептілікті ұсыну»

Осы жетілдіру ерікті негізде берілетін қосымша салыстырмалы ақпарат пен ең аз қажетті салыстырмалы ақпараттың арасындағы айырманы түсіндіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

79

Әдетте, алдыңғы есепті кезеңге ақпарат ең аз қажетті салыстырмалы ақпарат болып табылады.

16 ХҚЕС (IAS) (Негізгі құралдар)

Осы жетілдіру негізгі құралдардың айқындамасын қанағаттандыратын негізгі қосалқы бөлшектер мен қосалқы жабдықтар қор болып табылмайтынын түсіндіреді.

32 ХҚЕС (IAS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ұсыну»

Осы жетілдіру акционерлер пайдасына төлемдерге жататын пайдаға салынатын салық 12 ХҚЕС (IAS) «Пайдаға салынатын салыққа» сәйкес ескерілетінін түсіндіреді.

Осы жетілдірулер 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді.

5. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ПАЙЫМДАУЛАРЫ, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ БОЛЖАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есепті кезеңнің аяғында есептілікте ұсынылатын түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ міндеттемелер шарттары туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

Бағалау мәндері және болжаулар

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің теңгерімдік құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін. Топтың болжаулары мен бағалау мәндері ол шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде оның қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Алайда ағымдағы жағдаяттар мен болашаққа қатысты болжаулар нарықтық өзгерістер мен Топ бақылауында емес жағдаяттарға байланысты өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олардың пайда болуына қарай болжауларда көрініс табады.

Негізгі құралдарды қайта бағалау

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қайта бағаланған VINL негізгі құралдарын қоспағанда, негізгі құралдарды қайта бағалау (жыл сайын 30 қыркүйектегі жағдай бойынша қайта бағаланатын технологиялық мұнайды қоспағанда) 2010 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жүргізілді (алдыңғы қайта бағалау 2007 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жүргізілген еді). Қайта бағалау тиісті лицензия негізінде қызметін жүзеге асырушы жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі тәуелсіз кәсіби компания жүргізген қайта бағалау негізінде жүргізілді. Қолданылған әдіснама шығын (мамандандырылған активтер үшін – ауыстырудың өтемдік шығындары), салыстырма (сатуды салыстыру әдісі) және кіріс тұрғысынан негізделді.

Әрбір есепті күнге Топ өзінің негізгі құралдарының теңгерімдік бағасы мен есепті күнге әділ құнды пайдаланып айқындалатын баға арасындағы айырмалардың болуын

бағалайды. Топтың бизнес-ортасы үшін негізгі құралдардың әділ құнын бағалаудың «жеткілікті тұрақтылық» кезеңі әдетте үш жыл болып саналады. 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ басшылығы өзінің негізгі құралдары әділ құнына қатысты өзінің бағаларын қайта қарады. Нәтижесінде басшылық 2010 жылғы 30 маусымдағы соңғы қайта бағалау күнінен 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдардың әділ құнында ешқандай елеулі өзгерістер болмады деген қорытындыға келді. Нәтижесінде Топ негізгі құралдарының әділ құны олардың теңгерімдік құнына жақындатылды.

Технологиялық мұнайды қайта бағалау

Технологиялық мұнайды қайта бағалау мұнайдың әділ бағасының ауытқуы айтарлықтай жиі әрі елеулі болатындықтан, жыл сайын 30 қыркүйектегі жағдай бойынша жүргізіледі. Технологиялық мұнай 2012 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша қайта бағаланды.

Келесі пайымдауды Топ басшылығы технологиялық мұнайдың әділ құнын анықтау кезінде назарға алды:

- технологиялық мұнай құбырды пайдалану үдерісінің ажырағысыз бөлігі, онсыз тасымалдау мүмкін емес және тиісінше бағалау нысаны мамандандырылған актив болады;
- технологиялық мұнай Монополияға қарсы комитет қойған шектеулер нәтижесінде сатыла да және өзгелей түрде пайдаланыла да алмайды;
- Монополияға қарсы комитет және Үкімет елдегі жалпы баға көрсеткішіне тарифтердің жағымсыз әсерінің алдын алу үшін оларды мұқият қадағалап отырады және тиісінше егер мұнай халықаралық нарық бағасы бойынша бағаланған болса, оның құнын өтеуге мүмкіндік бермейтін деңгейде белгіленуі мүмкін;
- Топқа ҚМГ белгілеген қағида әсер етеді және егер мұнайдың белгілі бір бөлігін сатуға шешім қабылданып, мұндай шешімді Монополияға қарсы комитет бекіткен

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

жағдайда, ол тек ҚМГ тобының сауда бөлімшесіне ғана ішкі баға бойынша сатылуы мүмкін;

- және егер Топқа құбырдың жаңа бөліктерін толтыру үшін қосымша мұнай қажет болса, ол оны осындай ішкі бағамен ҚМГ тобының кәсіпорнынан сатып алар еді.

Осы факторлардың бәрін назарға алып, басшылық әділ құнын көрсету үшін құбырдағы технологиялық мұнайға мейлінше сай келетін, 2012 жылғы 31 желтоқсанға нарықтың хабардар қатысушысы анықтаған баға бір тонна үшін 252 АҚШ доллары (38.000 теңге) болар еді (2011 жылғы 30 қыркүйек: бір тонна үшін 184 АҚШ доллары (27.290 теңге)). Табысты пайдаланып технологиялық мұнайды бағалау аясында сәйкес пайдалылыққа жасалған сынау қорытындылары бойынша экономикалық тозу анықталмады.

2012 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша негізгі құралдар құрамына енгізілген құбырдағы мұнай көлемі 2.151.546 тонна болды (2011 жылғы 30 қыркүйек: 2.136.158 тонна). 2012 жылғы 31 желтоқсанда түгендеу нәтижелері бойынша 29.951 тонна мөлшерінде артық мұнай анықталды (2011: 20.832 тонна). 2012 жылғы 31 желтоқсанға құбырдағы мұнай көлемі 2.181.377 тоннаны құрады (2011 жылғы 31 желтоқсан: 2.156.653 тонна). Топ артық мұнайды өзінің капиталындағы активтерді қайта бағалау бойынша резервті өзгерту жолымен актив (негізгі құрал) ретінде көрсетеді.

Негізгі құралдардың құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің теңгерімдік құны сату шығындарын шегергендегі әділ құн және пайдаланудан болған құндылық өлшемдерінің ең көбі болып табылатын өтелетін құннан асатын болса орын алады. Сатуға шығындарды шегергендегі әділ құн есебі ұқсас активтерді сатудың коммерциялық мәмілелеріне міндетті күші бар ақпаратқа немесе активтің шығуынан болған қосымша шығындарды шегергендегі бақыланатын нарықтық бағаларға негізделген. Пайдаланудан болған құндылықты есептеу дисконтталған ақша ағындары моделіне негізделген. Ақша ағындары бюджетпен келесі бес жылға алынады және Топтың ол қызметті жүргізу бойынша міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызметті және келешекте ақша ағынын тудыратын бөлімшенің құнсыздану мәніне тексерілетін активтердің нәтижелерін жақсартатын елеулі инвестицияларды қамтымайды. Өтелетін сома ақшалай қаражаттың дисконтталған ағындарының моделінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ ақшалай қаражаттың күтілетін түсімдеріне

және экстраполяциялау мақсатында пайдаланылған өсу қарқынына анағұрлым сезімтал.

2012 жылы Топ құнсызданудан болған залалды 785.940 мың теңге сома деп таныды (2011: 15.666.218 мың теңге), олардың ішінде 766.227 мың теңге сомаға құнсыздану (2011: 6.874.316 мың теңге) пайда мен залалдар деп танылды және 19.713 мың теңге (2011: 8.791.902 мың теңге) өзге жиынтық кіріс құрамында деп танылды (7-ескертпе).

Топ негізгі құралдар қызметінің қалған пайдалы мерзімін ең әрі дегенде әрбір қаржы жылының соңына бағалайды және егер құту бұрынғы бағалаудан өзгеше болса, өзгерістер БЕХС 8 «Есеп жүргізу саясаты, есептеу бағаларындағы өзгерістер мен қателіктерге» сәйкес есептеу бағаларындағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Құбырды пайдаланудан шығару және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттеме

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистральды құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Топта пайдалану аяқталғаннан кейін магистральды құбырды (мұнай құбырын) жою және бұдан әрі қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемелері бар. Бұл Топтың құбырлары бойынша мұнай тасымалдайтын жер пайдаланушылардың мұнай қорлары толығымен таусылған жағдайда мүмкін.

Құбырларды жою және жерді қайта өңдеу бойынша міндеттеме резерв Топ санаған Қазақстан Республикасында әрекет ететін техникалық ережелер мен нормаларға сәйкес бөлшектеу және жерді қайта өңдеу бойынша жұмыстарды жүргізу құнының негізінде бағаланады (құбырды бөлшектеу бойынша шығындар сомасын 1 км үшін 2.891 теңге құрайды). Резервтер сомасы міндеттемені орындаудың күтілетін мерзіміне (17 жыл) құнсызданудың болжалды мөлшерлемесі және төменде берілген есепті кезеңнің аяғына дисконт мөлшерлемесі қолданылып есепті кезең аяғына белгіленді.

Дисконттау мөлшерлемесін есептеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары бойынша тәуекелдері жоқ мөлшерлемелерге негізделеді.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды жою және топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру бойынша міндеттеме резервтің теңгерімдік құнын 15.531.037 мың теңге құрады (2011 жылғы 31 желтоқсанға: ноль теңге) (7, 26-ескертпелер).

Пайыздық мәнде:

Дисконттау мөлшерлемесі 31 желтоқсанға
Құнсыздану коэффициенті 31 желтоқсанға

2012 жыл

6,01%
5,60%

Залалды жою бойынша шығындар бағалары табиғат қорғау талаптарында және заңнама түсіндіруінше әлеуетті өзгерістерге ұшырайды. Бұдан басқа осындай шығындардың бағаларындағы айқынсыздықтар

баламаларда, жою, бұзылған топырақты қалпына келтіру әдістемелерінде, дисконт, құнсыздану мөлшерлемесі және осы міндеттеме күшіне енетін мерзім деңгейлерінің әлеуетті өзгерістерін қамтиды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

81

Егер есептеу кезінде пайдаланылатын салық салынғанға дейінгі дисконттаудың бағаланған мөлшерлемесі басшылық бағасынан 1%-ға жоғары болса, резервтің теңгерімдік бағасы танылған сомадан 2.354.717 мың теңгеге төмен болар еді.

Күмәнді борыштар бойынша резервтер

Топ күмәнді борыштар, жеткізушілерге берген алғытөлемдер және басқа да активтер бойынша резервтер жасайды. Күмәнді шоттарды бағалау кезінде тапсырысшының қызметінің бұрынғы және күтіліп отырған нәтижелері назарға алынады. Экономикадағы, саладағы немесе тапсырысшының нақты сипаттарындағы өзгерістер, шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ескерілген күмәнді шоттарға резерв бойынша түзетулерді талап етуі мүмкін. 2012 және 2011 жылғы 31 желтоқсанда күмәнді шоттар бойынша резервтер 681.617 мың теңге, және тиісінше 115.747 мың теңге сомаға құрылды (11,13,14 және 16-ескертпелер).

Салықтар бойынша резервтер

Күрделі салық заңнамасын, салық заңнамасындағы өзгерістерді, сондай-ақ салық салынатын келешек табыс сомаларын және оларды алу мерзімдерін түсінуге қатысты айқынсыздық бар. Топтың халықаралық операцияларының маңызды әртүрлілігін, сондай-ақ шарттық қатынастардың ұзақ мерзімді сипатын және күрделілігін есеп ала, нақты нәтижелер мен қабылданған болжалдар арасында пайда болатын айырма немесе осындай болжалдардың келешек өзгерістері есептілікте көрсетілген шығындар сомасын немесе пайдаға салынатын салық бойынша табыстар сомасын түзетуге әкеліп соғады. Негізделген болжалдар негізінде Топ өз қызметін жүзеге асыратын елдің салық органдары жүргізетін салық аудитінің мүмкін салдарларына резервтер жасайды. Осындай резервтердің өлшемі әртүрлі факторларға байланысты, мысалы алдыңғы аудиттердің нәтижелеріне және салық төлеуші-компания мен тиісті салық органының салық заңнамасын түрлі түсінуіне байланысты. Түсініктердегі осындай айырмалар Топ компаниясы тіркелген елде басым жағдайларға байланысты мәселелердің көп болуынан пайда болуы мүмкін.

Мерзімі кейінге қалдырылған активтер

Мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері салық салынатын пайда алынуы мүмкін деңгейде танылады, қарсы салық залалдары оған есептелуі мүмкін. Болашақ салық салынатын пайданы алудың ықтимал мерзімі мен мөлшері негізінде шоғырландырылған қаржылық есептілігінде тануға болатын мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері сомасын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдауы қажет. 2012 жылғы

31 желтоқсанда мерзімі кейінге қалдырылған салық бойынша танылған активтер сомасы 5.021.726 мың теңге болды (2011: 2.913.773 мың теңге) (35-ескертпе).

Қызметкерлерге сыйақылар

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және еңбек қызметінің аяқталуы бойынша қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына байланысты мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал. Барлық болжам әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Қазақстанда топтық бағалы қағаздар белсенді нарығының болмауына байланысты шегерудің тиісті мөлшерлемесін анықтау кезінде Топ басшылығы еңбек қызметінің аяқталуы бойынша сыйақылардың қолданылуының күтіліп отырған мерзіміне сәйкес келетін өтеудің экстраполирленген мерзімдері бар мемлекеттік бағалы қағаздардың пайыздық мөлшерлемесін (МЕОКАМ) ескереді. Тиісті бағалы қағаздар сапасы одан әрі ұдайы талданып отырады.

Өлім-жітім деңгейі ашық қол жетімді өлім-жітім кестесіне негізделеді. Болашақ жалақы мөлшерінің көбеюі және зейнетақы мөлшерінің көбеюі күтіліп отырған болашақ құнсыздану қарқынына негізделеді.

Қолданылған болжамдар туралы әлдеқайда кең ақпарат 21-ескертпеде келтірілген.

Қайта жіктеу

Ағымдағы жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті беру нысаны Топтың қаржылық жағдайы туралы анағұрлым нақты көрініс беретіндігіне байланысты, 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген күнге және аяқталған бір жылға шоғырландырылған есепте оны 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген күнге және аяқталған бір жылға шоғырландырылған есепті ұсыну нысанына сәйкес келтіру үшін жіктеу өзгерістері жүргізілді. Қайта жіктеу Топтың қаржы көрсеткіштеріне әсер етпейді.

82

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Мың теңгемен

	Бастапқы презентация	2011 жылғы 31 желтоқсанға		
		Қайта жіктеу сомасы	Қолд.	Түзетілген презентация
Қаржылық жағдай туралы есеп				
Сауда және өзге дебиторлық берешек	7.689.387	(4.635.164)	[1]	3.054.223
Өзге ағымдағы активтер	262.329	4.635.164	[1]	4.897.493
	7.951.716			7.951.716
Сауда және өзге кредиторлық берешек	15.149.470	(8.603.847)	[2]	6.545.623
Өзге ағымдағы міндеттемелер	3.705.594	8.603.847	[2]	12.309.441
	18.855.064			18.855.064

[1] шектес құбыр жүйелері бойынша қазақстан жүк жөнелтушілерінің мұнайын алдағы тасымалдау үшін басқа мемлекеттердің көлік компанияларына берілген сомалар, сауда және өзге дебиторлық берешектен өзге ағымдағы активтерге қайта жіктелген;

[2] шектес құбыр жүйелері бойынша мұнайды алдағы тасымалдау үшін қазақстан жүк жөнелтушілерінен алынған сомалар, сауда және өзге дебиторлық берешектен өзге ағымдағы активтерге қайта жіктелген;

6. АКЦИЯНЫҢ ТЕҢГЕРІМДІК ҚҰНЫ ЖӘНЕ АКЦИЯҒА ПАЙДА

Акцияға базалық пайда сомалары Топтың бас компаниясы жай акцияларын ұстаушыларға жататын бір жылғы таза пайданы жыл ішіндегі айналыстағы жай акциялардың өлшенген орташа санына бөлу жолымен есептелген. Бөлу нәтижесінде акциялар санының өсуі өткенді шолып есепті кезеңнің басынан және алдыңғы кезеңдер үшін қолданылады.

Компания Топтың бас компаниясы ретінде айырбасталымды қаржы құралдарын шығармайтындықтан Топтың акцияға базалық пайдасы акцияға таратылған пайдаға тең.

Төменде акцияға базалық пайда есептерінде пайдаланылған пайда мен акциялар саны туралы ақпарат келтіріледі.

Мың теңгемен

	2012 ж.	2011 ж.
Топтың бас компаниясы жай акцияларын ұстаушыларға жататын таза пайда	33.501.128	25.945.397
Акцияға базалық пайданы есептеуге арналған жай акциялардың өлшенген орташа саны	349.130.775	338.320.583
Топтың бас компаниясы ретінде Компанияның жай акцияларын ұстаушыларға жататын есепті жылдағы пайдаға қатысты акцияға базалық пайда (теңгемен)	96	77

Төменде Топтың бас компаниясы үшін ҚҰБ талаптарына сәйкес бір жай акцияның теңгерімдік құны келтірілген:

Мың теңгемен

	2012 ж.	2011 ж.
Активтер жиыны	496.450.540	450.028.927
Минус: Материалдық емес активтер	(6.233.226)	(6.229.037)
Минус: Міндеттемелер жиыны	(104.136.477)	(78.530.841)
Жай акциялардың теңгерімдік құнын есептеуге арналған таза активтер	386.080.837	365.269.049
Жай акциялар саны	384.635.599	346.172.040
Бір жай акцияның теңгерімдік құны (теңгемен)	1.004	1.055

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

83

7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Мың теңгемен

	Жер	Құбырлар	Көлік активтері	Фимараттар	Машина-лар және жабдықтар	Технологиялық мұнай	Өзге де	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2011 жылғы 1 қаңтарға қалдық құн	15.944.625	90.937.665	6.796.872	73.078.571	75.020.891	45.090.713	11.085.672	7.567.550	325.522.559
Валютаны қайта есептеудің әсері	32.977	—	359.123	792.840	(903.405)	—	(18.505)	113.176	376.206
Түсімдер	192.386	765.482	616.071	1.766.247	2.010.881	6.945	997.231	28.515.312	34.870.555
Шығарылу	(3.581)	(186.521)	(41.196)	(745.484)	(172.285)	(1.728)	(172.452)	(320.670)	(1.643.917)
Тозу	—	(9.320.851)	(1.094.561)	(6.313.079)	(8.181.093)	—	(1.928.669)	—	(26.838.253)
Шығарылулар бойынша жинақталған тозу	—	161.344	36.832	47.033	95.796	—	121.666	—	462.671
Құнсыздану (пайда мен залал арқылы)	(5.320.693)	(73.367)	(124.319)	(858.623)	(654.279)	—	(19.181)	—	(7.050.462)
Құнсыздану (қайта бағалау резерві)	(136.943)	(244.996)	(142.275)	(5.931.915)	(2.301.384)	—	(34.389)	—	(8.791.902)
Қайта бағалау (қайта бағалау резерві)	—	—	—	—	—	13.582.220	—	—	13.582.220
Құнсыздану бойынша резервті қалпына келтіру (Пайда және залал арқылы)	—	—	—	—	—	175.822	—	324	176.146
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған	17.197	2.896.812	133.304	3.035.890	6.230.224	—	1.474.425	(13.787.852)	—
Материалдық емес активтерге ауыстырылған	—	—	—	—	(4.347)	—	(3.279)	(143.719)	(151.345)
Ауыстырулар және аударымдар	—	(13.002)	(137.151)	6.702.971	(4.585.667)	—	(1.862.025)	(105.126)	—
2011 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құны	10.725.968	84.922.566	6.402.700	71.574.451	66.555.332	58.853.972	9.640.494	21.838.995	330.514.478
Валютаны қайта есептеудің әсері	127.675	—	38.713	179.353	72.790	—	24.926	50.645	494.102
Түсімдер	36.444	1.339	426.863	184.318	1.547.242	2.622	774.205	23.332.530	26.305.563
Шығарылу	(26.442)	(26.078)	(7.321)	(231.653)	(117.953)	(89.182)	(195.720)	(128.190)	(822.539)
Тозу	—	(9.254.120)	(1.020.554)	(5.972.179)	(8.617.312)	—	(2.262.125)	—	(27.126.290)
Шығарылулар бойынша жинақталған тозу	—	9.729	5.134	167.919	80.614	—	181.315	—	444.711
Еншілес ұйымның шығуы (9-ескертпе)	(423.021)	—	(15.099)	(3.813.876)	(773.623)	—	(246.353)	(325.360)	(5.597.332)
Еншілес ұйымның шығуы бойынша болған жинақталған тозу(9-ескертпе)	—	—	2.468	383.117	200.676	—	58.714	—	644.975
Құнсыздану (пайда мен залал арқылы)	—	(244)	(1.388)	(683.880)	(88.863)	(57.574)	(36.387)	(98.288)	(966.624)
Құнсыздану (қайта бағалау резерві арқылы)	—	(1.510)	(24)	(3.831)	(1.565)	—	(94)	(12.689)	(19.713)
Қайта бағалау (қайта бағалау резерві арқылы)	—	—	—	—	—	23.982.196	—	—	23.982.196
Құнсыздану бойынша резервті қалпына келтіру (пайда және залал арқылы)	—	—	—	—	106	200.291	—	—	200.397
Құбырларды жою және жерді қайта өңдеу бойынша резервті тану (26-ескертпе)	—	15.084.384	—	—	—	—	—	—	15.084.384
Аяқталмаған құрылыстан ауыстырылған	22.597	3.107.388	75.255	5.416.807	7.797.758	—	2.165.244	(18.585.049)	—
Материалдық емес активтерге ауыстырулар мен аударымдар	—	—	—	—	(39.794)	—	(16.942)	(212.467)	(269.203)
Ауыстырулар және аударымдар	(1.404)	344.263	(121.015)	(434.115)	56.328	—	155.943	—	—
2012 жылғы 31 желтоқсанға қалдық құн	10.461.817	94.187.717	5.785.732	66.766.431	66.671.736	82.892.325	10.243.220	25.860.127	362.869.105
2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша									
Әділ құн	10.461.817	117.778.752	8.395.851	81.619.611	86.669.540	82.892.325	14.654.033	25.860.127	428.332.056
Жинақталған өтелім	—	(23.591.035)	(2.610.119)	(14.853.180)	(19.997.804)	—	(4.410.813)	—	(65.462.951)
Теңгерімдік құн	10.461.817	94.187.717	5.785.732	66.766.431	66.671.736	82.892.325	10.243.220	25.860.127	362.869.105
2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша									
Әділ құн	10.725.968	99.225.404	7.999.909	80.953.314	78.079.881	58.853.972	12.111.553	21.838.995	369.788.996
Жинақталған өтелім	—	(14.302.838)	(1.597.209)	(9.378.863)	(11.524.549)	—	(2.471.059)	—	(39.274.518)
Теңгерімдік құн	10.725.968	84.922.566	6.402.700	71.574.451	66.555.332	58.853.972	9.640.494	21.838.995	330.514.478

Негізгі құралдар әділ құнындағы өзгерістерге байланысты негізгі құралдар қайта бағаланады. Топ жыл сайын 30 қыркүйектегі жағдай бойынша қайта бағаланатын технологиялық мұнайды қоспағанда, негізінен негізгі құралдарды қайта бағалауды үш жылда бір рет жүргізеді, өйткені мұнайдың әділ құнының ауытқуы мейлінше жиі және

елеулі. 2010 жылғы 31 желтоқсанда қайта бағаланған BИH негізгі құралдарын қоспағанда Топтың негізгі құралдары 2010 жылғы 30 маусымда әділ құны бойынша қайта бағаланған. Қайта бағалау танылған және тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар тәуелсіз бағалаушылар есебі негізінде жүргізілген болатын (5-ескертпе).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қайта бағалау нәтижесінде жинақталған тозу негізгі құралдар теңгерімдік құны есебіне алынды және таза теңгерімдік құн негізгі құралдардың қайта бағаланған құнына келтірілді.

2012 жылы «Құбырлар» тобы бойынша негізгі құралдардың өсуі 15.084.384 мың теңге мөлшерінде құбырларды жою және жерді қайта өңдеу бойынша резервті тануды білдіреді (5,26-ескертпелер).

2011 жылы негізгі құралдардан түсім ілеспе инфрақұрылым объектілерімен және жер телімдерімен бірге Туймазы – Омбы – Новосибирск 2 мұнай құбырынан түскен жалпы сомасы 1.701.149 мың теңге Топтың шығарылған акциялары төлеміне ҚМГ шотына төленген түсімді қамтиды. (19-ескертпе).

2011 және 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс негізінен салынып жатқан өндірістік объектілерді: магистральды мұнай құбырларын (оның ішінде Қазақстан – Қытай магистральды мұнай құбырын салу мемлекетаралық жобасы аясында іске асырылатын Құмкөл – Қарақойын магистральды мұнай құбыры құрылысы), Кеңқияқ БМАС қайта құру, өрт сөндіру жүйесін қайта құру, объектілердің электрмен жабдықтауын қайта құру және басқаларын қамтиды.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс жұмыстары үшін сатып алынған 12.836.006 мың теңге (2011: 10.664.024 мың теңге) сомасындағы материалдар мен қосалқы бөлшектерді қамтиды.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен өтелінген бірақ негізгі құралдардың пайдаланылуында тұрған бастапқы құны мен тиісті жинақталған өтелімін 5.743.628 мың теңге құрады (2011: 1.792.193 мың теңге).

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша уақытша пайдаланылатын негізгі құралдардың теңгерімдік құнын 1.609.715 мың теңге құрады (2011: 1.521.241 мың теңге).

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырдағы негізгі құралдардың құрамына қосылған мұнайдың көлемін 2.181 мың тонна құрады (2011: 2.157 мың тонна).

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 768.463 мың теңге сомаға Қарағанды облысы Атасу ауылындағы балабақшалар кешенін және 37.800 мың теңге сомаға Алматы облысы Үшарал қаласындағы спорт алаңшасын құнсыздандыруға резерв құрылды, себебі бұл объектілер әлеуметтік объектілер болып табылады және бұдан әрі экономикалық табыс әкелмейді. Сондай-ақ 2012 жылы пайда мен залалдар арқылы 160.361 мың теңге сомаға басқа да негізгі құралдардың құнсыздануы танылды, соның ішінде жобалау-іздістіру жұмыстары.

2011 жыл ішінде Топ жалпы сомасы 15.666.218 мың теңгеге негізгі құралдардың құнсыздануын таныды. Бұл ретте, пайда мен залалдар арқылы 7.050.462 мың теңге сомаға негізгі құралдардың құнсыздануы танылды, мұнда VINL негізгі құралдарының құнсыздануы 6.935.566 мың

теңге мөлшерінде, және Компания негізгі құралдарының құнсыздануы 114.896 мың теңге сомаға. Бұдан басқа, Топ пайда мен залалдар арқылы 176.146 мың теңге сомаға Компания негізгі құралдары құнсыздануының қалпына келтірілуін таныды.

Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві арқылы Топ 8.791.902 мың теңге мөлшерінде негізгі құралдардың құнсыздануын таныды, соның ішінде VINL негізгі құралдары 8.103.246 мың теңге сомаға және Компанияның негізгі құралдары 688.656 мың теңге сомаға, бұлардың негізгі бөлігін есептен шығарылуға арналған әрекетте жоқ сұйыққоймалар, Петерфельд МАС және Атырау-Самара мұнай құбырының 2 желінің 26 км сияқты активтер мен негізгі құралдар құрады.

Грузия негізгі құралдарын құнсыздану мәніне тексеру

VINL өзіне ақша ағындарын тудыратын мына бірліктерді қамтиды:

- Батуми мұнай терминалы («БМТ»);
- Батуми теңіз кемежайы («БТК»).

Топ жылда ақша ағындарын тудыратын бөлімшелерді (ЖААТ) құнсыздану индикаторларының болуына қарайды және ЖААТ құнсыздануға бағалау үшін ішкі де және сыртқы да индикаторлардың болуына қарайды. 2012 жылы жүргізілген талдау нәтижесінде құнсыздану анықталған жоқ (2011: Топ екі ЖААТ: БМТ және БМК бойынша құнсыздану индикаторларын анықтады, бұлар жоспарланған түсімнің азаюынан болған).

БТК ЖААТ:

2011 жылғы 30 қыркүйекке БТК ЖААТ Директорлар кеңесі бекіткен 10 жылға қаржы бюджетінің деректері бойынша ақша қаражаты ағынының болжамын пайдалана отырып қолданудан болған құндылық негізінде айқындалды. Ақша қаражаты ағынының болжамды деректері ауыстырып құю деңгейінің төмендегенін көрсету үшін жаңартылған болатын. Ақша қаражаты ағынын болжау кезінде пайдаланылған салық салынғанға дейінгі дисконт мөлшерлемесі 2011 жылы 16,53%-ды құрайды, ақша қаражаты ағындары 10 жылдан артық кезеңге өсудің 1,77% коэффициенті есебімен экстраполяцияланған, ол Грузиядағы 2011 жылғы құнсызданудың орташа ұзақ мерзімді мөлшерлемесіне сәйкес болады. 2011 жылғы талдау нәтижесінде басшылық БТК-ның құнсыздануынан 1.517.224 мың теңге сомасында залалды айқындады, олардың 982.354 мың теңгесі негізгі құралдарға және 534.870 мың теңгесі тиісінше жер пайдалану құқығына бөлінген болатын.

БМТ ЖААТ:

2011 жылғы 30 қыркүйекке БМТ ЖААТ-тың өтелетін құны да Директорлар кеңесі бекіткен 10 жылға қаржы бюджетінің деректері бойынша ақша қаражаты ағынының болжамын пайдалана отырып қолданудан болған құндылық негізінде айқындалды. Ақша қаражаты ағынының болжамды деректері ауыстырып құю деңгейінің төмендегенін көрсету үшін жаңартылған болатын. Ақша қаражаты ағынын болжау кезінде пайдаланылған салық салынғанға дейінгі дисконт мөлшерлемесі 2011 жылы 16,19%-ды құрады. Ақша

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

85

қаражаты ағындарын экстраполяциялау үшін қолданылған 10 жылдан артық кезеңге өсу коэффициенті 1.77%-ды құрайды, бұл Грузиядағы құнсыздандудың орташа ұзақ мерзімді мөлшерлемесіне сәйкес келеді. 2011 жылы талдау нәтижесінде басшылық БТК-ның құнсыздандуынан 14.056.458 мың теңге сомасында залалды айқындады, барлық сома негізгі құралдарға бөлінген болатын.

Активтерді пайдаланудан болған құндылықтарды есептеу кезінде пайдаланылған басты долбарлар

Активтерді пайдаланудан болған құндылықтарды есептеу кезінде ақша ағындарын тудыратын әр бөлімше үшін мына көрсеткіштерге қатысты жасалған долбарлар маңызды болды:

- Дисконттау мөлшерлемелері;
- Жоспарланатын кезең ішіндегі тарифтер; және
- Мұнайды және жүктерді ауыстырып тиеу көлемдері.

Дисконттау мөлшерлемелері

Байланысты тараптардың өзге де ағымдағы міндеттемелері келесі түрде көрсетіледі:

Мың теңгемен

	2012 жылғы 31 желтоқсан	2011 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптардың алдында мұнайдың көлік экспедициясы қызметтері үшін берешегі		
«ҚМГ» жалпы бақылауындағы кәсіпорындардың мұнайдың көлік экспедициясы қызметтері үшін берешегі	4.839.624	3.915.508
	4.839.624	3.915.508

Мың теңгемен

	2012 жылғы 31 желтоқсан	2011 жылғы 31 желтоқсан
Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақылар		
Негізгі басқарушы қызметкерлерге сыйақылар	19.940	4.943
	19.940	4.943
Байланысты тараптардан болашақ кезеңдер табыстарының ағымдағы бөлігі		
«ҚМГ» жалпы бақылауындағы кәсіпорындардың болашақ кезеңдер табыстарының ағымдағы бөлігі	312.365	312.365
	312.365	312.365
Байланысты тараптардың өзге ағымдағы міндеттемелерінің жиыны	5.171.929	4.232.816

Байланысты тараптардың алдындағы болған алдағы кезеңдер кірісінің ұзақ мерзімді бөлігі мынадай берілген:

Мың теңгемен

	2012 жылғы 31 желтоқсан	2011 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптардан болған алдағы кезеңдегі кірістер		
«ҚМГ» жалпы бақылауындағы кәсіпорындардан болған алдағы кезеңдегі кірістер	572.670	885.036
Байланысты тараптардан болған алдағы кезеңдегі кіріс жиыны	572.670	885.036

Топтың байланысты тараптармен 31 желтоқсанда аяқталатын жыл бойы жасалған мәмілелері мынадай берілген:

Мың теңгемен

	2012 жылғы 31 желтоқсан	2011 жылғы 31 желтоқсан
Байланысты тараптарға сату:		
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарға көрсететін қызметтерден түсетін кіріс	68.484.274	66.603.554
«Самұрық-Қазына» тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындарына көрсететін қызметтерден түскен кіріс	7.505.538	9.155.985
Өзге байланысты тараптарға көрсететін қызметтерден түскен кіріс	16.104	—
Бірлескен кәсіпорындардың негізгі қызметінен түскен кіріс	4.937.616	4.372.631
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындардың өзге де қызметінен түсетін кіріс	209.442	373.899
«Самұрық-Қазына» тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындардың өзге де қызметінен түсетін кіріс	—	425
Бірлескен кәсіпорындардың өзге де қызметінен түсетін кіріс	4.209	1.060
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарына негізгі қаражатты өткізу	—	240.093
Еншілес компанияны сатудан түсетін кіріс	11.647.889	—
	92.805.072	80.747.647
Байланысты тараптардан сатып алу		
ҚМГ жалпы бақылауындағы кәсіпорындарынан қызметтер сатып алу	7.222.887	6.812.352
«Самұрық-Қазына» тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындардан қызметтер сатып алу	932.503	1.759.717
Өзге байланысты тараптардан қызметтерді сатып алу	9.015.787	—
«Самұрық-Қазына» тобының жалпы бақылауындағы кәсіпорындардан тауар-материалдық қорларды сатып алу	12.837	5.354
«Самұрық-Қазына» тобының компанияларынан негізгі қаражаттарды сатып алу	—	19.205
	17.184.014	8.596.628

104

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Мың теңгемен

	2012	2011
Банк салымдарынан пайыздық кіріс		
«Қазақстан Халық банкі» АҚ - өзге де байланысты тарап	–	866.619
	–	866.619
Дивидендтерден түсетін кіріс		
Дивидендтерден түсетін өзге де кіріс	–	17.608
	–	17.608
Байланысты тараптардан болған алдағы кезеңдегі кірістердің өтелімі		
Байланысты тараптардан болған алдағы кезеңдегі кірістердің өтелімі	312.365	312.365
Байланысты тараптардан болған қаржы кепілдемелерінің өтелімі	138.570	136.070
	450.935	448.435
Байланысты тараптардан болған пайыздық шығыстар		
«Қазақстан Халық банкі» АҚ - өзге де байланысты тарап	–	6.011
	–	6.011
Байланысты тараптардан болған қаржылық кірістер		
Байланысты тараптардың берешегін дисконттау бойынша кірістер	65.199	9.439
Байланысты тараптардан болған өзге де қаржылық кірістер	8.499	–
	73.698	9.439
Байланысты тараптар бойынша қаржылық шығындары		
Байланысты тараптар берешегін дисконттау бойынша шығындар	–	74.638
	–	74.638

31 желтоқсанда аяқталған жыл бойы негізгі
басқарушы қызметкерлердің мүшелеріне сыйақы
төлеу жалпы сомасына:

Мың теңгемен

	2012	2011
Жалақы	126.329	98.997
Қысқа мерзімді сыйақылар	26.508	37.430
2011 жыл қорытындылары бойынша сыйақылар	101.002	–
Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін төленетін сыйақы	451	1.908
	254.290	138.335
Адам саны	8	7

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

105

38. ЫҚТИМАЛ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Салық салу

Қазақстандық салық салу заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер әрдайым өзгерістер мен әр түрлі түсіндірмелердің мән-мағынасы болады. Жергілікті, облыстық және ұлттық салық органдарының әр түрлі пікірі болуы мүмкін. Қазақстанда қолданыстағы заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылыққа қолданылатын айппұл мен өсімпұл жүйесі өте қатаң.

Айыппұлдық ықпалшараға 2,5-ке көбейтілген, Қазақстан Ұлттық банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 50% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айппұл мен өсімпұл сомалары кез келген есептелген салықтың туындысы болуы мүмкін. Салық салу кезеңдері тексерудің алдындағы жылдың күнтізбелік бес жыл мөлшерінде салық органдары тексеру үшін қол жетімді болады. Белгілі жағдайларда тексерулер ұзақ мерзімді қамтуы мүмкін.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздік нәтижесінде салық, айыппұлдық ықпалшара мен өсімпұл сомасы, егер ондайлар болса, қазіргі уақытқа дейін шығысқа жатқызылатын және 2012 жылғы 31 желтоқсанға есептелген соманы асып кетуі мүмкін.

Басшылық 2012 жылғы 31 желтоқсанға қолданыстағы заңнамаға түсінік беру тиісті деп есептейді және салық бойынша тек осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілгендерді алмағанда Топтың ұстанымы расталады деген ықтимал бар.

Трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау, операцияға қатысушылар байланысты тараптар болып табылатындығын немесе табылмайтындығын назарға алмастан, кең ауқымға таралған және халықаралық бизнеске тура немесе жанама қатысты көптеген операцияларына қолданылады. Трансфертті баға белгілеу бойынша заңнама операцияларға қолданылатын салықтар, «ұзартылған қол» принципі бойынша белгіленген нарық бағаларының негізінде есептелуін талап етеді.

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу туралы жаңа заң 2009 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген. Жаңа заң толық емес және заңның кейбір ережелеріне байланысты прецедент бар. Оның үстіне, заңда әзірлеу кезеңінде тұрған егжей-тегжей жетекшілік ету нормалары жоқ. Нәтижесінде, операцияның аралуан түріне қолданылатын трансфертті баға белгілеу бойынша бақылауды іске асыру реттелмеген.

Қазақстанның трансфертті баға белгілеу туралы заңнамасына байланысты екіұштылықтың болуы салық органдарының Топ ұстанымынан бөлек ұстанымды қабылдауына әкеледі, ол деген 2012 жылғы 31

желтоқсанға қосымша салықтарға, айыппұлдар мен өсімпұлдарға әкеліп соқтырады.

Басшылық 2012 жылғы 31 желтоқсанға қолданыстағы заңнамаға түсінік беру дұрыс деп санайды және салық бойынша Топ ұстанымы құпталады деген ықтимал бар.

Грузиядағы кәсіпорындардың салық міндеттемелері
Грузияның салық кодексіне сәйкес («ГСК»), салық органдары салық салу мақсатында нарық бағаларын пайдалану туралы дәлелденген жазбаша шешім қабылдауға құқылы, егер мәміле байланысты тараптар арасында жасалса.

ГСК-да тауарлар мен қызметтердің нарық бағасын анықтау жөнінде белгілі нұсқау болғанмен, анықтау механизмі жеткіліксіз әзірленген және Грузияда трансфертті баға белгілеу бойынша жеке заңнама жоқ. Осындай түсініксіздіктің болуы байланысты тараптар арасында салық салу мәмілелерін қарастырған кезде салық органдары ұстанымының екіұштылығын тудырады.

Топтың грузиялық еншілес ұйымдарында Топтың шетел еншілес ұйымдарымен, сондай-ақ бір бірімен жасалған мәмілелердің елеулі көлемі бар. Бұл мәмілелер байланысты тараптар арасындағы мәмілелерге жатады және оларға Грузияның салық органдары қарсы болуы мүмкін. Басшылық Топ ұйымдары арасында жасалған мәмілелердегі баға жасалуы нарық талаптарына сәйкес жасалады деген негіздемеге маңызды дәлелдер бар деп есептейді, бірақ нарық бағасын анықтау жөнінде заңнамалық базаның болмағандығынан, салық органдарының ұстанымы Топ ұстанымынан өзгеше болуы мүмкін.

Экспорт пен импортқа жіберетін жүктерді ауыстырып тиеу бойынша Грузиядағы кәсіпорындар қызметіне ҚҚС салу

2011 жылғы 28 қазанда VINL Грузия салық органдарынан (ГСО) Грузиядағы порт операциялары бойынша ҚҚС салумен байланысты кейбір мәселелерге қарасты салық салудың қосымша ұстанымдарын шығаруды сұрады. Басшылық экспорт пен импортқа жіберетін жүктерді ауыстырып тиеу қызметтеріне ҚҚС салу бойынша ГСО-ның ресми ұстанымын білу өтінішін айтты, себебі бұл мәселе бойынша ГСК жағдайы бір мағыналы емес. 2011 жылы талқылау кезінде ГСО ГСК ережелеріне сәйкес экспорт тәртібінде көрсетілген жүктерді ауыстырып тиеу бойынша қызметтер ҚҚС салудан босатылады деген пікір айтты. Басшылық көрсетілген қызметтер үшін тиісті есепшот-фактурасы ресімделгеннен кейін және ауыстырып тиеу қызметі көрсетілгеннен кейін жүктер экспорт тәртібіне жататынын не жатпайтынын анықтағаннан соң, яғни ҚҚС салудан босатылатыны бағаланады деп есептейді.

Бірақ бүгінгі күнге ГСО ұстанымы бойынша ауыстырып тиеу операциялары түсіру, сақтау және тиеу операцияларына бөлінуі керек. Белгілі бір компоненттің ҚҚС

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

салудан босатылуын бағалау осы компонентті ауыстырып тиеу бойынша қызмет көрсету алдында жүк экспорт тәртібінде мәлімделген негізінде жүргізілуі керек. Белгілі компоненттің ҚҚС салудан босатылатынын бағалау осы компоненттің ауыстырып тиеу қызметін жүргізу алдында жүк экспорттық тәртіпте мәлімделгені негізінде жүргізіледі. Егер, мысалы, жүк түсіру алдында экспорттық тәртіпте мәлімделмесе, ауыстырып тиеудің осы компонентіне ҚҚС салынады.

ГСО салықтың соңғы бекітілген жетілдірілген қағидаларын шығарған, бірақ есепті күнге бұл ұстанымдар Топ басшылығына жеткізілмеген. Басшылық ГСО ұстанымына үзілді-кесілді наразылық білдіреді және осы ұстанымдарға қарсы ресми шағым жасауды ойлайды. Есепті күнге басшылық соңғы ұстанымдар әсерінің нәтижесін есептеуге мүмкіншілігі жоқ, себебі бухгалтерлік жазбаларда осы бағаның мақсатына толық ақпарат берілмеген.

Басшылықтың болжалды есептеріне сәйкес салық пайдасының барынша сомасы 3.928 мың долларды құрайды (582.915 мың теңгеге барабар).

Қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемелер

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнама даму үдерісі үстінде, сондықтан үнемі өзгерістерге шалдығады. Заңнаманың өзгеруі нәтижесінде пайда болған ықтимал міндеттемелер толық бағаланбайды. Ағымдағы заңнамаға сәйкес, басшылық Топтың қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижесіне теріс әсер ететін мүмкін әлде ықтимал міндеттемелер болмайды деп есептейді.

Сақтандыру мәселелері

Қазақстан Республикасында сақтандыру саласы даму сатысында, сондықтан әлемнің басқа өңірлерінде таралған сақтандырудың көптеген нысандары бізде әлі қол жетімді емес.

Топ мүлікті сақтандыру, үшінші тұлға алдында Топтың немесе оның қызметіне жататын объектілерде болған апаттан мүлікке немесе қоршаған ортаға залал келтірілгені үшін жауапкершілік артады.

Ковенанттар

Кепілдер
2011 жылғы 31 желтоқсанда Компания ҚЖДЕБ кредиторлық шарт аясында МұнайТас міндеттемелеріне ҚЖДЕБ алдында кепілгер болды. Компания мен ҚЖДЕБ арасында жасалған кепілдік шартына сәйкес Компания шарттың келесі ережелерін сақтау тиіс:

- Өтімділік коэффициенті 1:1-ден кем емес;
- Пайыздар мен табыс салығын алып тастағанға дейін пайда арасалмағы пайыздарға 2:1-ден кем емес; және
- Капиталға деген қарыздың арасалмағы 2:1-ден жоғары емес.

Кепілгер, реттеуші органмен мақұлданбағанша, өз еркімен әрекет жасайтын тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерден өзгеше негізінде жүзеге асатын ешқандай мәмілелерге кірмеуге тиіс. Кепілгер активтердің жалпы көлемінен 30 пайыз жоғары мөлшерде өз активтерін сатпайды, жалға бермейді не қайта құрмайды немесе біріктіру мен қайта құруды жүргізбейді. 2012 және 2011 жылдарғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания шарттың осы ережелерін сақтады.

Шарттық міндеттемелер

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың негізгі құралдар мен құрылыс қызметтерін сомасы 5.607.369 мың теңгеге (2011: 10.267.168 мың теңге) сатып алуға шарттық міндеттемелері болған. Қосымша ретінде, 2012 жылғы 31 желтоқсанда Топ 1.948.794 мың теңге сомаға тауар-материалдық қорды (материалдар мен қосалқы бөлшектер) және өзге де қызметтерді (2011: 2.002.637 мың теңге) сатып алуға міндеттелді.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлесіп бақылайтын компаниялардың негізгі құралдар мен құрылыс қызметтерін сатып алу жөніндегі шарттық міндеттемелерінде Топтың үлесі 11.623.922 мың теңгені (2011: 141.092 мың теңге), материалдар, қосалқы бөлшектер мен қызметтерді сатып алуда 986.037 мың теңгені (2011: 169.364 мың теңге) құрады.

Батуми Теңіз Порты активтерінің экспроприациясы (БТП)

БТП-ны сенімді басқару туралы VINL мен Грузия Үкіметінің арасындағы Келісімге сәйкес, БТП жылына 6 млн. тоннаны құрайтын түсірудің минималды көлемі бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда Грузия Үкіметінің БТП-ның активтерін экспроприациялау құқығы бар. 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, БТП арқылы түсірудің нақты көлемдері 6,750 тоннаны құрағандықтан БТП Грузия Үкіметінің тарапынан мемлекеттік экспроприациялау қаупіне ұшыраған жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

107

39. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелер құрамына саудалық және өзге де кредиторлық берешектер кіреді. Көрсетілген қаржы құралдары ең басты Топтың шаруашылық қызметін қаржыландыруға қолданылады. Топтың тікелей шаруашылық қызметінің нәтижесінде пайда болатын саудалық дебиторлық берешегі, ақша мен ақша баламалары бар.

Топ нарық тәуекеліне бейім, ол пайыздық мөлшерлеменен байланысты тәуекелден, кредиторлық тәуекелден, валюталық тәуекелден және өтімділік тәуекелден тұрады.

Топ басшылары шолу жасайды және осы тәуекелдерді басқару үшін қабылданатын келесі шараларды бекітеді.

Пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекел

Топ пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекелге бейім емес, себебі 2012 және 2011 жылдары құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздары болған жоқ.

Кредиторлық тәуекел

Топ мәмілелерді тек белгілі және несиені өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Топ саясатына

сәйкес, коммерциялық несиенің шартына қарай саудалық операцияларын жасауды қалайтын барлық клиенттер, кредиторлық тексеру рәсімінен өтуге жатады. Сондай-ақ, топқа берешекті қайтармау тәуекелін төмендетуде сенімділікті қамтамасыз ету үшін осындай сатып алушының дебиторлық берешегі үздіксіз мониторингке жатады. Тәуекелдің ең жоғары мөлшері теңгерім құны болады. Топта кредиторлық тәуекелдің маңызды шоғырлануы жоқ.

Топ салымдарды қазақстандық банктерге орналастырады (17 және 18-ескертпе). Топ басшылығы төтенше кредиторлық тәуекелдерді болдырмау мақсатында осы банктердің несиенің мерзімді қарастырады. Топ басшылығы жақындағы халықаралық кредиторлық дағдарыс пен одан кейін болған жергілікті банктердің кредиторлық рейтингтерінің өзгерістері төтенше несиелік тәуекелді ақтамайды деп санайды. Тиісінше, банк депозиттері бойынша құнсыздануға қор керек емес.

Келесі кестеде «Moody's», «Fitch Ratings» және «Standard&Poors» агентінің несиенің рейтингін қолдана отыра есепті күнге банк салымдары бойынша сомалар көрсетіледі.

Мың теңгемен

Банктер	Орналасқан жері	Рейтинг		2012	2011
		2012	2011		
«Халық Банкі» АҚ	Қазақстан	Ba2/Тұрақты	Ba2/Тұрақты	34.783.201	20.112.954
«Қазкоммерцбанк» АҚ	Қазақстан	Ba2/Келеңсіз	Ba3/Келеңсіз	28.543.632	8.253.742
«Цесна Банк» АҚ	Қазақстан	B/Тұрақты	–	7.005.347	–
«Банк Kassa Nova» АҚ	Қазақстан	B/Тұрақты	–	1.000.542	–
TBC Bank	Грузия	B1/Тұрақты	B	258.519	264.597
BNP Paribas	Кипр	–	AA-	142.449	38.881
Bank of Georgia	Грузия	B1/Тұрақты	BB-	106.573	99.131
Bank of Cyprus	Грузия	Сaa2/Келеңсіз	Ba2/Келеңсіз	74.164	195.146
Basis Bank	Грузия	B-	B-	55.171	33.093
Republic Bank	Грузия	–	A+	16.883	15.878
Berenberg Bank	Кипр	–	–	14.773	870.663
«Сбербанк России» АҚ	Қазақстан	Ba2/Тұрақты	Ba2/Тұрақты	4.690	19.562.153
Cartu Bank	Грузия	–	–	1.960	5.046
«RBS Банк Қазақстан» АҚ	Қазақстан	A3/Келеңсіз	A2/Келеңсіз	350	6.059
«Сити Банк» АҚ	Қазақстан	A3/Келеңсіз	A1/Келеңсіз	269	669
«АТФ Банк» АҚ	Қазақстан	B1/Тұрақты	Ba3/Келеңсіз	7	13.321.930
«HSBC Банк Қазақстан» АҚ ЕБ	Қазақстан	–	–	6	–
Procredit Bank	Грузия	BB	BB	–	14.840
ООО «АМТ Банк»	Ресей	–	–	–	4.622
VTB Bank	Грузия	BB	BB-	–	148
Өзге де	Қазақстан	–	–	27.603	168.260
				72.036.139	62.967.812

108

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**Өтімділік тәуекел**

Ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын қолдана отыра, Топ ақша қаражаттарының тапшылық тәуекелдігіне бақылау жасайды. Осы құралдың көмегі арқылы қаржылық инвестициямен және қаржы активтерімен байланысты төлем мерзімі (мысалы, дебиторлық берешек, басқа да қаржы активтері),

сондай-ақ операциялық қызметтен болатын болжамды ақша ағымдары талданады

Келесі кестеде 2012 жылғы 31 желтоқсанға Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзіміне қарай шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы ақпарат берілген

Мың теңгемен

Сұраныс бойынша	<1 жыл	1 жылдан 2 жылға дейін	2 жылдан 5 жылға дейін	>5 жыл	Жиыны	
2012 жылғы 31 желтоқсанға						
Саудалық және өзге де кредиторлық берешектер	–	6.500.714	92.453	178.759	–	6.771.926
Өзге де міндеттемелер	–	2.941.700	–	–	–	2.941.700
	–	9.442.414	92.453	178.759	–	9.713.626
2011 жылғы 31 желтоқсанға						
Несиелер мен қарыздар	–	303.181	–	–	–	303.181
Саудалық және өзге де несиелік берешектер	–	5.288.216	1.257.407	–	–	6.545.623
Өзге де міндеттемелер	–	2.620.037	–	–	–	2.620.037
	–	8.211.434	1.257.407	–	–	9.468.841

Валюталық тәуекелдік

Валюталық тәуекелдікке ұшырайтын, шетел валютасымен берілген активтер мен міндеттемелердің жалпы сомасы төменгі кестеде берілген.

Мың теңгемен

	АҚШ Доллары	Ресей рублі	Еуро	Өзге валюталар	Жиыны
2012 жылғы 31 желтоқсанға					
Активтер	762.486	10.086	11.908	520.206	1.304.686
Міндеттемелер	948.682	77.546	30.076	227.458	1.283.762
2011 жылғы 31 желтоқсанға					
Активтер	1.687.714	16.814	184.906	720.186	2.609.620
Міндеттемелер	440.595	310.262	30.967	290.700	1.072.524

Топтың операцияларымен байланысты валюталық тәуекелдерді төмендетуге ықпал ететін ресми құралдары жоқ. Топта шетел валютасында жасалатын мәмілелермен байланысты тәуекелдер бар. Ондай тәуекелдер АҚШ долларында болатын кіріске байланысты пайда болады.

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі табысының (активтер мен міндеттемелердің әділ құнындағы мүмкін өзгерістерге байланысты) өзге көрсеткіштердің тұрақтылығы жағдайында АҚШ доллары мен ресей рублі айырбас бағамының мүмкін өзгерістеріне сезімталдығы көрсетілген. Топтың капиталына әсер ету жоқ.

Мың теңгемен

	Валюта айырбас бағамының өсуі/ төмендеуі	Салық салуға дейін табысқа әсерету
2012	+1,57%	(2.923)
АҚШ доллары	-1,57%	2.923
2012	+10,74%	(7.245)
Ресей рублі	-10,74%	7.245
2011	+10,72%	133.691
АҚШ доллары	-10,72%	(133.691)
2011	+16,01%	(46.981)
Ресей рублі	-16,01%	46.981

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

109

Капиталды басқару

Капиталды басқаруға байланысты Топтың негізгі мақсаты тұрақты несие төлеу қабілетін қамтамасыз ету және Топ қызметін жүргізу үшін капиталдың барабар деңгейі мен акционердің пайдасын барынша көбейту.

Топ капиталдың құрылымын басқарады және экономикалық жағдайдың өзгеруіне сәйкес оны өзгертеді. Топ капитал құрылымын сақтау немесе өзгерту мақсатында дивидендтерді төлеу мөлшерін реттей алады, акционерге капиталды қайтара алады немесе жаңа акцияларды шығара алады.

2012 және 2011 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдарда объектілерде, саясатта және капиталды басқару үдерістерінде өзгерістер болған емес.

Топ капитал бақылауын қарыз қаражаттары бөлігінің коэффициентімен жүзеге асырады, ол таза берешекті капитал және таза берешек сомасына бөлу арқылы есептеледі. Таза берешекке ақшалай қаражат баламасын алып тастағанда пайыздық несиелер мен қарыздар, саудалық және өзге де кредиторлық берешектер кіреді. 2012 және 2011 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топта үлкен берешек сомасы болған жоқ. Топтың есепті күнге берешектен асатын ақшалай қаражаттың едәуір сомасы бар.

Қаржы құралдарының әділ құны

Төменде Топтың барлық қаржы құралдарының теңгерімдік құны мен әділ құнының категориялары бойынша салыстыру берілген:

Мың теңгемен

	Теңгерімдік құн		Әділ құн	
	2012 жылғы 31 желтоқсан	2011 жылғы 31 желтоқсан	2012 жылғы 31 желтоқсан	2011 жылғы 31 желтоқсан
Қаржы активтері				
Ақшалай қаражат баламасы	18.954.044	21.852.387	18.954.044	21.852.387
Банктік салымдар	53.084.676	41.123.823	53.084.676	41.123.823
Саудалық және өзге де дебиторлық берешектер	2.527.881	3.054.223	2.527.881	3.054.223
Қаржылық міндеттемелер				
Тиянақталған пайыздық мөлшерлемелі қарыздар	—	303.181	—	303.181
Саудалық және өзге де кредиторлық берешектер	6.771.926	6.545.623	6.771.926	6.545.623
Өзге де қаржылық міндеттемелер	3.480.252	3.345.708	3.480.252	3.345.708

Ақша қаражаттарының, банктердегі депозиттердің, саудалық және өзге де дебиторлық берешектің, саудалық және өзге де кредиторлық берешектердің және басқа қаржылық міндеттемелердің теңгерімдік құны қаржы құралдары дерегінің қысқа мерзімді болғанына орай олардың әділ құнына шамамен тең.

Пайыздық қарыздардың әділ құны басым пайыздық мөлшерлемелер бойынша болашақтағы ақшалай қаражаттың ағымын есептеумен саналған.

40. ЕСЕПТІК КЕЗЕҢНЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Есепті күннен кейін Топтың ешқандай елеулі оқиғалары туындаған жоқ.

07

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ
ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ 2012 ЖЫЛЫ
АТҚАРЫЛҒАН
ЖҰМЫС ТУРАЛЫ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ



1. Директорлар кеңесі туралы жалпы ақпарат

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) басқару органы Директорлар кеңесі болып табылады. Директорлар кеңесі өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Жарғыға, Топтық басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Компанияның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Компания Директорлар кеңесінің сан құрамы, өкілеттік мерзімі, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару, Директорлар кеңесі мүшелерінің олардың өз міндеттемелерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту Компания Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Директорлар кеңесі

мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауға тиіс. Қоғам Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Компанияның Директорлар кеңесіне 2 тәуелсіз директор – Дэниель Михалик және Мұстафа Хабиб сайланған. Басқарманы басқарушы Қайыргелді Қабылдин де Компания Директорлар кеңесінің мүшесі және Директорлар кеңесіндегі Компания атқарушы органының жалғыз өкілі болып табылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Нұртас Шмановты қоса алғанда оның басқа үш мүшесі ірі акционердің өкілдері болып табылады.

2. 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі алты мүшеден тұрды, олар мыналар:

АӘТ	Лауазымы
Нұртас Шманов	Директорлар кеңесінің төрағасы
Қайыргелді Қабылдин	Директорлар кеңесінің мүшесі
Ардақ Қасымбек	Директорлар кеңесінің мүшесі
Арман Дарбаев	Директорлар кеңесінің мүшесі
Дэниел Михалик	Тәуелсіз директор
Мұстафа Хабиб	Тәуелсіз директор

Компания Жалғыз акционерінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі шешімімен (№127 хаттама) Компания Директорлар кеңесінің үш жыл өкілеттік мерзімі айқындалды және оның құрамына бес адам сайланды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 19 қазандағы шешімімен (№8/2012 хаттама) Директорлар кеңесінің құрамы 6 адам санында айқындалды. Осы шешіммен тұтас алғанда Компания Директорлар кеңесі үшін айқындалған өкілеттік мерзіміне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде Ардақ Қасымбек сайланды.

3. Директорлар кеңесі мүшелерін іріктеу шарттары

Директорлар кеңесі мүшелерін, оның ішінде тәуелсіз директорларды іріктеу шарттары «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Жарғымен және Компанияның топтық басқару кодексімен анықталған.

Топтық басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі директорлардың тәуелсіздік фактісін белгіледі және Мұстафа Хабиб пен Дэниел Михалик шешім қабылдау

сипаты бойынша тәуелсіз болып табылады деп есептейді. Директорлар кеңесі осы директорлардың тәуелсіз шешімдеріне елеулі әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін әлдеқандай қатынастардың және жағдайлардың болмайтындығын белгіледі.

4. Директорлар кеңесінің құзіреті

Директорлар кеңесі стратегиялық мақсаттарды, дамудың басым бағыттарын айқындайды және Компания қызметінің ұзақ мерзімді келешекке басым бағыттарын белгілейді, алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті қаржылық және адам ресурстарының болуын қамтамасыз етеді әрі өзге де маңызды мәселелерді қарайды.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелер Компания Басқармасына шешу үшін беріле алмайды.

Директорлар кеңесі Компания Жарғысына сәйкес Компания Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға, сондай-ақ Акционерлер жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

5. Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

Директорлар кеңесі, Басқарма және бас директор (Басқарма төрағасы) арасында өкілеттік бөлу Компания Жарғысының 11 және 12-баптарымен айқындалады.

Директорлар кеңесі шешім қабылдаудың бекітілген жүйесіне сәйкес Компания қызметін тиімді басқару және тиісінше бақылау үшін Акционерлер жалпы жиналысының алдында жауапты болады.

Директорлар кеңесі Басқарма қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

6. Директорлар кеңесінің отырыстары туралы ақпараттар

Директорлар кеңесі өз отырыстарын ұтымдылық, тиімділік және реттілік қағидаттарын басшылыққа ала отырып өткізеді.

2012 жылы Директорлар кеңесі бас қосқан тәртіпте өткізілген 13 отырысты және сырттай дауыс беру жолымен 6 отырысты қосқанда 17 отырыс өткізіп, 171-дей мәселені қарады.

7. 2012 жылы Директорлар кеңесі қараған аса маңызды мәселелер

Халықтың жинақтарын капитал нарығына тарту, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мен мемлекеттік және жеке меншік компаниялардың кең шеңберін қор нарығына шығару есебінен Қазақстанның бағалы қағаздар нарығын және тұтастай ел экономикасын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі №1027 қаулысымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдары акцияларының пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасы бекітілді (бұдан әрі – «Халықтық IPO» бағдарламасы).

«ҚазТрансОйл» АҚ «Халықтық IPO» бағдарламасы аясында бағалы қағаздар нарығына бірінші шыққан компания болды.

IPO-ға дайындық Компанияның барлық органының үйлескен жұмысын талап ететін үздіксіз үдеріс болды.

IPO-ға сапалы дайындалуға және ойдағыдай өткізуге әсер ететін басты факторлардың бірі – топтық басқару деңгейі, ол мыналармен бағаланады:

- меншік құрылымының ашықтығы бойынша;
- негізгі топтық рәсімдерді сақтау бойынша;
- қаржылық және қаржылық емес ақпаратты ашу бойынша;
- Директорлар кеңесінің құрамы, өкілеттігі және жұмыс қағидаттары бойынша.

Басқару органы топтық басқару жүйесіндегі маңызды буынның бірі, сондай-ақ Компания мен оның жоғары органының өзара қатынасындағы маңызды құраушысы

енендігін назарға ала отырып, Компанияның Директорлар кеңесі Компанияның IPO-ға шығу үдерісіне белсене қатысты.

Директорлар кеңесі Компанияның жарияланған жай акциялары санын арттыру, ал кейіннен акцияларды, оның ішінде орналастырылатын акциялар санын жарияланған акциялар саны шегінде қор нарығына да орналастыру мәселелерін, оларды орналастыру тәсілі мен бағасын қарады.

Директорлар кеңесі Компанияның құнын бағалау, техникалық аудит, топтық басқару жөніндегі мәселелер қатарын қарады.

Жарғы, Топтық басқару кодексі, Дивиденд саясаты, жаңа редакциядағы Компанияның акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесі, Таза табысты бөлу тәртібі сияқты Компания қызметінің негізін қалаушы құжаттар мақұлданды, сондай-ақ тұтас алғанда Бағдарламаны ойдағыдай іске асыру байланысты болатын өзге де басты мәселелер қаралды.

Компанияның қор нарығына шығуы аясында Компанияның Директорлар кеңесі мүшелері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ менеджментімен топтық басқару жүйесін ізерлеу және жетілдіру, Компанияның құнын бағалау, акцияларды орналастыру құрылымы, Қазақстан қор биржасы листингі үшін қажетті құжаттамаларды дайындау мәселелері бойынша бірқатар кездесулер өткізді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесі осыдан басқа да мынадай мәселелерді қарады:

- Компанияның 2012 – 2022 жылдарға дейінгі даму стратегиясы жобасы;
- өткен жылға шоғырландырылған қаржы есептілігін және жекелеген қаржы есептілігін алдын ала мақұлдау;
- 2011 жылға Компанияның таза табысын бөлу тәртібі және Компанияның бір жай акциясына есептегенде 2011 жылға дивиденд мөлшері туралы Жалғыз акционерге ұсыныс;
- Компания Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау және оның мүшелерін сайлау;
- Компания орталық аппараты қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы схемасын бекіту;
- 2011 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша жалақының айнымалы бөлігін төлеу туралы;
- 2013 – 2017 жылдарға Бизнес жоспарды бекіту;
- 2011 жылға Компания қызметінің басты көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижелері туралы есепті қарау;
- Директорлар кеңесі Комитеттерінің мүшелерін сайлау;
- жасалуына мүдделі болатын мәмілелерді Компанияның жасауы;
- Компания орталық аппаратының құрылымы;
- Компанияның еншілес және бірлескен бақылаудағы ұйымдары қатысушыларының/акционерлерінің жалпы жиналыстарының құзыретіне жатқызылатын мәселелер;
- 2011 жылы жасалған жұмыстар туралы Директорлар кеңесінің және Басқарманың жылдық есебі;

114

- 2011 жылға Компанияның жылдық есебі;
- еңбек қорғауға және өнеркәсіптік қауіпсіздікке байланысты мәселелер;
- 2011 жылға Директорлар кеңесі қызметін бағалау нәтижелері;
- 2012 жылға Компанияның басшы қызметкерлері қызметінің уәжді басты көрсеткіштерін бекіту;
- Компанияның тіркеушісін таңдау.

Директорлар кеңесі Компанияның қызметіндегі басты өзгерістерді және басқарушылық есептілікті ай сайынғы негізде қарайды.

2012 жылы Директорлар кеңесі мынадай құжаттарды бекітті:

- Тәуекелдерді басқару үдерісін ұйымдастыру қағидасы;
- Жаңа редакциядағы активтерді іске асыру қағидасы;
- Тәуекелдерді анықтау және бағалау, тәуекелдерді басқару тәсілдерін таңдау әдістемелері;
- 2012 – 2014 жылдарға тәуекелдерді басқару бағдарламасы;
- Қызметтік және коммерциялық құпияның сақталуын

- қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық;
- Бұзушылықтар туындау тәуекелдерін басқару саясаты;
- Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және Директорлар кеңесінің сыртқы сарапшылар тартуы жөніндегі саясаты;
- Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
- Кадрлар және сыйақылар комитеті туралы ереже;
- Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ереже;
- Басшы және басқарушы қызметкерлерге жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу ережесі;
- «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялары тобының жаңа редакциядағы есеп саясаты;
- Ақпаратты ашу туралы ереже.

Директорлар кеңесінің 2012 жылғы шешімдері туралы қосымша ақпаратқа Компанияның www.kaztransoil.kz сайтында қол жеткізіледі.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесі отырыстарына қатысуы;

Директорлар кеңесінің мүшелері	2011 жылы өткізілген Директорлар кеңесі отырыстарының саны	
	13 – бас қосқан	13 – бас қосқан
Нұртас Шманов	13	4
Қайыргелді Қабылдин	13	4
Ардақ Қасымбек	3	0
Арман Дарбаев	11	4
Дәниел Михалик	13	4
Мұстафа Хабиб	13	4

8. Директорлар кеңесінің комитеттері

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен басқаларымен қатар Директорлар кеңесінің құрамына талаптар белгілеу, сондай-ақ міндетті түрде мына мәселелер жөнінде Директорлар кеңесінің мынадай комитеттерін құру көзделген өзгерістер енгізілген болатын:

- Стратегиялық жоспарлау;
- Кадрлар және сыйақылар;
- Ішкі аудит;
- Әлеуметтік мәселелер.

Осыған байланысты, қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтау және өз қызметтерінің тиімді орындалуына септесу мақсатында Директорлар кеңесі мынадай комитеттер құрды:

- Кадрлар және сыйақылар комитеті (2012 жылғы 15 қарашадағы №15/2012 хаттама);

- Стратегиялық жоспарлау комитеті (2012 жылғы 13 желтоқсандағы №16/2012 хаттама);
- Ішкі аудит комитеті (2012 жылғы 13 желтоқсандағы №16/2012 хаттама).

Комитеттер Директорлар кеңесінің мүшелерінен және комитеттердегі жұмысқа арналған қажетті кәсіби білімдері бар сарапшылардан тұрады. Комитеттердің сан құрамын айқындау, комитеттердің төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару Компания Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Сарапшылар Компания қызметкерлерінің қатарынан сайлана алады және дауыс беру құқығынсыз Комитет отырыстарына қатысады.

Комитеттер мүшелерінің өкілеттік мерзімі олардың Директорлар кеңесі мүшелері ретіндегі өкілеттік мерзімдерімен сәйкес келеді, алайда Директорлар кеңесі жыл сайын қайта қарауы мүмкін.

Кадрлар және сыйақылар комитеті

Комитет мүшелерінің көпшілігі, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Компания Директорлар кеңесінің төрағасы және Компанияның бас директоры (Басқарма төрағасы) Комитет мүшелері болмайды.

2012 жылы аталған комитеттің құрамына екі тәуелсіз директор, атап айтқанда Дэниел Михалик (Комитет төрағасы), Мұстафа Хабиб, сондай-ақ Ардақ Қасымбек кірді.

Комитеттің басты мақсаты Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесі мүшелерін, бас директорды (Басқарма төрағасын) және Басқарма мүшелерін, топтық хатшыны таңдаумен, тағайындаумен (сайлаумен), бағалаумен және сыйақы берумен байланысты өз өкілеттіктерін іске асыруы кезінде септесу болып табылады.

Кадрлар және сыйақылар комитеті отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

2012 жыл ішінде Кадрлар және сыйақылар комитеті 1 отырыс өткізіп, мынадай мәселелер қарады:

- 2012 жылға Компанияның басшы қызметкерлері қызметінің уәжді басты көрсеткіштері тізбесін бекіту мәселесі бойынша ұсыныстар туралы;
- 2011 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша жалақының айнымалы бөлігін төлеу мәселесі бойынша ұсыныстар туралы;
- Компания орталық аппараты қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы схемасын бекіту мәселесі бойынша ұсыныстар туралы.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Комитет Директорлар кеңесінің комитеттегі жұмысқа арналған қажетті кәсіби білімдері бар мүшелерінен тұрады. Бұл орайда Комитет төрағасы тәуелсіз директор болуы тиіс.

2012 жылы аталған комитеттің құрамына екі тәуелсіз директор, атап айтқанда Мұстафа Хабиб (Комитет төрағасы), Дэниел Михалик, Арман Дарбаев және Қайыргелді Қабылдин кірді.

Комитет Компанияның Стратегиялық даму, оның ішінде қызметтің басым бағыттарын айқындау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстарды алдын ала қарау және дайындау жолымен Компания Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін және сапасын арттыру мақсатында құрылған.

Ішкі аудит комитеті

Комитет құрамына кіретін Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі, оның ішінде Комитет төрағасы тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Компания Директорлар кеңесінің төрағасы Ішкі аудит комитетінің мүшесі болмайды.

2012 жылы аталған комитеттің құрамына екі тәуелсіз директор, атап айтқанда Дэниел Михалик (Комитет төрағасы), Мұстафа Хабиб, сондай-ақ Ардақ Қасымбек кірді.

Ішкі аудит комитетінің қызметі сыртқы және ішкі аудит, қаржы есептілігі, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ Компания Директорлар кеңесінің тапсырмасымен басқа да мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған.

Стратегиялық жоспарлау комитеті және Ішкі аудит комитеті қаралып отырған кезеңде отырыстар өткізген жоқ.

Сонымен қатар Директорлар кеңесінің бұрын жұмыс істеп отырған комитеттері мынадай жұмыстар жүргізді.

Тағайындау комитеті

2012 жылы Тағайындау комитеті 9 отырыс өткізді, онда мынадай мәселелер қаралды:

- Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Компанияның, Басқарманың, Басқарма жетекшісі мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі мен оның жетекшісінің қызметін Компания Директорлар кеңесінің бағалау жүргізуі туралы ереженің жобасы туралы;
- 2012 жылға Компания Директорлар кеңесінің жұмысын бағалау жүргізуі туралы;
- 2011 жылға Компания Директорлар кеңесінің қызметін бағалау бойынша кеңесшілік қызметтерді сатып алуға арналған техникалық ерекшеленім шарттарын (оның ішінде тәуелсіз кеңесшілердің тәжірибесі мен біліктілігіне қойылатын талаптар) мақұлдау туралы;
- Компанияның даму жөніндегі басқарушы директоры лауазымына кандидатура туралы;
- бас директордың орынбасары лауазымына С. И. Мұрыновтың және С. Өтеғалиевтің кандидатураларын қарау туралы;
- өндіріс жөніндегі басқарушы директор лауазымына Т. К. Әбдіровтің және Б. Қ. Зәкіровтің кандидатураларын қарау туралы;
- Компанияның Басқарма мүшелерін сайлау туралы;
- Компанияның экономика және қаржы саласындағы басқарушы директоры лауазымына А. Т. Илеуовтың және М.Ә. Есенеевтің кандидатураларын қарау туралы;
- А. Т. Илеуовты Компанияның Басқарма мүшелігіне сайлау туралы;
- Компания Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау және оның мүшелерін сайлау;
- «ҚазТрансОйл-Сервис» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) лауазымына Қ. О. Рыспаевтың кандидатурасын қарау туралы;
- Қ. О. Рыспаевты «ҚазТрансОйл-Сервис» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайлау туралы;
- А. Т. Илеуовты «МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайлау туралы;
- Компания бас директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары лауазымына Р. А. Местоевтің кандидатурасын қарау туралы;
- Компанияның аппарат басшысы лауазымына А. А. Оңғарсыновтың кандидатурасын қарау туралы;
- Компанияның тәуелсіз директоры лауазымына кандидаттар үшін біліктілік талаптарына қатысты ұсыныстар туралы;

116

- Компания Директорлар кеңесінің құрамына және Компания тәуелсіз директоры лауазымына кандидатураларға қатысты ұсыныстар туралы;
- бас директордың бизнесті қолдау жөніндегі орынбасары лауазымына Р. А. Местоевтің кандидатурасын қарау туралы;
- бас директордың тасымалдау жөніндегі орынбасары лауазымына Б. И. Отаровтың кандидатурасын қарау туралы;

Сыйақы комитеті

Есепті кезеңде Сыйақы комитеті 3 отырыс өткізіп, мынадай мәселелерді қарады:

- Компанияның Басқарма мүшелігіне сайлауға ұсынылып отырған А. Т. Илеуовтың лауазымдық айлықақысы мөлшерін және жалақы әрі сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу туралы;
- Компанияның Басқарма мүшелігіне сайлауға ұсынылып отырған С. Өтеғалиевтің және Б. Қ. Зәкіровтің лауазымдық айлықақысы мөлшерін және еңбекақы әрі сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу туралы;
- Компания орталық аппараты қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы схемасын бекіту мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу туралы;
- Компания Басқарма төрағасының және мүшелерінің лауазымдық айлықақысы мөлшерін және еңбекақы әрі сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу туралы;
- Компанияның басшы және басқарушы қызметкерлеріне жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу ережесін қарау туралы;
- 2012 жылға Компанияның басшы қызметкерлері қызметінің уәжді басты көрсеткіштері тізбесін қарау туралы;
- тәуелсіз директорға сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау мәселесі бойынша ұсыныстар туралы.

9. Акционерлермен өзара әрекет

Директорлар кеңесі акционерлермен және инвесторлармен өзара әрекетке ерекше көңіл бөледі. Компания акционерлермен, талдаушылардың және инвесторлардың әртүрлі топтарымен тұрақты кездесулерді, баспасөз мәслихаттарын, стратегиялық жоспарлар және Компания қызметінің нәтижелері тұсаукесерлерін ұйымдастыра отырып, тұрақты сұқбатты қолдайды.

Директорлар кеңесі барлық акционерге бірдей көзқарасқа кепілдік береді және оларға Акционерлердің жалпы жиналысы арқылы Компанияны басқаруға қатысуға, сондай-ақ дивиденд алуға және компания қызметі туралы ақпарат алуға өз құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Компания өз акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында топтық басқарудың және қаржы шаруашылық қызметін ішкі бақылаудың тиімді жүйесін жасады.

Акциялардың Қазақстан қор биржасындағы листингінге байланысты Компанияның акционерлері мен инвесторларына негізделген шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін Компанияға өзінің қаржы жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік құрылымы туралы толық және шынайы ақпаратты уақтылы ашуға бағытталған ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейі қойылады.

Акционерлермен және ықтимал инвесторлармен тиімді қатынас орнату, қызметтің жоғары ашықтық деңгейін ұстау мақсатында 2012 жылы Директорлар кеңесі Компанияның құрылымында арнайы Инвесторлармен байланыс қызметін (IR-қызмет) құрды.

2012 жылғы қазанда Компания мен оның ірі акционері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы арасында өзара қатынас туралы келісім жасалды. Келісім Компания мен Компания мен оның ірі акционері арасындағы өзара әрекет қағидатын айқындайды және Компанияның нарықтық жағдайда барлық акционер мүддесінде өзбетінше қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

10. Тәуелсіз директорларға сыйақы

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу тәртібі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлік қоғамдары тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу ережесімен белгіленген.

Тәуелсіз директорларға Компанияның Жалғыз акционері айқындаған мынадай өтемақылар төленеді:

- тиянақты сыйақы;
- Директорлар кеңесі жанындағы бас қосқан отырыстарға қатысқаны үшін қосымша сыйақы.

Тәуелсіз директорларға Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің тәуелсіз директорлардың тұрақты тұру орнынан тыс жерлерде өткізілетін отырыстарына баруға байланысты шығыстарын (жол жүру, қонақ үйде тұру, тәуліктік) Компания өтейді.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу мына ережелерді орындаған жағдайда жүзеге асырылады:

- Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін Компанияның мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдаланып, адал орындау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Компания Жарғысымен шешім қабылдау кезіндегі басшылық;
- Сырқаттануды, демалысты, іссапарларды және Компания Директорлар кеңесінің барлық сырттай отырыстарына қатысуды қоспағанда бас қосқан отырыстарға қатысу.

2012 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін тәуелсіз директорларға есептелген сыйақылар сомасы, KZT

Тәуелсіз директор	Жылдық сыйақы	Комитеттердің бас қосқан отырыстарына қатысқаны үшін	Жиыны салықты шегергенде	Жиыны салықты қосқанда
Мұстафа Хабиб	9 939 067	1 482 740	11 421 807	12 682 676
Дәниел Михалик	9 939 067	1 482 740	11 421 807	12 682 676
Жиыны:	19 878 134	2 965 480	22 843 614	25 365 353

Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде осы орғандағы жұмысы үшін сыйақы алмайды.

11. Компанияның ұстанымын және оның даму келешегін бағалау

Компания Қазақстан Республикасының магистральды мұнай құбыры жөніндегі ұлттық операторы және аса ірі мұнай құбыры ұйымы болып табылады.

Компания қазіргі кезде Республикада өндірілетін мұнайдың 59%-ына дейін тасымалдауды қамтамасыз ететін қуатты тармақталған магистральды мұнай құбыры желісіне иелік етеді. Мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 2012 жылы 65 795 мың тоннаны, мұнайдың жүк айналымы 42 163 млн. тонна км-ді құрады.

2012 – 2022 жылдарға арналған бекітілген Стратегиялық дамуға сәйкес Компанияның стратегиялық мақсаты нарықтық құнды (капиталдан-дыруды) арттыру және мемлекеттің магистральды мұнай құбырымен мұнай тасымалдау саласындағы стратегиялық мүдделерін мына міндеттерді іске асыру жолымен сақтау:

- мұнай тасымалдау және оның жүк айналымы, су беру көлемдерін арттыру және бәсекеге қабілетті, сенімді және қауіпсіз қызметтер көрсету;
- қызмет тиімділігінің тұрақты өсуі және Компанияның, оның еншілес және бірлескен бақылаудағы ұйымдарының шығындарын оңтайландыру;
- тиімді инвестициялық саясат және ірі көлік жобаларына қатысу;
- тұрақты ақша ағындарын ұстап тұруға бағытталған ойластырылған қаржылық стратегия;
- топтық басқарудың, тәуекелдерді, адам ресурстарын басқарудың, сондай-ақ қауіпсіздік және еңбек қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласында жоғары стандарттарды ұстау.

Жиынтық пайданы арттыру, Компанияның акционерлік құнын көбейту және мұнай тасымалдау жөнінде сенімді, сапалы және бәсекеге қабілетті қызметтер көрсету Компания қызметін бағалаудың қорытынды көрсеткіші болады.

Ұзақ мерзімді жоспарларды іске асырудағы табыс негізінен топтық басқару жүйесінің тиімділігімен және Компания алдында тұрған міндеттерді шешуге бағытталуымен айқындалады.

12. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

Компанияның 2012 – 2022 жылдарға арналған даму стратегиясымен көзделген басқару тиімділігін арттыру саласындағы стратегиялық бағыттардың бірі – ішкі бақылау жүйесін және тәуекелдерді басқару топтық жүйесін дамыту.

